

# ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІ

Қалықұлов Қ.М., Әзіретбергенова Г.Ж.



оқу құралы

Қалықұлов Қ.М.,  
Әзіретбергенова Г. Ж.

# ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТИ

*жоғары оқу орындарының “қаржы” мамандығы  
бойынша оқитын студенттеріне арналған*

*Оқу құралы*

*2 басылым*

Шымкент - 2017

ӘОЖ 336.1(075.8)  
КБЖ 65.290-2 я7  
Қ24

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сенатының қаулысы бойынша іс қағазы баспаға ұсынылған.  
(Хаттама №5 28.04.2017 ж. )

**Пікір жазғандар:**

- Мырзалиев Б.** – экономика ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі, профессор
- Исахметов Т.И.** – экономика ғылымдарының докторы, №3 Колледж МКҚК директоры, профессор

**Қалықұлов Қ.М., Әзіретбергенова Г.Ж.**

Қ24 **Қаржы менеджменті: жоғары оқу орындарының “қаржы” мамандығы бойынша оқитын студенттеріне арналған. Оқу құралы, 2 басылым** - Шымкент, «Әлем» баспасы, 2017. – 104 бет.

ISBN 978-9965-811-35-7

Оқу құралында қаржы менеджментінің анықтамасы, экономикалық ғылымдар жүйесіндегі оның орны баяндалған. Қазақстан Республикасының қаржы секторында болып жатқан қайта құруға байланысты өзгерістер, қаржы менеджеріне қойылатын біліктілік талаптары және кәсіпорындардың ұйымдық құрылымындағы қаржы қызметінің мәні мазмұндалған.

Оқу құралы экономика саласы бөлімдерінің мамандарына, жеке кәсіпкерлерге және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 336.1(075.8)  
КБЖ 65.290-2 я7

ISBN 978-9965-811-35-7

© Қалықұлов Қ.М., Әзіретбергенова Г.Ж., 2017  
© «Әлем» баспасы, 2017

**МАЗМҰНЫ**

<b>Кіріспе</b> .....	5
Тақырып 1 Қаржы менеджментінің мазмұны, қалыптасуы және басқару құрылымы.....	7
Тақырып 2 Қаржы менеджментінің базалық тұжырымдамалары және көрсеткіштері.....	15
Тақырып 3 Қаржы механизмінің нәтижесі. Қарыз қаражаттарын тарту саясаты.....	21
Тақырып 4 Операциялық механизмінің нәтижесі. Фирмалардың ағымдағы шығындарын басқару.....	27
Тақырып 5 Дивиденттік саясат және өндірісті дамыту саясатын басқару.....	38
Тақырып 6 Кәсіпорындардың инвестициялық шешімдерінің стратегиясы.....	44
Тақырып 7 Қаржы тәуекелін басқару.....	51
Тақырып 8 Кәсіпорынның айналым активтерін және қысқа мерзімді міндеттемелерін басқару.....	53
Тақырып 9 Қаржы менеджменті стратегиясы және тактикасының ұштастырылуы.....	61
Тақырып 10 Кәсіпорындағы қаржылық есеп беруді басқару	65
Тақырып 11 Қаржылық жоспарлау және болжау әдістері. Бизнес - жоспар және оның қаржылық аспектілері.....	70
Тақырып 12 Коммерциялық банктердегі қаржы менеджменті	77
Тақырып 13 Қаржы менеджментінің халықаралық аспектілері.....	79
Тақырып 14 Лизинг.....	81
Тақырып 15 Ипотекалық несие.....	83
<b>Курстық жұмыстардың тақырыптары</b> .....	85
<b>Глоссарий / берілген пән бойынша терминдер мен түсініктер</b> .....	87
<b>Әдебиеттер</b> .....	103

*Карл Вебер*

Қаржы менеджментінің тиімділігі көп жағдайларда мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің пәрменділігіне орай айқындалады. Қаржылық бақылау ұйымдарға (заңды тұлғаларға) және жеке кәсіпкерлерге қаржы қатынастарын дұрыс қалыптастыруды және тиісті қаржы міндеттемелерінің шамасын толық есептеп шығаруды міндеттейтін мемлекеттік ықпал ету элементі болып саналады.

Қаржылық менеджмент пән ретінде ХХ ғасырдың 60 жылдары АҚШ-да пайда болған. Онда коммерциялық ұйымның шаруашылық қызметін қаржыландырудың процестері, ұйымды басқару жүйесі ұсынылған. Қаржылық менеджмент даму барысында әзірлейтін мәселелерді елеулі ұлғайтқан - егер ол пайда болған кезде тек қана жана фирмалар мен компанияларды құрудың қаржылық мәселелерін және қаржылық инвестицияларды басқару мен банкротқа ұшырауды зерделесе бүгінгі күнде қаржылық менеджмент мынадай мәселелерге көңіл аударады - қаржылық талдау, инвестициялық менеджмент, тәуекел менеджмент, банкротқа ұшырау кәтері кезінде компанияны дағдарысқа қарсы басқару.

Қаржылық менеджмент – қаржыны басқарудың жалпы жүйесінің міндетті бөлімі. Бұл жүйе екі бөлімнен тұрады: басқару нысаны (басқарылатын қосалқы жүйе) және басқару субъектісі (басқаратын қосалқы жүйе).

Қаржылық менеджментте басқарудың негізгі объектісі ретінде корпорацияның тұрақты ақша ағымы түрінде ұйынлатын ақша айналымы танылады. Ақша айналымын басқару дегеніміз - оның қазіргі және болашақ кезеңдегі мүмкіндік жағдайларын қарастыру және ақша қаражаттардың көлемін, оның шығыстары мен кірістерін анықтап білу.

Қаржылық менеджменттің субъектісі, яғни басқаратын қосалқы жүйесі болып, қаржылық дирекция мен оның бөлімдері және қаржылық менеджерлер табылады. Олар қаржылық менеджменттің мақсатын ұсынады және жүзеге асырады. Қаржылық менеджменттің түпкілікті мақсаты табысты қалыптастыру және

тиімді пайдалану тетігі арқылы сәйкесті қызмет саласында кәсіпорынның бәсекелестік деңгейін көтеру болып табылады.

Мазмұны бойынша, қаржылық менеджмент қаржылық ресурстар қозғалысы мен капиталды тиімді пайдалану және өсіру мақсатымен оларға әсер ететін шаралар кешенін қалыптастыруды ұсынады.

Басқарудың жоғары серпіні, қаржылық ресурстарды бөлу, пайдалану және ақша қаражаттарды оңтайландыру, қалыптастыру саласында сенімді басқару шешімдерін тиімді қабылдау кәсіпорында әрдайым өңдеу және әзірлеу өткен кезең үшін қайталанып отырмайды. Ең алдымен нарықтық экономикаға көшу кезеңіне сыртқы жоғары динамикаға байланысты, біріншіден, қаржылық нарықтың конъюнктурасының өзгерісі ретінде.

Қорыта айтсақ, қаржылық менеджмент кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыру, бөлу, пайдаланумен және оның ақша қаражаттарының айналымын ұйымдастырумен байланысты. Басқару шешімдерін әірлеу және іске асырудың қағидалары мен әдістерінің жүйесін ұсынады.

## Тақырып 1 - Қаржы менеджментінің мазмұны, қалыптасуы және басқару құрылымы

1. Қаржы менеджменті түсінігі, мақсаты мен міндеттері
2. Қаржы менеджментінің қызметтері

**Қаржы менеджменті** - бұл қаржы саясатын жүзеге асыру мақсатында қаржы ресурстарына, қаржы несиелік іс-шараларды қолдану жолдары мен ұйымдары немесе жалпы мемлекетті басқару процесі болып табылады. Қаржыны шаруашылық субъектілерінде басқаратын тұлға қаржы менеджері болып табылады. Халықаралық тәжірибиеде менеджментке келесі түсінік беріледі:

- адамгершілік қарым-қатынас жасау әдісі, үлгісі;
- билік және басқару өнері;
- шеберліктің ерекше түрі және әкімшілік дағды;
- басқару органы, әкімшілік бөлігі;

Қажы менеджментінің негізгі мақсаты - шаруашылық субъектілерінің қаржысын тиімді басқаруды ұйымдастыру және соның нәтижесінде мол табысқа қол жеткізуді қалыптастыру.

### Негізгі міндеттері:

1) кәсіпорын қызметтерін қаржыландыруға байланысты:

- кәсіпорынның пассивтерінің рационалды құрылымын анықтау (меншікті қорлар мен жұмылдырылған қорлардың қатынасы);
- таза пайданы анықтау, дивиденттік саясатты реттеу;
- құны және түрлері бойынша зазмдық құралдардың ең дұрыс құрылымын қалыптастыру;

2) қаржы менеджментінің стратегиясын қалыптастыруға байланысты:

- шаруашылық және қаржылық сипаттағы инвестициялық жобалардың талдауын қалыптастыра отырып, инвестициялық саясат жүргізу;

3) қаржы менеджментінің тактикасын қалыптастыру бойынша:

- кәсіпорынның айналым активтері мен қысқа мерзімді міндеттемелерін жалпы оперативті басқаруды қалыптастыру (ақша қаражаттарын, дебиторлық қарыздарды, шикізат пен дайын өнімді,

ал екінші жағынан кредиторлық қарыздарды, қысқа мерзімді несиелерді басқару болып табылады).

- баға және маркетингтік шешімдерді талқылау және олардың қаржы нәтижесіне әсерін анықтау;


4) қаржы стратегиясы мен тактикасының әсері бойынша:

- кәсіпорынның қаржылық даму перспективасын анықтай отырып, қаржылық жоспарлау мен болжаумен айналысу;

5) ішкі қаржылық бақылауға байланысты:

- бухгалтерлік және оперативтік есеп мәліметтерін талдау, оларға баға беру;

Қаржы менеджментінде қаржылық талдау барысында болжамдық - аналитикалық әдістер қолданылады.



**Сурет 1 - Қаржы менеджментіндегі негізгі болжамдық - аналитикалық әдістер**

Шаруашылық субъектілерінің тиімді қызметі қазіргі нарықтық замандағы кәсіпорындардың тұрақтылық деңгейі мен бәсекелестікке төтеп беру, яғни сол субъектіге қаржыны басқарумен байланысты болады. Ал мемлекет тарапынан алып

қарағанда қаржыны мемлекет, үкімет, президент, қаржы министрлігі және тағы басқалар басқаратыны белгілі.



**Сурет 2 - Қаржы жүйесінің құрылымы**

Қаржы менеджері шаруашылық субъектілерін басқару кезінде менеджмент заңдылықтарының негізінде өз функцияларын атқарады. Қаржы менеджерінің функциялары кәсіпорын немесе мемлекет шегіндегі қаржы саясатына негізделеді. Мемлекеттің қаржы саясатының негізіне алдын-ала қарастырылған ұзақ мерзімге қаржыны қолдану перспективаларын анықтайтын стратегиялық бағдарламалар кіреді. Мемлекеттің немесе шаруашылық субъектілерінің қаржы саясатын жүзеге асыру мақсатында қаржы-несиелік механизм қалыптасады. Қаржы-несиелік механизм - өндірісті тиімді басқарумен байланысты басқару жүйесі болып табылады.

**Басқару функциялары келесілерден тұрады:**


1. Жоспарлау
2. Ұйымдастыру
3. Координация

4. Ынталандыру /мотивизация/

5. Бақылау

**Жоспарлау функциясы** - өндірісті кеңейтуді қалыптастыру функцияларының бірі. Қаржылық жоспарлау елдің экономикасын жоспарлаудың белгілі бір бөлігі болып табылады. Ұйымдардағы жоспарлау сол ұйымның белгілі бір мерзімге арналған бизнес-жоспарымен сипатталады. Ұйымдардағы сақтандыру, несие, дебиторлық және кредиторлық қарыз деңгейлері, активтері мен міндеттемелері алдын-ала жоспарланып бизнес-жоспарда көрсетіледі.

**Ұйымдастыру функциялары** – басқарудың бұл функциясы басқару органдарының жүйесін қалыптастыру және оларды таңдаумен тығыз байланысты. Сондай-ақ әрбір басқару мекемесінің атқаратын қызметі мен құқықтарын анықтайды. Басқаруды ұйымдастыруға байланысты өндіріс нәтижелерін жақсарту үшін қаншалықты жаңа әдістерді ойлап табу мүмкіндіктері қарастырылады.



Сурет 3 - Қаржыны басқарудағы ақпараттық базаның құрылымы

**Координация** - бұл қаржы мекемелерінің ақша қорларының қалыптасу және шығындалу деңгейінің жоспардан ауытқу тенденциясы /өзгерісі/ болып табылады. Сонымен қатар, жоспардан тыс шығындар көп болса не жоспарланған қаржы көлемі түспесе, оған қарсы іс-шараларды қолдан, яғни қосымша қаржыландыру, тиімді несиелендіру көздерін іздестіру жолдары қолданылады.

**Ынталандыру** - қаржылық басқару кезінде қаржы менеджері ұйымдардағы еңбек персоналдарының жұмысқа ынтасын көтеру іс-әрекеттерімен айналасуы керек /сыйақы, материалдық көмек, мақтау, марапаттау және т.б./

**Бақылау** - мемлекеттің бақылау жүйесінің жалпы принциптеріне негізделген қаржылық қатынастар

**Қаржы менеджменті** - бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсаты мен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Бұл орайда қажетті нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты ықпал жасаудың әдістері мен тәсілдері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде басқару қаржы механизмі арқылы оның әдістерінің, тұтқаларының, ынталандырмаларының және санкцияларының көмегімен жүзеге асырылады

**Қаржыны басқарудың мақсаты** макроэкономикалық теңгерілімдікті, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің үйлесуінде (ұштасуында) көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады. Сөйтіп, қаржыны басқару - бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты; қаржы механизмі - бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржы саясаты - қаржыны басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі.

**Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидалар қойылған:**

1. басқарудағы демократизм;
2. қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме (көзқарас);
3. басқарудың ғылымилығы;
4. орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудағы келісушілік;
5. басқарудағы жауапкершілік;
6. шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы;
7. басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі (ұштасуы).

Қаржыны басқарудың екі қырын ажырата білген жөн: біріншіден, мемлекет қаржыны, оның нысандарын экономика мен әлеуметтік сфераны басқарудың тетігі, тұтқасы ретінде

пайдаланады және сөйтіп, қоғамдық өндірістің бүкіл процесіне ықпал жасайды; екіншіден, қаржының өзі басқарудың объектісі болып табылады: қаржы қатынастарының нысандары, ақша қорлары, қаржы аппараты, яғни қаржы мекемелерінің жүйесі басқарылады.

Қаржыны басқаруға ғылыми тәсілдеме қажет, бұл басқару шешімдерін әзірлегенде экономикалық заңдардың талаптары, экономикалық талдау нәтижелері, экономикалық-математикалық әдістер және қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйелері ескеріледі, басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістері ұтымды үйлеседі деген сөз. Қаржыны ғылыми басқару іс-қимылға жаңа қаржы әдістері мен тұтқаларын енгізу немесе ескілерінің жою жолымен келеңсіз құбылыстарды уақытында жеңіп отыруды қажет етеді. Сонымен бірге айқын және дер кезінде экономикалық ақпарат, ғылыми негізделген көрсеткіштер, жоғары сапалы перспективалық және ағымдағы қаржылық жоспарлау талап етіледі.

Қаржы қатынастарының әрбір сферасы мен әрбір буынында басқару субъектілері қаржы мақсатты ықпал етудің өзінше әдістері мен нысандарын пайдаланады. Мысалы, қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы әдістер мен нысандарды (функционалдық элементтерді) бөледі ақпарат, жоспарлау (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Қаржылық ақпараттың ғылыми негізделген жоспарлау мақсаты үшін де, сондай – ақ бүкіл қаржы процесін оперативті басқару үшін де зор маңызы бар. Жоспарлау процесіндегі басқару шешімдері қаржы ақпаратына талдау жасау негізінде қабылданады, ол осыған байланысты жеткілікті толық әрі ақиқат болуы тиіс. Ақпаратты алудың ақиқаттығы мен уақыттылығы негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Қаржылық ақпарат бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп беруге негізделеді.

Жоспарлау (болжау) қаржыны басқарудың жүйесінде маңызды орын алады. Бұл – жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақша қаражаттарының мөлшері және оның көздерін анықтау орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорлары арасында, ұлттық шаруашылықтың салалары мен әкімшілік – аумақтық бірліктері арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімін (пропорциясын) бегілеу ресурстарды пайдаланудың нақты бағыттарын анықтау және т.б.

Ұйымдастыру – басқарудың барлық буындарының жөнге салынғандығын, айқындығын, қаржы ақпаратының жоғары нәтижелігін, басқару қызметкерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді.

Қаржыны басқаруды дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Көбінесе, қаржыны оперативті басқарудың нәтижесі қаржы субъектілерінің – қаржы органдарының, салық комитеттері мен қаржы полициясының және ұлттық шаруашылық салаларындағы қаржы бөлімдерінің толып жатқан аппаратының жұмысының қалай ұйымдастырылып отырғанына байланысты болады. Қаржы аппаратының ұйымдастырылуы дәрежесі жоғары болуы тиіс. Бұл қаржы құрылымдарының барлық қызметкерлерінің біліктілігі мен жеке білгірлігіне жоғары талаптар қояды.

Қаржылық реттеу – бұл жоспарлы тапсырмалардың орындалуы үшін қаржы ресурстарын икемді, шебер жұмсау белгіленген нәтижеден теріс ауытқулардың барлық түрін алдын алуға және жоюға бағытталған; мұның өзі резервтік (сақтық) қорлар, жоспардан тыс қаржы ресурстары, пайданылмаған қаржылар есебінен қызметтердің барлық түрлерінде арақатынас пен үйлесімділікті қамтамасыз етуді білдіреді.

Бақылау басқарудың элементі ретінде жоспарлау процесінде, сонымен бірге оперативтік басқару стадиясында да жүзеге асырылады. Ол қоғамда барлық қаржы процестерін (операцияларын) жүргізудің дұрыстығы мен заңдылығын тексеру және қамтамасыз ету жөніндегі қаржы құқығының нормаларын басшылыққа алып отыратын қаржы аппараттарының қызметін қамтиды. Бақылау қаржы ресурстарын пайдаланудың нақты нәтижелерін жоспарлы көрсеткіштермен салыстыруға, қаржы ресурстарын өсірудің резервтерін айқындауға, шаруашылықты неғұрлым тиімді жүргізудің жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржыны басқаруда басқа кез келген басқарылу жүйесіндегідей басқарудың объектілері мен субъектілері бөлінеді. Объектілер ретінде қаржы қатынастарының сан алуан түрлерін атауға болады, басқаруды жүзеге асыратын ұйымдық құрылымдар субъектілер болып табылады.

Кәсіпорындар қаржысы мен ұлттық шаруашылық саласында қаржыны басқаруды кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің қаржы бөлімдері мен службалары, сондай-ақ

сақталып отырған министрліктер мен ведомстволардың қаржы бөлімдері мен басқармалары жүзеге асырып отырады.

Нарықтық экономиканың қалыптасып, дамуы жағдайындағы қаржыны басқару қаржы бойынша басқару шешімдерін негіздеуді, бүгінде нашар пайдаланып жүрген әдістерді іске асыруды, басқару функцияларының – реттеуді, қаржы нарығын қалыптастыру әдістерінің бір элементі ретіндегі қаржы ресурстарын есебін тауып пайдалануды күшейтуді талап етеді. Бұл жағдайда нарықтық экономикаға көшкен Шығыс Еуропа елдерінің де, сонымен бірге әлеуметтік жағынан бағдарланған нарықтық экономика жағдайында көп жылдар бойы өмір сүріп отырған капиталистік елдердің де дәрежесін ескерген жөн.

Біздің елімізде ықпал етудің бір әдістері тым ұзақ пайдаланылды, бұл әдістер олардың кертартпалығына қарай енді керекті тиімділікті қамтамасыз ете алмады. Басқарудың әкімшілік-әміршілік жүйесі жаңа қаржы тұтқаларын мысалы, амортизациялық аударымдары, әлеуметтік сақтандыруға аударылатын аударымдардың нормаларын және басқаларын жасап, іске қосуды кешіктіреді.

Өткен кездің онтайлы тәжірибиесіне келеңсіз қарау қаржының дамуына, оны басқаруға қайшы келеді: бюджетке төленетін төлемдердің салық нысандары жеткіліксіз пайдаланылады; бюджеттен төленетін субвенциялардан мақсатты жәрдем қаржыдан бас тарту болды және т.т. Осы және басқа себептерге байланысты қаржының рөлі төмендеді. Экономиканы басқаруды қайта құру жаңа қаржы саясатын жасап, жүзеге асыруды, қаржыны басқарудың қағидалы жаңа әдістеріне көшуді талап етеді. Бұл әдістер экономикаға қаржының реттеуші ықпалын күшейтуді қамтамасыз етуі, қоғамдық өндірістің тиімділігін өсіруге, әлеуметтік саланы дамытуға мүмкіндік туғызуы тиіс. Тәжірибие көрсетіп отырғандай, мемлекеттің қаржысын басқарудың қолданылып жүрген жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері бар. Олардың бастыларына мыналарды жатқызуға болады:

Біріншіден, үкіметтік операцияларды қамтудың толық еместігі. Қазіргі кезде үкіметтік операциялардың едәуір бөлігі, биліктің аймақтық және жергілікті органдардың барлық операциялары, қаржы министірлігі тарапынан болатын тиімді бақылаудан тыс қалып қояды. Ең алдымен бұл толып жатқан бұрынғы бюджеттен, тыс қорлардың қаражаттарын, шетелдік

субсидиялар мен нәтижелерді падалану жөніндегі операцияларға, шетел валютасындағы бюджет операцияларына, сондай-ақ мезгілі өткен сыртқы берешекке қызмет ету жөніндегі операцияларға қатысты.

Екіншіден, түсімдерді уақытылы алуға жеткілікті бақылау жасамау. Қайта құрылған қаржы министірлігі бұл проблемаларды ойдағыдай шешуге көмектеседі, мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында салықтық түсімдерді, шығыстарды түзету жүйесіндегі икемділікті бөлуге бақылауды жолға қояры сөзсіз.

Үшіншіден, мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру жүйесінің кемшіліктері. Бұрынғы КСРО – да мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың дәстүрлі көзі ұзақ жылдар бойы Мемлекеттік банктің пайысыз кредиттері, сондай-ақ жинақ банктеріндегі халықтың салымдары болып келеді. Қазіргі кезде бұл көздерді пайдалану қиын мәселе болып қалады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын жабудың баламалы қаржы көзі ретінде пайдалануға болатын мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару бүгінге дейін кеңінен таралмай отыр. Мұның экономикалық дағдарыстар мен инфляция жағдайында заңды екенін мойындауға тура келеді.

## Тақырып 2 – Қаржы менеджментінің базалық тұжырымдамалары және көрсеткіштері

1. Қаржы менеджментіндегі базалық көрсеткіштер
2. Активтердің экономикалық рентабельділігін реттеу жөніндегі негізгі көрсеткіштердің сипаттамасы

Қаржы менеджмент объектісі немесе қаржылық менеджер немен басқарады? деген сұраққа жауап береміз. **Қаржы менеджментінің объектісі** - қаржылық есептер кешені, яғни қаржылық көрсеткіштер, ақшалай табыстар мен шығындар жөніндегі көрсеткіштер және олардың іске асырылуы, кәсіпорынның қаржылық - шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі көрсеткіштер. **Қаржылық көрсеткіштер** - табыс

және түсім, шығын және аударым тиімділігін бағалау - ақшалай қатынастар процесінде қалыптасады.

Басқаруда және шаруашылық - қаржылық қызметті жоспарлауда қаржы көрсеткіштері - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың ақшалай табыстары мен қорланымдарын жасау мен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспарлық, есептік немесе есеп - қисаптық мәліметтер пайдаланылады.



Мұндағы: V<sub>t</sub> – құн; P<sub>m</sub> – ағымдық нарықтық баға.

#### Сурет 4 – Қаржылық активтерді бағалау жолдары

Кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейінде мыналар аса маңызды қаржылық - экономикалық көрсеткіштер болып табылады:

- өнімді (жұмысты немесе қызметті) өткізуден түсетін табыс. Бұл көрсеткіш мақсатта арналымның қорлары бойынша ақша қаражаттарын одан әрі бөлу және пайдалану ауқымдары мен мүмкіндіктерін алдын ала анықтайды;

- шығындардың көрсеткіштері (өткізілген өнімнің өзіндік құны, шығындардың жалпы шығындардағы жеке элементтерінің үлес салмағы, кезең шығысы);

- жалпы табыс;

- таза табыс;

- рентабельділіктің (табыстылықтың) деңгейі;

- амортизациялық аударымдардың мөлшері;

- өндірістік және әлеуметтік дамудың шаруашылық есеп қорларының ауқымы (қорлану, тұтыну, резерв, валюта және оларға ұқсас қорлар);

- жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, банкпен,

бюджетпен, басқа ұйымдармен (несиегерлік және дебиторлық берешек, міндеттемелердің ауқымы, бюджет бойынша берешектер және басқалары) есеп айырысу ахуалының көрсеткіштері;

- айналым қаражаттарының көлемі, сақталымдығы және олардың жасалу көздері;

- айналым қаражаттарына деген қажеттің оның қолда барымен сәйкестігі;

- негізгі және айналым құралдарын пайдаланудың көрсеткіштері (қор қайтарымы, өнімнің қор сиымдылығы, айналым қаражаттары айналымдылығының коэффициенті, айналымның ұзақтығы, айналым қаражаттарының айналымдылығын тездетудің көрсеткіші);

- акционерлік капиталдың ауқымы және дивидендтердің көлемі;

- жалдау ақысының мөлшері және басқалары;

- кәсіпорын қаражаттары өтімділігінің көрсеткіштері.

Активтердің тиімділік деңгейі, кәсіпорындарда инвестициялық шешімдер қабылдауда, қаржылық жоспарлауда, үйлестіруде, сондай-ақ шаруашылық қызметімен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын кәсіпорын, табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң түрде бақылап отырады және сәйкесінше осы нәтижелер негізінде бөлімше басшыларына сыйақылар беріледі. Активтерге немесе жобаларға жаңа қаржы салымдарын салу қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер шешімдер қабылдауда негіз болып табылады.

Қазіргі уақытта қаржыны басқаруды жетілдіру - бұл процесте автоматтандырылған жүйелерді жасап, оларды қаржыны басқаруға ендіру мен үйлестіру негізінде жүргізіліп отыр. Экономикалық - математикалық әдістер мен электронды есептеу техникасына негізделген басқарудың автоматтандыр-ылған жүйелері (БАЗ) қаржыны жалпы басқарудың бір бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі деп қаржыны, қаржы жүйесін тиімді басқаруға мүмкіндік жасайтын есептеу және ұйымдық техниканың, байланыс құралдарының әкімшілік, экономикалық, математикалық әдістерінің жиынтығын айтады. Ол есепке алу, жоспарлау және ұлттық шаруашылықты басқару үшін

ақпаратты жинау мен өндірудің жалпы мемлекеттік автоматтандырылған жүйесінің қосалқы жүйесі ретінде көрінеді.

Қаржыны басқаруда **қаржы есеп-қисаптарының автоматтандырылған жүйесі** (ҚЕАЖ) қолданылады. Ол өзара байланысты, бірлесіп іс - әрекет ететін функционалдық, қамтамасыз етуші, технологиялық қосалқы жүйелерден тұрады.

Ұйымдық тұрғыдан ҚЕАЖ дегеніміз бір – бірімен өзара байланысты мына қосалқы жүйелердің жиынтығы:

1. ұйымдық – экономикалық қамтамасыз ету;
2. ақпараттық қамтамасыз ету ;
3. бағдарламалық қамтамасыз ету;
4. техникалық қамтамасыз ету
5. ұйымдық – құқықтық қамтамасыз ету;
6. технологиялық қамтамасыз ету;
7. кадрмен қамтамасыз ету;

Ұйымдық – экономикалық қамтамасыз етудің қосалқы жүйесі ҚЕАЖ жүйесінде бастысы болып табылады, бюджеттерді жасау және оның атқарылу процесін автоматтандырудың әдістемелік және ұйымдық алғышарттарын жасайды, басқа қамтамасыз етуші қосалқы жүйені үйлестіреді және өзара байланыстарды, ҚЕАЖ – дің барлық деңгейлеріндегі жұмыстың әдістемелік бірлігін анықтайды.

Автоматтандырылған басқарудың орталықтандырылған жүйелерін басқа **автоматтандырылған жұмыс орындарын** (АЖО) ұйымдастыру жолымен жергілікті нұсқалар пайдаланылады. АЖО - кәсіби бағдарланған шағын есептеу жүйесі, микро – ЭЕМ немесе СЭЕМ басқаратын және белгілі бір кәсіп мамандарының жұмысын автоматтандыруға арналған немесе сырттағы техникалық құралдардың кешені. АЖО жабдығының үлгілік құрылымы:

1. микро – ЭЕМ базасында басқарудың құрылғысы;
2. бейнетерминал (дисплей);
3. магнит дискілеріндегі жинақтаушы;
4. деректер жинақталымының клавиатурасы;
5. шағынгабаритті басып шығаратын қондырғы.

АЖО - ның техникамен жарақтауының мұндай құрамы тиісті бағдарламалық құралдарға сәйкес бірқатар экономикалық есептерді шешумен қатар диалогтік тәртіптемеде графиктік, кестелік, мәтіндік құжаттармен жедел жұмыс істеуге, түрлі картотекаларды

жүргізуге мүмкіндік береді. АЖО ақпараттарды түзетіп редакциялауға, тұжырымдар мен қортындыларды қалыптастыруға, мәтінді тіркеуге, аралық және ақтық нәтижелерді талдауға, АЖО – сы бар басқа қызметкерлермен ара қашықтық (дистанциялық) түрде қатынасуға мүмкіндік жасайды.

**Кәсіпорындарды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінде** (КБАЖ) қаржыны басқарудың дербес функционалдық қосалқы жүйесі бөлінеді, онда қаржы - кредитті басқарудың есептері шығарылады. Ол өнім өндіріп, оны өткізудің белгілі бір жағдайында ең жоғары рентабелділікке жету үшін пайдаланылатын шаралардың, әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылады. Қосалқы жүйедегі басқарудың ершелігі ақша қаражаттарының өндірістік капитал мен айналыс капиталының ауыспалы айналымын шарттастырған ақша қаражаттарының өндірістік капитал мен айналыс капиталының ауыспалы айналымын шарттастыратын ақша қаражаттарының ауыспалы айналымын байланысты және басқарудың бұл функциясының көп мақсатты сипатын анықтайды. Қосалқы жүйе ресурстардың жай-күйі мен олардың қозғалысының процестерін сипаттайтын басқару блоктарын қамтиды.

КБАЖ-дағы қаржы есептері ақпараттардың (өндірістің, материалдық ресурстардың, еңбектің және т.т.) аралық массивтерін пайдалану кезінде, яғни басқарудың басқа объектілері бойынша шешілетіндіктен кәсіпорынның әр түрлі құрылымдық бөлімшелерінің АЖО - ны қамтитын және есептеу орталығының ЭЕМ - мен жалғастырылған АЖО - ның желісін құру қажет. Сөйтіп, екі деңгей құрылады: үлкен ЭЕМ - ның ресурстарын қажет ететін есептер шығарылатын жоғарғы деңгей және ДЭЕМ - мен жарақтанған және жергілікті желіге жалғастырылған АЖО болып табылатын төменгі деңгей.

Толып жатқан ақпараттық ағымдар қалыптасатын қаржы жүйесінің төменгі деңгейлерінің техникалық құралдарының кешені құжаттарды жасаудың, көбейтудің, көшірудің, өндеудің, тасымалдау мен сақтаудың түрлі құралдарын, басқару байланысының құралдарын, дабылдама, ақпарат құралдарын пайдалануды қарастырады.

Дербес ЭЕМ - ның, әсіресе кәсіби КДЕЭМ - нің, электронды поштаның, деректер жинақтамасының, мәтін және графиктік ақпаратты өндеу құралдарының, өзге қазіргі ақпараттық

техниканың болуымен байланысты басқару қызметін ұйымдастыруды түбірлі өзгертудің жағдайлары пайда болып отыр. Техникалық құралдар басқару шешімдерінің тікелей процесінде көптен – көп пайдаланылып келеді.

ҚЕАЖ жағдайында қаржыны басқару аппарат жұмысының мазмұнын айтарлықтай өзгеруде. Мамандардың шығармашылық жұмысқа - БАЖ үшін проблемаларды, есептерді және оларды шығару шарттарын эзірлеу мен қоюға, терең экономикалық талдау жасауға және қаржыны оперативті басқарудың барлық буындарында - жергілікті қаржы органдарының бастап Қаржы министрлігіне дейін БАЖ кеңестерінің көмегімен білікті шешімдер қабылдауға уақыты босайды. Қаржы жоспарын орындауға, қаржы тәртібіндегі алшақтықтарды жоюға бағытталған жедел шараларды дер кезінде қабылдау жөніндегі қаржы аппаратының мүмкіндіктері едәуір артады. Қаржы қызметкерлерінің БАЖ – дан алған ақпараттары оларға көптеген нұсқаулар мен оңтайлысын таңдауды есепке алу негізінде қабылданатын басқару шешімдерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта қаржы органдарының төменгі жергілікті органдарының, аудандық және қалалық қаржы басқармаларының жұмысына қаржы есеп – қисаптарын автоматтандыруды енгізу көкейтесті мәселе болып отыр. Іс жүзінде мұндай жұмыс оларды инспекторлар мен экономистердің автоматтандырылған жұмыс орындарын (АЖО) енгізумен басталады, бұл орындарда жеке пайдаланудың микро-ЭЕМ-і қолданылып отыр. Әсіресе, бұл халықтың табыстары жөніндегі мағлұмдамалардың көптеген және үнемі өзгеріп отыратын мәліметтерімен іспеттес болатын салық агенттері үшін өте көкейтесті мәселе.


Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі тұрақты экономика жағдайында ойдағыдай іс - әрекет ететінін айта кету қажет. Тек осы жағдайда ғана қаржы аппараты жұмысының мазмұнын айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік береді.

### Тақырып 3 – Қаржы механизмінің нәтижесі. Қарыз қаражаттарын тарту саясаты

1. «Қаржы механизмінің нәтижесі» түсінігі
2. Қаржы механизмі нәтижесінің деңгейін анықтаудың екі концепциясы
3. Қарыз қаражатын тарту жағдайы және нұсқалары
4. Кәсіпорындар қызметін қаржыландыру көздерінің аймақтық құрылымын қалыптастыру
5. Банктерді таңдау белгілері

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы көздерінің құрамымен емес, сонымен бірге қаржылық есеп берудің активтеріне салудың дұрыстығымен де сипатталады. Сондықтан меншікті қаражаттардың құрылымын бағалаумен қатар кәсіпорынның қарыз-қаражаттарының құрылымы да қарастырылады. Талдау жүргізу үшін қарыз қаражаттарының әрбір баптарының есеп беретін көрсеткіштерін топтық қорытындылырамен сәйкестендіру қажет, олардың базистік көрсеткіштерден ауытқуларын анықтап, қатысты өлшемдердің өзгерістерін көрсету керек. Кәсіпорын есепті жылы ұзақ мерзімді ғана емес, қысқа мерзімді несиелерді де қатыстырмаған. Басқа сөзбен айтқанда, қатыстырылған капитал кредиторлық борыштан тұрады, яғни ағымдағы міндеттемелер кредиторлық борышқа тең.

1. Дебиторлық және кредиторлық борыштың қатынасы 2:1 болуы керек деп ұсынылған. Егер кредиторлық борыш дебиторлық борышпен қамтамасыз етілмеген болса, онда бұндай жағдайды жағымсыз деп айтуға болады, себебі ол өзіндік қаражаттың әлде бір өтімді бөлігінің ақшаға айналуын бәсеңдетуі мүмкін. Егер кәсіпорынның коммерциялық несиесі дамыған болса, онда дебиторлық борышы қатты өсіп кетіуі мүмкін. Кредиторлық борыштың өсіп кетіуі қаржылық жағдайды нашарлатпайды, себебі кәсіпорын бұл борышты зерттеліп жатқан уақытта қатыстырылған қаражат көздері ретінде пайдаланып жатыр деп айтуға болар еді.



**Сурет 5 - Қаржылық-шаруашылық қызметті талдаудың әдістемелік мазмұны**

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады; ол жыл сайындағы Жолдауында ағымдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай биліктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Экономикалық заңдармен анықталатын қоғамдағы өндірістік қатынастар категориялар арқылы көрінеді. **Экономикалық категориялар** - бұл біркелкі экономикалық қатынастардың көрінісі, бұл қатынастар экономикалық өмірдің белгілі бір жағын сипаттайды және абстракты, қорытынды түрде көрінеді; оларға баға, қаржы, сақтандыру, кредит, табыс( пайда) т.т. жатады.

Қаржы, экономикалық категория ретінде, экономикалық заңдардың (құн заңының, сұраным мен ұсыным заңының, қажеттіліктердің жоғарылау заңының, өндірістік қатынастарының өндіргіш күштердің сипатымен даму деңгейіне сәйкестік заңының, уақытты үнемдеу заңының) іс әрекетіне негізделеді.

Қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде қаржы механизмі арқылы іске асырылады. Ол қаржыны ұйымдастыру, жоспарлау және басқару түрлерінің, нысандарының және әдістерінің жүйесі болып табылады. Қаржы механизмі арқылы шаруашылық жүргізудің түрлі деңгейлерінде және қызмет сфераларында экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік бағдарламаларын орындау үшін мақсатты ақша қорлары мен ақша қорланымдарын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қаржы қатынастары басқарылады.

Бірақ тауар, жұмыс және қызметтер үшін ғана емес, бюджет пен еңбекақы бойынша есеп айырысуда да үлкен кредиторлық борыштың болуы кәсіпорынның жұмысы мен жалпы оның қаржылық жағдайын тиімсіз жағынан сипаттайды. Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері таурлы – материалдық қорлардың, олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілу дәрежесін көрсететін көрсеткіштер. Тауарлы материалдық қорлардың қалыптасу көздерін сипаттайтын үш негізгі көрсеткіш анықталады:

1. Меншікті айналым капиталының бар болуы;
2. Таурлы - материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздерінің бар болуы;

Тауарлы - материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері.

Тауарлы - материалдық қорларды, олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуінің үш көрсеткішін есептеу кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның тұрақтылық дәрежесі бойынша келесі 4 типке бөлуге мүмкіндік береді:

- 1) қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы;
- 2) қаржылық жағдайдың қалыпты тұрақтылығы;
- 3) тұрақсыз қаржылық жағдайы;
- 4) дағдарысты қаржылық жағдайы.

Тауарлы материалдық қорлардың қалыптасу көздерімен қатар қаржылық жағдай үшін барлық айналым капиталының, әсіресе тауарлы-материалдық қорларға қатысты азаюымен көрінетін

материалды айналым қаражатының айналымдылығы маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі - Үкіметтің бас банкирі, қаржы кеңесшісі және агенті. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы» Заңында былай жазылған: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басқа елдердің орталық банктерімен және басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен басқа да қаржы-несие ұйымдарында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттерін орындау кезінде пайда табу мақсатын басшылыққа алмауға тиіс.

Коммерциялық және басқа да несиелік мекемелер өз клиенттеріне - шаруашылық субъектілері мен халыққа не жасаса, Ұлттық Банк те соны жасайды. Оның клиенттері – коммерциялық банктер және басқа да несиелік мекемелер. Осыдан келіп, Ұлттық Банкті «банктердің банкі» деп атайды.

Ұлттық Банк «банктердің банкі» қызметін атқару үшін:

- коммерциялық банктердің резервтерін сақтайды;
- коммерциялық банктерге қысқа мерзімді қажеттіліктеріне байланысты қысқа мерзімді қарыздар береді;
- жалпы ұлттық ауқымда қолма-қолсыз есеп айырысуларды жүзеге асырады;
- банктердің қызметіне қадағалау және бақылау жүргізеді.

Ұлттық банк “Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы” Заңға сәйкес мынадай қызметтер мен операциялар орындайды:

- айналыстағы ақша массасының көлемін реттеу жолымен ҚР-да мемлекеттік ақша-несие саясатын жүргізеді, ҚР аумағында банкноттар мен монеталарды айналысқа шығарушы жалғыз эминент болып табылады;
- банктердің жұмысына және шетелдік валютаны сатып алу, сату және айырбастау ұйымдарына бақылау мен қадағалау;
- ҚР-да ресми мөлшерлемелерді өзгерту арқылы банктік пайыз мөлшерлемелердің деңгейін реттеуді жүргізеді;
- ҚР-да валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асырады және валюталық операциялардың барлық түрін жүргізуге

құқылы;

- Қолма-қол банкноттар мен монеталарды есепке алу, сақтандыру, тасу және инкассациялау ережелерін бекітеді;

- ҚР-ғы банктер жүйесіне кадрларды даярлауға қатысады;

Реттеу облысында ҚР Ұлттық банкі келесі функцияларды орындайды:

- валюталық қатынастар, банктік есеп айырысуларды ұйымдастыру, несие, ақша айналысы саласында мемлекеттік саясатты өңдейді және жүргізеді, Қазақстанның экономикалық даму мақсаттарына жетуге ықпал етеді;

- ақшалай, несиелік және банктік жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Ұлттық банктің негізгі қызметтеріне келесілер жатады:

- ақша-несиелік реттеу;
- несиелік ақшаларды эмиссиялау;
- несиелік мекемелердің қызметіне бақылау жасау;
- басқа несие мекемелерінің кассалық резервтерін сақтау;
- коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру;
- Үкіметтің несиелік-есеп айырысуын қамтамасыз ету;
- Алтын валюта резервтерін сақтау.

Сонымен қатар Қазақстанның Ұлттық банкі:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-несие саясатын жүргізеді, банкноттар мен тиындардың Қазақстан Республикасының аумағындағы бірден-бір эмитенті болып табылады, бағалы қағаздар эмиссиясын жасайды;

- Қазақстан Ұлттық Банкі эмиссия жасайтын бағалы қағаздар мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады және олар жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкі міндеттемелер алады;

- Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетеді;

- банктерге, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғаларға несие беруге құқылы. Банктер үшін соңғы сатыдағы кредитор болып табылады;

- Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейтін тәртіппен және шартпен банктердің және басқа ұйымдардан алған несиелері

бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі алдындағы борыштарын қайта құрылымдауға құқылы;

- банк операцияларының мынадай түрлерін жүргізу тәртібін айқындайды: банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу; жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты мөлшері көрсетіледі; кассалық операциялар; аударымдық операциялар; есепке алу операциялары; банкаралық клиринг; төлем карточкаларын шығару; банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау; шетел валютасымен айырбас операцияларын ұымдастыру; аккредитив ашу (ұсыну) және растау мен ол бойынша міндеттемелерді орындау, сондай-ақ чек кітапшаларын шығару тәртібін айқындайды;

- Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) банк операцияларының және банктер үшін сейф операцияларының жекелеген түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия беру мүмкіндігі туралы қорытынды береді, сондай-ақ осындай қорытынды берудің тәртібін айқындайды;

- қаржы нарығындағы сыйақының нарықтық ставкаларына ықпал етуді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасында ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру тәртібін, жүйесі мен нысанын белгілейді, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында Қазақстан теңгесімен ақша аударымдарының уақтылы және кідіріссіз жүргізілуін қамтамасыз ететін төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асырады, банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздері пайдаланатын автоматтандырылған жүйелер мен банк ақпаратын қорғаудың сенімді, қауіпсіз болуын қамтамасыз ету жөніндегі ең төменгі талаптарын белгілейді.

## Тақырып 4. Операциялық механизмінің нәтижесі. Фирмалардың ағымдағы шығындарын басқару

1. Кәсіпорын шығындарын жіктеу
2. Операциялық механизмі нәтижесінің түсінігі
3. Операциялық талдаудың элементтері
4. Қаржы тұтқасы және операциялық нәтиженің тужырымдамасы
5. Терең операциялық талдау және оның кәсіпорынның ассортименттік саясатын қалыптастырудағы мәні

**Кәсіпорын** экономиканың негізгі буыны ретінде меншік нысандары мен шарушылық жүргізудің әр алуандығы, тауар-ақша қатынастары мен нарықтың дамуы кезінде жұмыс істейді.

Кәсіпорындарды ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша олардың қаржысын ұйымдастырудағы айырмашылықтарға: капиталдың қалыптасуымен, өндірістік-шарушылық қызметін қаржыландыруға шаруашылық жүргізудің нәтижелеріне әкеп соғады.

Меншік нысандарына қарай шаруашылық жүргізуші субъектілер қорларын қалыптастырудағы ерекшеліктері болады. Мысалы, өндірістік кәсіпорындардың қаржы қорлары мына көздер есебінен құрылады: меншікті көздер (амортизациялық аударымдар, таза табыс); банк кредиттері; бағалы қағаздар шығарудан түсетін қаражаттар; мемлекеттік кәсіпорындарда қаражаттардың бұл көздері қажет жағдайларда бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан қаржы бөлумен толықтырылады; кооперативтерге – кооператив мүшелерінің үлестік жарналарының қаражаттары. Тәжірибеде, көбінесе, меншіктің аралас нысандарымен шарттасылған қорлардың көздері бойынша олардың құрудың аралас нысандары кездеседі. Мысалы, негізгі құралдар мен айналымдағы активтердің үлкен бөлігі мемлекетке жататын мемлекеттік кооперативтерде қызметкерлердің үлестік жараналары болымсыз рөл атқарады. Мемлекеттік акционерлік қоғамдарда да осылай.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін жалға бергенде айрықшалықты төлем жалға берілген мүлік құнының амортизациялық аударымнан, жалға беру мерзімінің өтуіне қарай

объектілерді жөндеу үшін жалдаушының жалға берушіге беретін қаражаттарын, жалға алынған мүлікті қоғамдық қажетті пайдалануға түсетін пайданың бір бөлігін кірістіретін жалгерлік ақы қолданылады.

Өндірістің бастапқы қорларының қалыптасуына сәйкес шаруашылық қызметінің мынадай қаржылық нәтижелері бөлінеді және пайдаланылады, таза табыс, пайыздық табыс дивидендтер үлестік табыстар, бюджеттің және бюджеттен тыс қорлардың шығыстарын өтеу.

Үлестік жарна негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындар – шаруашылық серіктестіктерінің кооперативтердің, бірлескен кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру мұндай кәсіпорындар қаржысының қалыптасу және алынған табыстарды әрбір қатысушының мүліктегі үлесіне сәйкес кейінгі бөлудің ерекшеліктерімен анықталады. Мұндай кәсіпорындардың құрылтайшылары мен қатысушылары өздерінің жарналарын ақша қаражаттары, мүліктің әр түрлі түрлері (үйлердің, ғимараттың, жабдықтың және басқаларының), мүлікті құқықтар (жерді, табиғи ресурстарды, мүлікті, зияткерлікті (интеллектуалдық) меншікті пайдалану құқықтары) түрінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Шаруашылық серіктестіктері туралы» заң күші бар жарлығына сәйкес шаруашылық серіктестігі – жарғылық капиталы құрылтайшылардың салымдарына бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру болып табылатын коммерциялық ұйым.

**Шаруашылық серіктестіктерінің мынадай нысандары белгіленген:**

- 1) толық серіктестік;
- 2) сенім серіктестік;
- 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 5) акционерлік қоғам;

Толық серіктестіктің пайдалы мен залалдары қатысушылар арасында, егер құрылтайшылардың шартында немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, олардың серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесінің мөлшеріне бара-бар бөлінеді, сенім серіктестігі мен жауапкершілігі шектеулі серіктестікте де осылай бөлінеді.

Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттары тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды ұйым (тұлға) акционерлік қоғам деп танылады.

Қаржы қатынастарының акционерлік қоғамға сәйкес белгілі бір ерекшеліктері акцияларды өндірістік және коммерциялық қажеттіліктерді қаржыландыру ретінде қолданғанда көрінеді. Бұған акционерлік қоғамдар қызметінің ұйымдық нысандарының әр алуандағы мүмкіндік туғызады: олар ашық немесе жабық үлгіде (яғни иелердің шектеулі тобының ішінде акцияларды тартумен), толық немесе жауапкершілігі шектеулі қоғам болуы мүмкін. Қаржыны ұйымдастыруға акционерлік категорияларының (кәсіпорынның акциялары, еңбек ұжымының акциялары, акционерлік қоғамдардың акциялары), олардың түрлерінің (артықшылықты, атаулы, ұсынушыға арналған акциялар) әр алуандығы әсер етеді. Акционерлеу механизмі «Қаржы рыногі» тарауында неғұрлым тоық жазылған.

Акционерлік қоғамның баланстық таза табысы заңнамамен қарастырылған тәртіппен анықталады. Таза табыс (салықтарды төлегеннен кейін) қоғамның қарамағында қалады және акционерлердің арасында дивидендтер түрінде бөлінеді, резервтерге, өндірісті дамытуға немесе қоғам жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға аударылады. Ашық акционерлік қоғам жарғылық капиталдың 15 пайызын кем емес мөлшерде резервтік капитал құруға міндетті.

Акционерлік қоғамның мынадай жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге құқығы жоқ:

- 1) қоғамның жағымсыз меншікті капиталы кезінде;
- 2) егер қоғам төлеу қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі нысандарына жауап берсе.

Қоғам жарғыға сәйкес салықтарды төлегеннен кейін қызметшілер ішінде бөлу үшін табыстың белгілі бір пайызын, соның ішінде ақшалай сыйақы немесе акциялар түрінде бөле алады. Дивидендтер акциялар түрінде (табыстың капиталға айналуы), облигациялармен, тауарлармен, егер бұл жарғыда қаралса, төлене береді.

Меншіктің акционерлік нысаны экономикалық жағынан дамыған елдерде тиімді жұмыс істеуде және дүниежүзілік практикада көпшілікке танылған нысан болып табылады. Ол ұсақ

меншік иелерінің көпшілігін – акция ұстаушыларды қазіргі кезеңде неғұрлым тиімді кәсіпорындардың немесе салалардың қаражаттарын қалыптастыруға қатысуға араластырады, қаржы ресурстарының қызметтің аса басымырақ сфераларына қайта құйылымына мүмкін жасайды.

Нарық жағдайында акционерлік қоғамдардың басқа ұйымдық - құқықтық нысандарға қарағанда айтарлықтай тұрақтылығы болады. Бұзған табысты қоғамның қалыптасу мүддесіне бөлуден уақытша бас тарту, рынокті жеңіп алу, неғұрлым тұрақты табыстылықты қамтамасыз етуге және келешекте табыстың айтарлықтай өсуіне жетуге бағытталған қосымша күрделі жұмсалымды жүзеге асыру есебінен қол жетеді.»Шектеулі жауапкершілік» қағидатының, яғни тек акцияларға салынған қаражаттар бойынша материалдық жауапкершіліктің іс-әрекеті жеке қаражаттардың негізінде пайда бола алмайтын жеткілікті тәуекелдік кәсіпорындарды (тез қайтарым мен жоғары табыстылық алу тұрғысынан) құрудың алғы шарты болып табылады.

Экономикада едәуір орынды мемлекеттік сектор алады. Бұл секторға кәсіпорындардың мынадай түрлері жұмыс істейді:

1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар; бұл құқық мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын заңнамада белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады;

2) жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар. Бұл құқық қазыналық кәсіпорынның меншік иесінен алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмалары мен мүліктің мақсатына сәйкес заңнамалық актілерде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын заттық құқық болып табылады.

Мемлекеттік меншіктің түріне қарай кәсіпорындар:

1) республика меншігіндегі кәсіпорындар – республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

2) коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар – коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді;

Басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған мемлекеттік кәсіпорын еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорын үшін мемлекеттің тапсырмасын орындау міндетті болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі міндет – мақсаты қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын мынадай әлеуметтік – экономикалық міндеттерді шешу болып табылады, олар:

1) мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету қоғам мүддесін қорғау;

2) экономиканың жеке меншік секторы қамтыған немесе жеткіліксіз қамтылған қоғамдық өндірістің сфералары мен салаларында бірінші қажеттілікті тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе мемлекеттің функциясы болып табылатын сфералардағы қызметті жүзеге асыру.

Кәсіпорынға қатысты уәкілді орган меншік иесінің және мемлекеттік басқару органдарының басқару функцияларын орындайды.

Меншік иесі кәсіпорынды құру, оның қызметінің предметі мен мақсаттары, қайта ұйымдастыру және тарату, мүліктің сақталуын бақылау мәселелерін шешеді. Меншік иесінің кәсіпорын мүлкін пайдаланудан түскен пайданың бір бөлігін алуға құқығы бар.

Меншік иесіне аударуға жататын пайданың үлесі уәкілді органның қаржы министрлігімен келісілген пайданы бөлудің жыл сайын анықталатын пайданы бөлу нормативінде белгіленеді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін негізгі құрал-жабдықтар мен айналым қаражаттары, сондай-ақ кәсіпорынның дербес балансында көрсетілген құндылықтар құрайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті (ақшалай табыстарды қоса), заңдармен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметтің сан алуан сферасында құрылып, іс-әрекет етуі мүмкін.

Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері кәсіпорынға берілетін мүліктің жалпы құнынан аспауы және ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің 1000 мөлшерінен кем болмауы керек.

Кәсіпорын оның жарғысында көрсетілген мөлшерде резервтік капиталды қалыптастыруға міндетті және ол жарғылық капиталдың 10 пайызынан кем болмауы керек, оның қарамағында қалған

пайданың кем дегенде 5 пайызы осы мақсатқа жұмсалуы тиіс. Резервтік капиталдың қаражаты тек қана залалдарды жабуға, бюджет алдындағы міндеттемелерді орындауға, мемлекеттік кредиттерді өтеуге және басқадай қаражаттары жеткіліксіз болған жағдайда пайыздық өтем төлеуге жұмсалады.

Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (атқарылатын жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бағаларын уәкілді органның келісуі бойынша жоғарыда айтылған талаптарды ескере отырып белгілейді.

Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыстан тыс өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын өзі дербес белгілейді.

Кәсіпорын өз қызметінен алған меншікті табыстар есебінен ұсталады. Мемлекеттік кәсіпорынға қаражат заңнамада көзделген тәртіппен беріледі.

Кәсіпорын иесіне аударылуға тиіс пайданың үлесі жыл сайын уәкілді орган қаржы министрлігінің (тиісінше-оның жергілікті органдарымен) келісімі бойынша белгіленетін пайданы бөлудің нормативінде көрсетілуі және тиісті бюджеттердің кірісіне аударылады.

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын қазыналық болып табылады.

Қазыналық кәсіпорындар заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) төтенше және авариялық жағдайларда кен-құтқару және өзге де арнаулы жұмыстарды орындау, өрттен, су тасқынынан және басқа сұрапыл апаттардан қоғау;

2) заңнамада қаржыландырудың арнаулы тәртібі белгіленген мемлекеттік автомобиль жолдарының және басқа инфрақұрылым объектілерінің жүйесін ұстау мен дамыту;

3) пошта байланысы мен телекоммуникация, жалпы республикалық және халықаралық байланыс желісін пайдалану саласындағы қызмет;

4) топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу;

5) денсаулық сақтау, табиғатты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, ғылым мен мәдениет сферасында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін құрыла алады.

Қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағаларын

уәкілді орган белгілейді. Қазыналық кәсіпорындардың қызметі уәкілді орган бекітетін смета бойынша өз табысының есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорынның меншікті табыстары оның шығындарын жабуға жеткіліксіз болған жағдайда қажетті жетпеген қаражаттар тиісті бюджеттен бөлінеді.

Қазыналық кәсіпорынның табыстары тиісті бюджетке аударылуға жатады.

Еншілес кәсіпорын- өз мүлкінің есебінен басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған заңды тұлға. Еншілес кәсіпорындар құру құқығын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар ғана пайдалана алады.

Еншілес кәсіпорындар негізгі кәсіпорынды, соның ішінде монополияға қарсы заң талабы күшіндегі кәсіпорынды ықшамдау, негізгі кәсіпорынның филалдарын дербес заңды тұлға етіп қайта құру, негізгі өндірістің тиімділігін арттыру үшін қосымша және мамандырылған өндіріс құру, негізгі өндірісті оған тән емес қызмет пен функция түрлерінен босату мақсатында құрылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің тиімді ұйымдық-құқықтық нысандарының бірі шетелдік фирмалар қатысқан бірлескен кәсіпорындар болып табылады.

Қызметтің түрлі сипатындағы-өндірістік, сауда-саттық, сервистік бірлескен кәсіпорындар ұйымдастырылады. Бірлескен кәсіпорындар қолданыстағы заңдарды сақтау, меншікті жоспарлар, коммерциялық есеп, өзін-өзі өтеу және қаржыландыру негізінде жұмыс істеуі, ортақ жарғылық капиталы, дербес балансы болуы тиіс. Бірлескен кәсіпорындардың салымдары (жарналары) есебінен құрылады. Бірлескен кәсіпорындар заңнамамен белгіленген салықтарды төлейді, бірлескен кәсіпорын жойылғанда оның резервтік капиталының пайдаланылмаған сомасына қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша салық салынады. Республикада шетелдік фирмалар қатысқан бірлескен кәсіпорындарды құрудың және олардың іс-әрекет етуінің тәртібі заңнамамен белгіленген.

Кәсіпорын капиталындағы үлес уағдаластық бойынша анықталады. Әріптестерге қажетті кепілдіктер, соның ішінде олардың салықтарды, төлегеннен кейін қалған табысының (пайдасының) бір бөлігін валюта түрінде шет жаққа аударуға, ұлғаймалы өндіріске жұмсалымға салу мүмкіндігіне, басқаруға қатысуға, республика аумағында олардың меншігін құқықтық қорғауға кепілдіктер беріледі.

Экономикалық кооперативтік секторы бірыңғай ұлттық шаруашылық кешені буындарының бірі болып табылады. Нарықтық қатынастардың қалыптасу барысында меншік нысандарының дамуы қызметтің жаңа сфераларында шаруашылық жүргізудің бұл демократиялық нысанының қайта дамуына және дәстүрлі салаларда оның кеңеюіне кең жол ашты.

Қазіргі кезде кооперация жүйесінде кооперативтердің екі негізгі тұрпаты-өндірістік және тұтыну кооперативтері жұмыс істейді.

«Өндірістік кооператив туралы» заңда өндірістік кооператив азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың жеке еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік салымдарын (үлестерін) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі делінген. Өндірістік кооперативтер тауарлар, өнімдер өндіріп, жұмыс атқарады, шаруашылық жүргізуші субъектілерге және халыққа қызмет көрсетеді.

Өндірістік кооператив коммерциялық ұйым және заңды тұлға болып табылады. Ол жеке кәсіпкерлік үшін заңнамалық актілермен тыйым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға құқығы бар.

Өндірістік кооператив мүлкін жарғы салымдары, оның қызметінен алынған табыстар, заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер құрайды.

Өндірістік кооператив меншігіндегі мүлік кооператив жарғысына сәйкес оның мүшелерінің үлестеріне бөлінеді. Пай өндірістік кооператив мүшелерінің кооператив мүлкіндегі үлесі болып табылады.

Кооперативтің құрылтай құжаттарына несие берушілердің мүдделеріне кепілдік беретін кооператив мүлкінің ең төменгі мөлшерін белгілейтін кооперативтің жарғылық капиталын құру көзделуі мүмкін.

Кооператив жыл сайынғы пайдасынан аударымдар жасаудың есебінен резервтік капитал құра алады, ол кооперативтің несие берушілер алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге және көзделмеген шығыстарды өтеуге арналады.

Өндірістік кооперативтердің пайдасы жыл қорытындысы бойынша анықталады. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін қалған пайда кооперативтің толық қарамағында қалады және оның мүшелерінің жалпы

жиналысы мен кооперативтің құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға бөлінеді.

Тұтыну кооперативі сауда-саттық және тұрмыстық қызмет көрсету арқылы өзінің мүшелерін және басқа азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандырып отырады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 21-дегі заңына сәйкес селолық тұтыну кооперативі мүшелік негізде оның мүшелерінің материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру жолымен жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі деп танылады.

Заңды тұлға да селолық тұтыну кооперативіне мүше бола алады. Селолық тұтыну кооперативтері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей дәрежеде ғана айналыса алады.

Селолық тұтыну кооперативтері сауда, дайындау, өткізу, өңдеу, қызмет көрсету, жабдықтау қызметін және заңнамаларда тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру үшін мүліктік (үлестік) жарналар есебінен құрылады.

Пәтерлер иелерінің тұтыну кооперативтері- ПИК өзгеше ұйымдық-құқықтық түрі болып табылады, олар тұрғын үй қорын ұстаумен, оған қызмет көрсетумен және пайдаланумен байланысты болатын өзара қатынастарды реттеп отыруы тиіс.

Енді, кәсіпорындар шығындарына келейік. «Шығындар» ұғымына өндіріс шығындарының пайда болуымен байланысты активтердің азаюы (материалдар, ақшалай қаражаттар) немесе міндеттемелердің артуы (әсіресе, кредиторлық қарыз) енеді. Бухгалтерлік есептің стандарттары бойынша «Шығыстар» есепті кезеңде активтерді пайдалану немесе есептен шығару жағдайында табыстың азаюын, сондай-ақ капиталдың азаюна әкелетін және соған сәйкес міндеттемелердің пайда болуы мүмкін. Шығындарды жіктеудің мақсаты – жалпы массадан тек релевантты шығындарды бөліп көрсету (оның өзгеруіне ықпал етуге болатын бөлігіне қатысты). Сондықтан жіктеудің әдістері (немесе жіктеу бағыттары) басшының алдында тұрған нақты мәселелерден тәуелді болып келеді. Релевантты (мәнді, мағыналы) шығындар деп тек шешімді қабылдау барысында ғана өзгеретін, болашақ шығындарды

есептеуге болады. Басқарушы есебінің осындай негізгі мәселелеріне мыналар жатады:

1) Бірінші бағыт – жай өндірістік есеп, оның негізгі міндеті: өнімді сатудан күтілетін табыс және өнімнің өзіндік құнын анықтау үшін жұмсалған шығындар (тікелей және жанама) тұралы есептік мәліметтерді алу болып табылады;

2) Екінші бағыт - өзіндік құн тұралы есеп берулер мен нақты шығындар тұралы алынған ақпараттарды болашақ өндірістік шығындар мақсатында пайдалану және дұрыс шешімдер қабылдау үшін барлық деңгейдегі басшыларды осы ақпараттармен қамтамасыз ету;

3) Үшінші бағыт – шығу орындары бойынша шығындарды бақылау мен реттеу мақсатында шығындар орталықтары бойынша да, жауапкершілік орталықтары бойынша да есепті ұйымдастыру.

### Кесте 1 - Сыртқы және ішкі талдаудың негізгі ерекшеліктері

Жіктелік ерекшеліктері	Талдау түрлері	
	Ішкі талдау	Сыртқы талдау
Мақсаты	Мүлдік және қаржылық жағдайларды бағалау	Қызмет тиімділігі мен пайданы арттыру резервтерін іздеу
Орындаушылар мен тұтынушылар	Меншік иелері, бағалы қағаздар нарығына қатысушылар, салық қызметі, несие берушілер, инвестор-лар және т.б.	Кәсіпорынның басқару органы
Базалық ақпараттық қамтамасыз ету	Бухгалтерлік есеп беру	Ақпарат көздері
Ақпарат сипаты	Жалпыға бірдей талдау ақпараты	Жеке сипаттағы талдау ақпараты
Талдау уақытының сипаты	Ретроспективалық және перспективалық	Оперативтік

Директ-костинг жүйесінің негізінде шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлеміз. Айнымалы шығындарға өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеретін тікелей шығындар жатады: шикізат және негізгі материалдар, технологиялық мақсаттарға жұмсалатын отын және энергия, өндірістік персоналдың жалақысы, тиісті төлемдерімен бірге жабдықтарды

күту және пайдалану шығындары және бірқатар басқа да үстем шығындар.

Тұрақты шығындарға әкімшілік, басқарушылық, коммерциялық және жалпы шаруашылық шығындары жатады. Тұрақты шығындар кезеңдік шығындар болып есептеледі және бұйымдар арасында бөлінбейді, олар тұра нәтижелерге жатқызылады.

Нарықтық қатынастары дамыған елдерде инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда шығынсыздық әдісін қолданады, өйткені бұл әдіс қаржылық ақпараттың аса маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерге сату көлемін өзгерткеннен, оның кәсіпорыны қанша пайда табатындығын есептегеннен гөрі, сату көлемі қандай болған жағдайда оның кәсіпорны зиян шекпейтіндігін есептеген маңыздырақ. Басқаша айтқанда, зиянсыздық нүктесін табу қажет. Зиянсыздық нүктесі – кәсіпкердің өз шығындарын жабатын белгілі бір уақыт аралығындағы сауда көлемінің деңгейі. Зиянсыздықты талдау кәсіпорынның қауіпті өндірістік бағдарламасын анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар оның жағдайын білу, оның дамыту стратегиясын жасау үшін де маңызды.

Зиянсыздықты талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- шығындарды жауып, қажет мөлшерде табыс алуға мүмкіндік беретін сату көлемі;
- кәсіпорын табысының өнім бірлігінің бағасының, тұрақты және айнымалы шығындардың өзгерісіне байланыстылығы;
- жалпы шығындарды жабу үлесіндегі әрбір өнімнің маңызы.

Зиянсыздықты талдау әдісін пайдалануда бірқатар шектеулерді ескеру қажет:

- өнім бағасы есепті кезең бойына үнемі тұрақты болып есептеледі;
- бір ғана өнім талданады, ал егер бірнеше өнім болса, аралас сауда тұрақты деп есептеледі;
- өндірістік тиімділік есепті кезең бойына үнемі тұрақты болып саналады;
- кезеңнен – кезеңге өтердегі өндірістік қорлардың өзгерісі ескерілмейді;
- жиынтық тұрақты өндіріс шығындары да тұрақты деп саналады.

Тауарлы материалдық жағдайын тереңдетіп талдау қаржылық жағдайды ішкі талдаудың құрамдас бөлігі болып табылады, себебі қаржылық есеп беруде жоқ және комерциялық құпияға жататын тауарлы материалдық қорлар жөнінде ақпаратты қолдануды көздеді.

## Тақырып 5. Дивидендтік саясат және өндірісті дамыту саясатын басқару

1. Кәсіпорындарда пайданы қалыптастыру және тарату, өндірісті дамытуға және дивидендке бөлінетін пайданың үйлесімі
2. Кәсіпорынның дамуының ішкі қарқыны
3. Дивиденд саясатын таңдау және пайданы тарату мөлшерін анықтау
4. Кәсіпорынның дивидендтік саясатын анықтаушы факторлар
5. Дивидендтік төлемнің түрлері және олардың көздері

**Дивидендтер** дегеніміз - акционерлер шегінде болатын акциялардың саны (сомасы) мен түрлеріне сәйкес тиесілі акцияларына табыс түрінде жыл сайын акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам табысының бір бөлігі.

Кәсіпорынның нарықтық белсенділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

1. бір акцияға түскен табыс (пайда);
2. акцияның құндылығы ;
3. бір акцияның баланстық құны;
4. акцияны котировкалау - бағалау коэффициенті;
5. бір акцияның табыстылығы;
6. дивидендтерді төлеу коэффициенті (төленген дивидендтер үлесі, дивидендтік шығу);
7. тұрақты өсу коэффициенті;
8. капиталдандыру коэффициенті.

Бұл көрсеткіштерді талдау қор биржасында тіркелген және сондай өздерінің құнды қаздарын бағалайтын компанияларда орындалады.

Инвестор акцияны сатып алғанда, әрқашан дивиденд түрінде алатын болашақ табысты бағдарға алады. Өйткені, компанияның табысы дивидендтер төлеудің негізгі көзі болып табылатындықтан және келешекте акцияның рыноктық құнын көтеруге бизнес болғандықтан, инвесторлар әрқашан акцияға табыстылық коэффициентіне қызығушылық білдіреді. Ол таза табыстан айрықша акциялар бойынша дивидендтерді алған соңғы қалдықтың, шығарылған және қолдағы әдеттегі (кәдімгі) акциялардың жалпы санына қатынасы ретінде есептеледі.

Бір акцияға түскен табыс, айналымдағы әдеттегі әрбір акцияға таза табыстың қанша үлесі тиетінін көрсетеді (айрықша акциялар бойынша төленген дивидендтерді алып тастағанда). Айналымдағы акциялар жалпы шығарылған әдеттегі акциялар мен меншікті портфельдегі акциялар саны арасындағы айырмамен есептеледі. Акцияға түскен табыс – бұл сол бойынша төленетін жыл сайынғы табыс. Осы көрсеткіш кәсіпорынның қаржылық мүмкіншілігін жанама түрде сипаттайды, бірақ қаржылық стратегияның үлкен ықпалында болады, өйткені кәсіпорынның өз табысын өндіріске қосымша қайтадан инвестициялау (реинвестиция) қажеттігі, акция бойынша төленетін табыс мөлшерінің азаюна әкеліп соқтырады.

Акцияға табыстың нақты шамасы басқа көрсеткіштен - үлестіру нормасынан тәуелді, ал соңғысы дивиденд түрінде төленген табыс сомасын барлық таза табысқа бөлу жолымен есептеледі. Дамыған нарықтық экономика жағдайында бір акцияға түскен табыс, компанияның бір акциясының нарықтық бағасына әсер ететін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады, ол өкілетті статистикалық зерттеулермен дәлелденген. Оның аналитикалық тұрғыда негізгі кемшілігі - әртүрлі компаниялардың акцияларының нарықтық құнының бірдей еместігі салдарынан оларды кеңістікте салыстыруға келмейтіндігі болып табылады.

Акциялардың құндылығы акцияның нарықтық бағасын акцияға түскен табысқа бөлгендегі бөлінді ретінде есептеледі. Акцияның нарықтық бағасы мен бір акцияға түскен табыстың арақатынасы компания мен оның акционерлері арасындағы қатынасын көрсетеді.

Табыстылықты ағымдағы және жиынтық деп бөледі. Ағымдағы табыстылық дегеніміз ең алдымен акция иесінің қолына тиетін дивидендтер. Бұл коэффициент дивидендтік табыс немесе дивиденд нормасы деп аталып, былайша есептеледі: бір акцияға

түскен дивиденд бір акцияның нарықтық бағасына бөлумен есептеледі. Төленетін дивидендтер үлесі немесе дивидендтерді төлеу көрсеткіші компанияның таза табысының дивиденд түрінде төленуге тиісті бөлігін сипаттайды. Әрбір кәсіпорында бұл көрсеткіштің өз мағынасы болады, Әдетте жас және тез өсіп кележатқан кәсіпорындарда бұл көрсеткіштің шамасы өте төмен және кейде нөлге жақын болады. Акционерлер фирманың өсуінің болашағымен қанағаттанып іс - жүзінде ұзақ мерзімді инвестицияларды қаржыладырады. Қазіргі кәсіпорындар акционерлерді өзіне тұрақты жоғары (50 %-ға дейін) дивидендтер арқылы тартуға тырысады. Бұл көрсеткіш дивидендтің бір әдеттегі (жай) акцияға және бір жай акцияға түскен табысқа қатынасымен есептеледі. Аталған коэффициентті талдаудың бір ерекшелігі оның «жақсы» немесе «жаман» деңгейінің болмайтындығы. Бұл жерде ең жалпы критерий, ол 1-ден аспауы керек. Егер осы шарт сақталса, онда компания есеп беру жылында дивидендтер төлеу үшін жеткілікті табыс тапқан деп қорытынды жасалады. Бұл коэффициенттің 1-ден асуы компанияның тиімсіз дивиденттік саясатын немесе оның қаржылық қиыншылықтарын (компания ақшаны өзінің қаржы резервтерінен «қарызға» алуға мәжбүр болады) дәлелдейді. Дивиденд төлеу коэффициентінің мағынасы фирманың инвестициялық саясатына тәуелді.

**Құнды қағазға инвестициялаудың екі негізгі мақсаты бар:** ағымдағы табысты (дивиденд) алу және акцияның курстық құнының артуы есебінен қаржы жинақтау. Бұл екі мақсат белгілі дәрежеде біріне – бірі қайшы келеді: бірдей жағдайда неғұрлым дивидендтер төлеу үшін табыстың көп бөлігі жұмсалса, соғұрлым аз қаражат компанияға қайта инвестициялануы, оның өсу қарқыны төмендеуі және акцияларының курсының құнының өсуі қиындап, баяулауы мүмкін. Дивиденттік шығыс көрсеткіші мағынасы мен табысты қайта инвестициялау коэффициентінің сомасы 1-ге тең.

Тұрақты өсу коэффициенті компанияның келесі жылы өзінің активтерін ішкі қаржыландыру есебінен арттыру мүмкіндігін көрсетеді, ол жағдайда меншікті капитал мен міндеттемелер арасындағы пропорция сақталуы және дивидендтер төлеу үлесі есеп беру жылындағы мөлшерде сақталуы шарт. Аталған коэффициент, дәлірек айтқанда ішкі көздер есебінен тұрақты өсу қарқынының қамтамасыз етілу коэффициенті, дивидендтер төлеген

соңғы таза табыстың бөлігінің, бастапқы акционерлі капиталға қатынасы ретінде анықталады.

Капиталдандыру коэффициенті компания шығарған құнды қағаздар түрлері арасындағы пропорцияны білдіреді. Облигациялардың үлесінің жоғары болуы, айрықша және әдеттегі акциялардың тартымдылығын азайтады, айрықша акцияның үлесінің жоғары болуы да әдеттегі акцияға деген инвесторлардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін. Олай болуы облигациялар бойынша проценттер, айрықша бойынша дивидендтер төлеуге дейін төленуі керектігінде, ал олар өз кезегінде әдеттегі акциялар бойынша дивидендтер төлер алдында жүргізілуі тиіс екендігіне байланысты. Капиталдандыру көрсеткішінің динамикасы, басқадай бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер мен меншікті капитал кіретін, капитал бөлігінің құрылымының өзгеру процесін бейнелейді, Әдеттегі акциялар бойынша капиталдандыру коэффициентін, мысалы әдеттегі акциялар құнын, облигациялар, әдеттегі және айрықша акцияларды қоса есептегендегі барлық бағалы қағаздар құнына бөлгендегі бөлінді ретінде анықталады. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен нарықтық белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі қаржылық леверидж болып табылады. «Қаржылық леверидж бір жағынан облигация мен айрықша акция, екінші жағынан - әдеттегі акция арасындағы қатынас. Леверидж деңгейінің жоғары болуы – қауыпты құбылыс, өйткені ол қаржылық тұрақсыздыққа әкеліп соғады.

Қаржы менеджментінде маңызды объект ақша ағыны - құн нысандарын жаңартудың және қосылған құнды қалыптастырудың экономикалық процестерін оқтастыратын қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысандарындағы ақша қаражаттарының қозғалысы болады. Ақша ағынының құрамына қаржы көмегімен де қалыптасатын сондай-ақ басқа әдістермен де таратылатын барлық ақша ресурстары қамтылады. Қаражаттардың түсімінде анықтаушы орынды өнімді, жұмыстарды және қызметтерді өткізуден (сату көлемі) түскен түсім-ақша, онан кейін кредит ресурстары, әр түрлі тартылған ресурстар алады. Қаражаттардың жылыстауы дүркін-дүркін төленетін төлеулерімен де (тауар-материал құндылықтарын сатып алу, қызметкерлерге жалақы мен сыйақылар төлеу, кредиттерді өтеу, салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлеу

және т.т.), сондай-ақ ұзақ мерзімді инвестициялардың болжамы негізіндегі күрделілермен де байланысты.

Қаржы менеджментінде ақша қаражаттары олардың іс-әрекетінің мезгілдік (уақытша) межелемелері тұрғысынан функцияларды атқару кезіндегі өзге нысанға, сапаға айналғанға дейін қаралады. Бұл аспектіде ақшаның «уақытша құнының» барлығы есепке алынады: мұндай сомада бүгінгі ақша мен келешектегі ақшаның сатып алу күші бірдей болмайды. Ақшаның қазіргі және келешектегі құны өзара қайтымды. Қазіргі (бүгінгі) құн келешектегі құнға компаундингилеу-күрделі пайыздарды есептеу арқылы, ал келешектегі құн қазіргі құнға дисконттау-пайыздарды пайдаланып төмендету арқылы жеткізіледі. Ақшаның келешектегі құнының есеп-қисабында инфляцияның индекстерін есепке алу, яғни ақшаның құнын инфляциялық құнсыздануға төмендету қажет. Жобаларға жұмсалатын инвестициялар нысанынадағы ақша қаражаттарының, рента төлемдерінің жүйелі, жарналардың, кірістердің және басқа ақша операциялары есептеулерінің бір жолғы, сондай-ақ дүркін-дүркін түсулері мен төленулері жай және күрделі аннуитеттердің есеп-қисабы, «капиталды бюджеттендіру», «табыстылықтың ішкі мөлшерлемесі» тәсілдері арқылы жүргізіледі.

**Аннуитет** дегеніміз тұрақты негізде уақыттың белгілі бір мезгілі ішінде тіркелген межелемелер арқылы төленетін немесе алынатын инвестициялық табыс. Капиталды бюджеттендіру (капиталды бюджеттендіру) - өтеудің қарастырылған мезгілінде қаражаттарды кейінгі дүркін-дүрікін қайтаруларымен жабылатын ақша қаражаттарының бір жолғы жылыстауы. Бюджеттендіру тұжырымдасы негізгі активтер бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде пайдаланылады, бұл жобаларды талдау және ақша қаражаттарының ұзақ мерзімді және ірі жұмсалымы жөнінде шешімдер қабылдаудың процесі.

Табыстылықтың ішкі мөлшерлемесінің есеп-қисаптары жобаларды салыстыру және пайдалылықтың пайыздары бойынша инвестициялық шешімдерді таңдау үшін және жобаның есепті табыстылығы мен пайыздың қолданыстағы нарықтық мөлшерлемесін салыстыру және жобаны жүзеге асыру мезгіліне оның болжамы үшін жүргізіледі.

Қаржы менеджментінің маңызды аспекті кәсіпорынның қаржылық жай-күйін талдау болып табылады. Бұл кәсіпорынның

қаржы тұрақтылығын (рентабелділікті, төлем қабілетін, кредитті өтеу қабілетін), оның рыноктегі жағдайын (бәсекеге жарамдылығын) сипаттау үшін қажет. Талдауға қажетті ақпараттар бухгалтерлік баланста қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепте (пайда және зияндар туралы есепте), ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте болады; сондай-ақ толығырақ ақпарат қолданылады.

Көрсеткіштерді, коэффициенттерді, нормаларды-қаржы-экономикалық механизмнің элементтерін қадағалап отыру кәсіпорындардың жұмысын оперативті басқаруға және бақылауға, бизнес- жоспарда немесе дамыту жобасында берілген қаржы шаруашылық процестерді, бағыттарды дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл көрсеткіштер кәсіпорынның «визит карточкасы» болып табылады инвесторларға, әріптестерге және несиелерге оның өміршеңдігі, қаржылық тұрақтылығы туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, қаржы менеджменті кәсіпорынның қаржылық қамтамасыз етілуінің тактикасы мен стратегиясы ретінде қаржыны тиімді іс-әрекет етуінің мақсаттары үшін оның ағындарын басқаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның жиынтық ақша айналысын басқару жөніндегі қаржы менеджментінің стратегиялық нұсқамасы ұдайы өндірістік процесті қамтамасыз етуге, берілген критерийлерде ақша қорларын қалыптастыру, оларды нысаналы арналым бойынша пайдалануға бағытталған.

Қаржы менеджментінің жалпы мақсатты нұсқамасы-экономикалық дамудың ішкі және сыртқы факторларын есепке алу негізінде кәсіпорынның тең қаржы саясатын жүзеге асыру.

## Тақырып 6. Кәсіпорындардың инвестициялық шешімдерінің стратегиясы

1. «Инвестиция» түсінігі, инвестицияның түрлері
2. Кәсіпорындардың инвестициялық шешімдерінің белгілері
3. Капиталды дисконттау
4. Инвестициялық талдау
5. Инфляция жағдайында инвестициялық проектiлердi талдау
6. Тәуекелдік жағдайда инвестициялық проектiлердi талдау

Инвестиция жайында шешім қабылдау басқарманың стратегиялық қиын міндеті болып табылады. Инвестициялау кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудағы тиімді шараның бірі.

Барлық инвестицияларды екі негізгі топқа бөлуге болады: **портфельді және нақты** (капиталдандырылған)

**Портфельді инвестиция** деп (кәсіпорынның құнды қағаздарын сатып алу сияқты) жобалар тобына капитал салуды айтады. Портфельді инвестиция жағдайында инвестордың негізгі міндеті оптималды инвестиция портфелін құрастыру және басқару болып табылады. Әдетте, ол қор нарығындағы құнды қағаздарды сату мен сатып алу операциялары арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай портфельді инвестициялар көбінесе қысқа мерзімді қаржылық операциялар түрінде көрінеді.

**Нақты инвестиция** деп өндіріс процсіне қатысатын инвестицияларды айтамыз. Мысалы, құралдарға, ғимараттарға, материалдар қорына салынатын инвестициялар.

**Объектісіне қатысты инвестициялар** келесі түрлерге жіктеледі:

1. мүліктік инвестициялар (материалды инвестициялар);
2. қаржылық инвестициялар;
3. материалды емес инвестициялар.

Мүліктік инвестициялар – бұл нақты инвестициялар.

**Қаржылық инвестициялар** – бұл қаржылық мүлікке салынатын салымдар, басқа фирмалардың жұмыстарына қатысу және борыштық құқығына ие болу. Мысалы, акция, басқа да құнды қағаздарды сатып алу.

Ал материалдық емес құндылықтарға қатысты инвестицияларға зерттеу мен талдау жасау, кадрлар даярлау, жарнама және басқаларға салынатын инвестициялар жатады.

**Әрекеттің бағытына қарай инвестициялар** келесі түрлерге бөлінеді:

1. бастапқы инвестициялар немесе нетто – инвестициялар, кәсіпорынды негіздеуде немесе сатып алуды жүзеге асырылатын инвестициялар;

2. өндірістік потенциалды ұлғайтуға бағытталған, кеңейту инвестициялары (экстенсивті инвестициялар);

3. қайта инвестициялау, яғни кәсіпорынның негізгі қорының құрамын қолдау мақсатында жаңа өндіріс құралдарын жасауға немесе сатып алуға бағытталған бос инвестициялық қаражаттармен байланысты инвестициялар.

Жүйелі тәуекел инвестицияның барлық түрлеріне қатысты және макроэкономикалық мүмкін болатын өзгерістеріне байланысты жалпы нарық жағдайымен анықталады. Олардың пайда болу себептері: инфляция, экономикалық құлдырау, жоғары пайыздық мөлшерлеме, әскери – саяси дау – жанжалдар және тағы басқалар.

Жүйесіз тәуекелге бәсекелестік инвестициямен (жоба, құнды қағаз және т.б.) байланысты тәуекелдің барлық түрлері жатады. Олардың пайда болу себептері фирмалар үшін дербес жабдықтаушылардың өз міндеттерін орындауы (сатып алу тәуекелі), сатыпалушылардың қыр – сыры (өнімді өткізу тәуекелі), бәсекенің әсері, үлкен келісім шарттардың қабылдануы немесе жоғалуы және тағы басқалар да жатады.

Әдетте инвестициялық жобаны негізгі үш кезеңнен тұрады деп қарастырады: *алғашқы, дайындық және өндірістік*.

Инвестициялар – бұл кем дегенде екі жақтың – кәсіпкер (жобаның бастаушысы) және инвестордың (жобаны қаржыландырушы) бірлескен әрекет процесі. Бұл жобаның сәттілігі, екі жақтың ортақ тіл табысуына, инвесторлардың белгілі бір кепілдікке ие болуына байланысты.

Инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін екі негізгі топқа бөлуге болады.

*Біріншісі* - өндірістік қызметтің тиімділігінің және жобаны жүзеге асырып отырған кәсіпорынның ағымдық және болашақтағы қаржылық жағдайының көрсеткіштері;

*Екіншісі* – Инвестиция тиімділігінің көрсеткіштері немесе Кэш – Флоу дисконтталған белгілері.

Инвестициялық жобаларды қаржылық талдауда, әдетте болашақтағы түсімдерді, бүгінгі деңгейге келтірудің математикалық әдістері қолданылады, ол дисконттау деп аталады және де бүгінгі деңгейді болашақтағыға келтіру үшін өсіру әдісі қолданылады. Аталмыш әдістерді қолдану, қаржылық талдау, құнды қағаздар мен несиелер бойынша пайыздар есептеуде, лизинг операцияларында, инвестицияланған капиталдан алынатын табысты анықтауда, кеңінен таралған. Басқаша айтқанда дисконттау және өсім әдістері мынадай белгісіз шамаларды табу қажет болған жағдайда қолданылады:

- пайыз деңгейі (мысалы, капиталды пайдаланғаны үшін);
- жыл сайынғы төлемдер;
- кезең саны (ай, тоқсан, жыл);
- ағымдық деңгей мәні;
- болашақтағы деңгей мәні

Дисконттау әдісін қолдану жобаның әрбір жылында пайда болуына қарай пайда мен зиянның ағымдарын көрсетеді. Пайда мен шығынды жылдар бойынша сипаттаудың артықшылығы, пайда мен шығын ағымының құрылымына әсер ететін басты факторларды көруге болатындығында. Пайда мен шығындардың жалпы ағымдағы өзгерістер сезімталдық талдауында көбінесе өзгеріп тұрады.

Әлемдік тәжірибе дәлелдегеніндей, капиталдың халықаралық миграциясы, шаруашылық өмірі (интернационализацияға) барлық қарым-қатынасының теңдігін тереңдеуіне келтіреді. Бұл жағдай капиталдардың өзара қозғалысының дамуында, әсіресе өндірісі дамыған елдер арасындағы қатынастарда жақсы білінеді.

Бір өнеркәсібі дамыған елдің, басқа елге капитал шығаруының өсуі, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдету заңдылығына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі заман өндірісіне ФТР-дің әсер етуі одан әрі күрделілікті көбейте түсуде. Өнімнің соңғы нәтижесін беретін өндірістер, қазіргі кезде әр түрлі елдерде орналасқандығы белгілі. Сондықтан өндірістің халықаралық мамандандырылуы мен кооперациясының дамуы одан әрі дами бермек.

Республикадағы жағымды инвестициялық климат кең спектрлі мынандай факторларға байланысты: табиғи ресурстардың стратегиялық орындарда орналасуы, жұмыс күшінің

жинақтылығы, жоғарғы ғылыми-техниканың әлуеті, сонымен қатар Қазақстан Республикасының құқықтық және экономикалық негіздерінің нығайуына шетел инвестицияларын тарту.

Республикадағы шетел капиталына байланысты кейбір факторлардың жетіспеушілігін жоққа шығаруға болмайды. Қазақстан үкіметі бұл кемшіліктерді жоюға барынша атсалысады.

Бұл жағдайда шетел капиталы республикаға үкімет кепілдігімен несие түрінде түседі. Инвестицияға әртүрлі жағдайда әсер етеді. Шетел инвестицияларының инвестициялау формаларының айырмашылығы олардың республика бюджетінде ұзақ мерзім сақталмауында. Сондықтан, тура инвестицияларды пайдалану Қазақстан экономикасын инвестициялаудың жолына қажетті қаржы ресурстарын алуға жағдай жасайды.

Инвестициялаудың басқа бір формасы - үкіметтің мемлекет тарапынан берілетін несиесі. Қазақстан экономикасына шетел капиталын тарту инвестициялаудың тура осы формасы арқылы жүргізіледі.

Бұл несие транспортты дамытуға, мұнай өндірісіне техникалық көмек көрсетуге, еліміздің төлем балансын жабуға, импортты қаржыландыруға және басқа стратегиялық мақсаттарға жұмсалады.

Бірақ Қазақстан үкіметінде бұл кредиттің басым көпшілігі сауда баланстары өте тапшы импортқа жұмсалуда болып отыр. Осыған байланысты бұл кредиттер тұтынушылар сферасына қажетті бюджеттік тапшылық импортқа жұмсалуды тоқтатпайды.

Инвестицияларды пайдалануға кейбір факторлар өз мәнінде әсер ете алмайды, мемлекеттік басқару органдары инвестициялық жобаларды таратуға аз көңіл бөледі, әкімшілік әдістердің несиелерді пайдалануы, мемлекеттік компаниялардың қабылдануы, мемлекеттік компаниялардың қабылдауы және басқа да субъективті факторлардың дамуы.

Сыртқы қарыздың негізгі бөлігін дефолттар құрайтындықтан бюджеттік ресурстардың белгілі бір бөлігін шығындауға тура келеді. Бәрімізге белгілі дефолттар төлемді уақытында төлей алмағандар үшін қойылатын айыптық бағасымен есептеледі. Бұрын алған несиесін уақытында қайтара алмаған несиелердің талабы да осыған негізделген. Осы дефолттарға байланысты мемлекеттің несиелік рейтингі төмендейді, халықаралық нарыққа берілетін капитал алуға мүмкіндік азаяды.

Сондықтан, жоғарыда көрсетілген негіздемелерді инвестициялар тартумен қоса барлық жағдай жасау қажет.

Республикаға тартылған шетел инвестициялары Қазақстанның экономикалық стратегиялық объектілерінде орналасқан.

Қазір Қазақстанның сыртқы қарызы мемлекеттің тікелей өзіне тиісті болып отыр. Қарыздың мөлшері Шығыс Европа елдеріне қарағанда көп емес. Кейбір мемлекеттердің қарызы бұл мөлшермен салыстырғанда он есе, жүз есе артық. Бірақ, мәселе қарызда емес, мәселе қарызды қажетті нәрсеге пайдалана білуде болып отыр.

Қарыз өскен сайын шығын да өсе түсуде. Амортизация, процент және төлем мөлшерлері тоқтаусыз өсе түседі. Бұл қарыздың жартысы республикада бюджет арқылы жабылады, қалғаны жеке мемлекеттік кәсіпорын иелерінің көмегімен.

Сыртқы мемлекеттік қарызды бюджеттен алуды азайту үшін сыртқы тенденцияларды ары қарай сақтау қажет. Экспорттық несиелер сауда балансындағы зәрулікті қосымша қаржыландыруды талап етеді.

Сондықтан, экспорттық несиелерді пайдалану мемлекет үшін өте пайдалы. Бұл жағдай экспорттық ықпалдылықты арттыруға көмектеседі. Өндірісте импорттық жүйе қалыптасады. Республикадан заңсыз түрде валюта шығаруды қысқарту, валюталық жүйені тексерісті күшейту және шетел капиталын тартуды мемлекеттік қатаң тәртіппен жүзеге асыру, жеке меншіктегі қаражаты бар жеке кәсіпкерлік капиталды өсіруді дамыту.

Мемлекетпен белгіленген қару мөлшерінің оптималды түрін қадағалап отыру. Сыртқы тартудың шығынын азайту, ресурстардың көлемін макроэкономикалық көрсеткіштермен салыстыру арқылы сыртқы қарызды азайту.

Үкіметтің саясаты бойынша облыстардағы сыртқы қарыздарды еліміздің несие рейтингін өсіруге бағыттау арқылы сыртқы қарызға кететін шығынды азайтуға болады.

Қорыта келгенде, қазіргі жағдайда ҚР-ң экономикалық дағдарыстан шығуының бірден-бір жолы шетел капиталын енгізу. Инвестицияның үкімет арқылы белгіленген кредит түрі сыртқы қарызға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан тура және «портфельді» инвестицияларды үлкен көлемде тарту, жұмыссыздықтың төмендеуі және шетелге валюта жіберуді азайту, «портфельді» түрі

бағалы қағаздардың өсуіне әсер етеді. Мұндай шетел инвестицияларын тарту саясатын жүзеге асыру үшін инвестициялық климаттың құрылуын жақсартуға ұмтылу қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту саясатының басты мақсаты экологиялық артта қалушылықты жеңу, шетелдік капиталды ұлттық экономиканы құрылымдық қайта құру мен модернизациялауда пайдалану негізінде тұрғындарының өмір сүруінің жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Дүниежүзілік ұйымдар ішінде инвестициялық ынтымақтастық мәселерімен шұғылданатындарының қатарына инвестицияларға кепілдік беруші әлемдік агенттікке айрықша көңіл болуіміз тиіс. Оған қоса, реконструкциялау мен дамытудың дүниежүзілік банкі мен халықаралық қаржы корпорациясына көңіл бөлу керек.

Шетелдік инвестициялар түрлерінің ішінен қазіргі уақытта да, келешекте де неғұрлым қалаушысы толығымен шетелдік және біріккен кәсіпорындардың жаңа тізбегін өмірге әкелетін тікелей инвестициялар болмақ. Шетелдік инвесторлардың әрекеттегі кәсіпорындарды жекешелендіру процесіне тартылуы да өзекті мәселе. Мұнда жобаларды таңдау тендерлік негізде жасалынып, рентабельдігі төмен өндірістік объектілерді қайта жасактандыру мен жаңғырту (жаңарту) мақсатын көздеуі тиіс.

Инвестициялық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін аталмыш процесті мемлекеттік реттеудің оның сәйкесті құқықтық басқару құрылымын қамтитын шынайы механизмін жасау талап етіледі.

Шетелдік инвесторлардың экономикалық құқықтық негіздерін жетілдіру екі негізгі бағытта мүмкін болады.

#### **1. Ішкі республикалық заң шығарушылықты жетілдіру:**

- шетелдік инвесторларды тарту мен пайдалану мәселелерімен байланысты шетелдік инвестицияларға байланысты заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, еркін экономикалық аймақтар т.б. жөніндегі қаулы, қарарларға жаңа сипат беру арқылы шетелдік инвесторларға ұлттық тәртіп негізінде жасауға біртіндеп көшу;

- шетелдік инвесторларға ауқымды кепілдемелер беру.

**2. Шетелдік мемлекеттермен қолайлы әрі тұрақты инвестициялық ахуалды жасау жөнінде келісім-шарттарға қол қою:**

- шетелдік инвестицияларды қорғау мен қолдаудың екі жақты келісімдерін бекіту;

- саяси қатерге байланысты шетелдік инвестицияларды қауіпсіздендіру мен инвесторға кепілдіктердің қомақты жүйесін айқындаушы халықаралық келісім-шарттарға республиканың қосылуы.

Шетелдік инвестицияларды реттеудің экономикалық механизмін жетілдіру сыртқы сауда, қаржы-валюталық, салықтық, кедендік, амортизациялық, несиелік, қауіпсіздендірушілік және т.б. бағыттарда жеңілдіктер мен реттегіштерді қолдануды қарастырады. Олар ұлттық экономиканың басымдылықты салаларында инвесторларға преференциалды режим тағайындайтын және:

- өндіріс саласы мен түріне;
- аймақтық орналасуына;
- инвестиция формаларына;
- жобаның жүзеге асырылу мерзіміне;
- ғылыми-техникалық прогресті дамытуға ықпалына;
- жаңа жұмыс орындарын жасауға байланысты жіктелуі тиіс.

Экономикалық ынталандырғыштар мен демегіштер өз дамуы мен қолданылуында әкімшіл-әміршілдік құралғылардан салыстырмалы түрде басымырақ болуы тиіс.

Шетелдік инвестициялардың құйылуын ынталандыру мен олардың пайдалануын қаржылық бақылау мақсатында қатерлерді қауіпсіздендірудің сапалы әрі уақтылы ақпараттық қамтамасыздандырылуын бағалау, т.б. қажетті шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Ең бастысы, Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты ағымдағы сыртқы және ішкі экономикалық құбылыстарға сәйкесті икемді, болжамды, іске асырылымды әрі салауатты болуы мүмкін.

## Тақырып 7. Қаржы тәуекелін басқару

1. Қаржы тәуекелін басқару объект ретінде қарау
2. Тәуекелдік деңгейін бағалау тәсілі
3. Тәуекел - менеджментті ұйымдастыру
4. Тәуекелділікті басқару стратегиясы
5. Тәуекелділікті басқару әдістері: тәуекелділікті шешу жолдары және тәуекелділік деңгейін кеміту тәсілдері

**Тәуекелділік** ұғымы кәсіпорын ресурстарын бір бөлігін жоғалту ықтималдылығын (қаупі), қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстардың толық алынбауын немесе қосымша шығындардың пайда болуын білдіреді.

Тәуекелділік ықтималдылық категориясына жатады, яғни оны белгілі бір деңгейдегі жоғалтулардың ықтималдылығы ретінде есептейді.

**Қаржылық тәуекел** кәсіпорынның банктермен және басқа да қаржылық институттармен қатынас өрісінде пайда болады. Қаржылық тәуекелдің себептері: қарыз және меншікті қаражаттардың арақатынастарының көлемінің жоғарылауы, кредиторларға тәуелділік, капиталдың әрекетсіздігі, бір мезгілде көп қаражат жұмсау.

Қаржылық тәуекел мына операциялардан алынған шығындарда көрсетіледі: несиелік, инвестициялық, құнды қағаздар эмиссиясы.

Айналым және өндіріс өрісіндегі кәсіпорындар үшін қаржылық тәуекелдің құрамдастарын ажырата білу керек: несиелік, пайыздық, валюталық айрылып қалған пайда тәуекелі, инвестициялық тәуекел, салықтық тәуекел.

Қаржылық тәуекелді шешуге нақты қаражаттарды таңдаған кезде инвестор келесі принциптерді назарда ұстауы керек: меншікті капитал мүмкіндігінен артық тәуекелге бармау керек, аз нәрсе үшін көп нәрсені тәуекелге салмау керек, тәуекелдің нәтижесін алдын ала білуге тырысу қажет.

Қаржылық тәуекелді басқару процесі 6 сатыдан тұрады: мақсаттарды анықтау, тәуекелді анықтау, тәуекелді бағалау, оларды жүзеге асыру және нәтижелерді бағалау.

Қаржылық тәуекелді басқарудың ең күрделі кезеңі болып табылатын тәуекелді талдаудың міндеті мүмкін болатын серіктестіктерге, жобаға қатысудың тиімділігі туралы шешім қабылдауға және ақша жоғалтуды болдырмау шараларын жасау үшін қажет мәліметтерді беру болып табылады. Тәуекелді талдау кезенді тәуекел аймағы ұғымын пайдалану маңызды, яғни ол шекарасында белгіленген тәуекел деңгейінің шекті мәндерінен аспайтын жоғалтулар болатын, рыноктың жалпы шығындар аймағы.

Тәуекел аймақта операция жүргізген кезде кәсіпорын ешқандай тәуекел жасамайды, ешқандай шығын көрмейді, кәсіпорын кем дегенде есепті табыс алады. Жобаны орындау кезінде, теориялық жағынан кәсіпорынның табысы шексіз.

Аз тәуекелді аймақтағы қызмет нәтижесінде кәсіпорын таза табысының барлық мөлшерін немесе бір бөлігін жоғалту ықтималдығы бар.

Жоғары тәуекелді аймақта кәсіпорын, нашар болған жағдайда есепті деңгейден төмен табыс алады. Бұл аймақта өндіріс қызметі қысқа мерзімді несие есебінен болуы мүмкін.

Қауіпті тәуекелді аймақта кәсіпорын есепті табысты ғана емес, сонымен қатар өнім өткізуден (жұмыс, қызмет) түскен табысты жоғалту ықтималдығы бар және шығындарды өзінің есебінен қайтарады.

Жарамайтын (апатты) тәуекелді аймақтағы кәсіпорынның қызметі банкроттыққа әкеледі, барлық инвестицияларын жоғалтады.

Тәуекелді талдауды бір – бірімен өзара тығыз байланысты және бір – бірін толықтыратын екі түрге бөлуге болады: сапалық және сандық.

Тәуекелді сапалық талдау тәуекелді басқарудың екінші кезеңі түрінде көрінеді. Ол мүмкін болатын барлық тәуекелдерді теңестіріп салыстырады. Ол салыстырмалы түрде қарапайым болуы мүмкін. Оның басты міндеті – жұмыс пен кезеңдердің орындалуы кезеңдегі тәуекелдің себептерін анықтау, яғни тәуекел мүмкін болатын аймақты айқындау, содан кейін барып, барлық тәуекелдерді анықтау болып табылады.

Тәуекелдің сандық талдауы – бұл жалпы қаржылық тәуекелдің және ақшалай шығындардың жеке түрлері бойынша нақты көлемін анықтау. Жеке тәуекелдің өлшемдерін анықтау түрлі талдаудың

әдістері арқылы жүргізіледі, соның ішінде кең тарағандары: статистикалық, шығындардың мақсаттылығын талдау, эксперттік бағалау әдісі, ұқсастықтарды (аналогтарды) пайдалану.

## Тақырып 8. Кәсіпорынның айналым активтерін және қысқа мерзімді міндеттемелерін басқару

1. Кәсіпорын активтері мен пассивтерінің құрылымы
2. Кәсіпорынның таза айналым капиталы, қаржы – пайдалану қажеттігі туралы түсінік
3. Ағымдағы активтер және пассивтерді кешенді оперативті басқару саясатын таңдау
4. Дебиторлық қарыздарды басқару жүйесін бақылау параметрлері
5. Ақша ағымы қозғалысын оперативті талдау

Баланс ктивтерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау – кәсіпорынның барлық мүліктерінің және оның жекелеген түрлерінің абсолютті және салыстырмалы арту немесе кему мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді. Нарық қатынасы жағдайында кәсіпорынның қызметі және оның дамуы көбіне өзін – өзі қаржыландырумен, яғни меншікті капиталдың көмегімен жүзеге асырылады. Тек ол капитал жетпегенде ғана шеттен капитал тартылады. Активтердің қорлану көздерін талдау кезінде меншікті және қатыстырылған капиталдың көрсетілген көлемі белгіленіп, есеп беру кезеңіндегі олардың өзгеру себептері анықталып, оларға баға беріледі. Бұл кезде өз меншігіндегі капиталға басты назар аударылады, себебі өз қаражаттарының қоры болуы оның қаржылық тұрақтылығының барлығын көрсетеді. **Ағымдағы активтер** – бір өндіріс циклінде немесе бір жылда ақшаға айналатын активтер. **Таза айналым активтер** – ағымдағы активтер және ағымдағы пассивтер айырмасы. Айналым активтері өндірістің үздіксіз процесін қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның табысты кәсіпкерлік қызметі оларды дұрыс басқаруына тәуелді. Қаржылық менеджердің жұмысында айналым активтерді басқару ерекше орын

алады. Айналым активтерін басқарудың объектілері: олардың өтімділік дәрежесі, құрамы, құрылымы, шамасы, жабу көздері және олардың құрылымы. Қаржылық менеджердің негізгі міндеті өнімді өндіру және өткізу процесін үздіксіз қамтамасыз ету үшін запастардың оптималды шамасын анықтау болып табылады. Айналым активтердің өсуі оптималды қажеттілігімен салыстырғанда, олардың айналымдылығының баяулануына әкеліп соғады және табыс шамасын азайтады. Сонымен, айналым активтердің құрылымын және оптималды шамасын анықтау және кәсіпорын төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуде айналым активтерді басқару стратегиясы негізделеді. Қаржы менеджментте айналым активтерді және қысқа мерзімді міндеттемелерді басқару жөнінде төрт модельдер қолданылады: идеалды, сақтанымпаз, бірыңғай, басқыншылық.

Қаржылық реттеу инфляция мен дағдарысқа қарсы тапсырмаларды шешу үшін кеңінен қолданылады. Қаржылық реттеудің ерекшеліктері барлық елдерде бірдей емес, олар елде қалыптасқан жағдайға байланысты өзгереді. Мысалы, олар жеке кәсіпкерлік пен нарықтық қатынас әлсіз дамыған елдерде енді ғана басталуда. Бұл елдерде үкімет бюджет арқылы қоғамның алдына қойған мақсаттарға жауап беретін қоғамдық қажеттіліктерін қаржыландырады.

Қаржы тетіктерін реттеу мемлекеттің экономикаға, мемлекеттік шығындардың, салық салу және мемлекеттік меншіктің көлемдері мен құрылымын өзгерту арқылы әсерін сипаттайды, олар жиынтығында бюджеттік реттеуді жүргізудің құралы болып саналады.

Қаржы тетіктерін реттеудің негізін стратегиялық бағыттар құрайды. Олар қаржы ресурстарын, экономиканың қызмет етуінің ерекшеліктеріне байланысты болашақта пайда болатын басты тапсырмаларды шешу мақсатында қалыптастыру мен пайдалануды анықтайды. Сондықтан мемлекетті қаржы қатынастарының субъектісі ретінде қарастыру кезінде, басты назарды ең алдымен мемлекет өзіне жүктелген қызметінде қаржы ресурстарын қолдануға аударады.

Кәсіпорынның қаржы жағдайына дебиторлық борыштың нақты бар болуы емес, оның көлемі, қозғалысы және түрі, яғни бұл борыштың пайда болу себебі әсер етеді. Дебиторлық борыштың пайда болуы кредиторлық борыш сияқты ақшаны аудару арқылы

есеп айырысу жүйесі кезеңіндегі шаруашылық қызметтегі объективті процес болып табылады. Дебиторлық борыш барлық уақытта есептеулер тәртібінің бұзылуы нәтижесінде туындап, барлық уақытта да қаржылық жағдайды нашарлатады деуге болмайды. Кәсіпорынның дебиторлық борышы қалыпты және өтелмеген болып екіге бөлінеді. Өтелмеген дебиторлық борышқа, төлеу мерзімі өтіп кеткен есеп айырысу құжаттары бойынша тиеліп жіберілген тауарлар үшін қарыздар жатады. Өтелмеген дебиторлық борыш айналым қаражаттарының заңсыз бұрмалануын және қаржы тәртібінің бұзылуын көрсетеді. Осыған байланысты оның құрылымын зерттеу негізінде өтелмеген дебиторлық борышты анықтау қажет.

№ 3 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі» ҚР шаруашылық субъектілерінің қаржылық есеп беруіндегі жаңа үлгі болып табылады. Бұл есепте кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі ақша қаражаттарының көздері анықталады және оларды пайдалану жолдары көрсетіледі. Кәсіпорынның есепті кезеңіндегі жұмсаған ақша қаражаттарын жабу үшін негізгі қызметтен алынатын қаражаттары жеткілікті ме, соны көрсетеді. Ол сондай – ақ қолданушыларды операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің белгілі бір бөлігіндегі есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының келіп түсуі мен шығыны туралы ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, оларға кәсіпорынның қаржы жағдайындағы өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді. Операциялық қызмет деп субъектінің табыс алу жөніндегі негізгі қызметін, сондай – ақ, оның инвестициялық және қаржылық қызметіне қатысы жоқ, басқада бір қызметін түсінеміз.

**Инвестициялық қызмет дегеніміз** - бұл ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, өтелінетін несиелерді беру және алу.

Қаржылық қызмет, бұл нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшері өзгеріске ұшырайтын субъектінің қызметі болып табылады.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру

арқылы қоғамды дамытудың нақтылы кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған. Қаржы саясатының стратегиясымен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Шаруашылық қатынасында тиімді қаржылық тетіктерді жүргізуді қамтамасыз ету үшін басты үш мәселені шешу қажет, олар: 1) жүргізіліп отырған салық саясатының тиімділігін арттыру, мемлекет деңгейінде салықтарды оңтайландыру; 2) шаруашылық қажеттіліктеріне бюджеттік қаржыландырудың тиімді жүйесінің болуы; 3) қаржылық тетіктерді реттеуді бюджет деңгейлері арасында келісіп жүргізу.

Қаржы тетіктерін реттеу кез-келген мемлекет үкіметінің жұмысында басты орынды алып, транзитті экономикасы бар елдер үшін өте маңызды, өйткені бұл жерде бұрынғы жинақталған тәжірибенің пайдасы болмайды. Нарықтық экономикасы бар елдерде қаржы тетіктерін реттеу негізгі үш функцияға негізделіп құралады, олар: фиксалды; кірістерді экономикалық реттеу; кірістерді теңестіру.

Қаржы тетіктерін реттеу арқылы мемлекеттің экономикалық реттеу саясаты салықтар мен шығындарды, экономиканы тұрақтандыру, экономиканың өсуін ынталандыру, дағдарысты жағдайдан шығу, құрылымдық қайта құрулар және т.б. ретінде пайдалануды қарастырады.

Үкімет қаржылық реттеуде қаржы кірісін одан әрі қарай өсіру үшін, жинақтауға ынтаны көтеру үшін ұзақ мерзімді кезеңде кәсіпкерлік қызметке инвестициялауды арттыру үшін қаржының негізгі үш тетігін қолданады. Қысқа мерзімді кезеңде қаржылық реттеудің ең үлкен тиімділігі тауарлар мен қызметтердің жиынтық сұранысына әсер ету арқылы алынады. Қаржылық реттеу, сонымен қатар мемлекеттің меншік формасын өзгертуі бойынша ұлттық кірістің жинақтау қорлары мен тұтыну қорларының арасындағы қатынасына да әсер етеді. Қаржылық реттеу көмегімен сұраныс пен ұсынысты теңестіруге, қаржы ағынын тиімді орталықтандыру мен бөлшектеуге болады.

Қаржы тетіктерін реттеуді жүзеге асыру - күрделі процесс, онда қарама-қайшы экономикалық мүдделер қақтығысады. Жекелеген саясаткерлердің мүдделеріндегі қайшылықтарды болдырмау және тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін маңызды шараларды шешуді қажет етеді. Бұл жердегі ең қиын шешілетін

тапсырма - қаржылық реттеудің басымдықтарын анықтау болып табылады. Олардың қатарында келесі мақсаттар болуы мүмкін: экономиканың өсуін қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік әділдік, мемлекеттің кепілі, жинақтарды қорландыру мен экономиканы инвестициялау және т.б.

Кәсіпорындардың қаржысы ақша түрінде ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі процестерін көрсетіп, экономикалық заңдардың талаптарына сәйкес іске асырылуына септігін тигізеді. Оларды мемлекет халық шаруашылығын дамыту үшін қажетті ақшалай табыстар мен қорларды бөліп, пайдалануға қолданады. Кәсіпорындардың, ұйымдардың дұрыс жолға қойылған қаржысынсыз экономикалық дамуы мүмкін емес. Кәсіпорындардың қаржысы халық шаруашылығын басқару жүйесінің, экономиканы өзгертудің аса маңызды құралы. Өндірістік қатынастардың бір бөлігі ретінде олар басқа өндірістік қатынастармен бірге халық шаруашылығын басқаруға төменгі буындардың шаруашылық қызметінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы мыналар: кәсіпорындар, ұйымдар, бірлестіктер, концерндер, ассоциациялардың салалық министрліктер мен басқа шаруашылық органдардың, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, көлік, сауда, дайындау, геологиялық барлау, жобалау тұрғын үй – коммуналдық қызметін жүзеге асырушы шаруашылық аралық, салааралық, кооперативтік ұйымдардың (оның ішінде ұжымдық шаруашылықтардың халыққа қызмет көрсетудің, байланыстың, қоғамдық тамақтандырудың) қаржыларын қамтиды.

Меншік формаларының дамуы кооператив, акционерлік, фирма бірлескен жаңа түрпаттағы кәсіпорындары туғызады. Мемлекеттік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарына берілуі меншік түрін өзгертті. Келесі кезең еңбек ұжымының кәсіпорынды толық сатып алып, халықтың немесе ұжымдық кәсіпорынға айналдыруы.

Түбегейлі экономикалық қайта құрулар барысында пайда болған мемлекеттік меншіктің сан алуан формалары - республикалық, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың сан алуан формаларының шығуына жеткізеді. Коммерциялық шаруашылық есептердің дамуы, аймақтардың біршама дербестік алуы бұл процесті тереңдете түседі.

Халық шаруашылығындағы әрбір саладағы қаржының техникалық экономикалық ерекшеліктерінен туындайтын айырмашылықтары бар. Сонымен бір мезгілде халық шаруашылығындағы салалардағы кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың негізгі қағидалары бірдей. Өйткені, бірыңғай экономикалық заңдар, ортақ қағидаларға негізделген. Мұның өзі олардың барлығын бір бастапқы буынға біріктіруге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысының өзіндік мәні және көрінісінің сыртқы формалары бар және олар сан алуан. Олардың беріктілігі біркелкі емес. Қаржының сыртқы формалары жиі өзгертілуде. Мысалы, кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен қарым-қатынас формасы жиі өзгертіліп, жетілдірілуде: көп арналы төлемдерден пайда салығына көшіріледі: қаржының бюджеттен шаруашылық мұқтаждықтарын қаржыландырудың кері қозғалысы өзін – өзі қаржыландырумен ауыстырылды; кәсіпорындардың ішкі қаржы қозғалысының формалары өзгереді; бұл қатынастар нормативтік сипат алып шаруашылық коммерциялық негіз алуда. Қаржы ресурстарының құрылымы, әдістері, жұмсалу бағыттары да өзгеруде. Қаржының мәні де өзгеруде, ол өндірістік қатынастары, олардың даму барысы, мемлекеттің шаруашылық мәдени, әлеуметтік өмірдегі роліне байланысты. Қаржы қатынастары, ең алдымен бөлістік қатынастар. Олардың бөліс жүйесінің өзгерістерге ұшырап, өндірістің тиімділігін ынталандырудағы ролі артуда. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу әдістері мен формаларының өзгеруі кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен және несие жүйесімен нарыққа алу процесінде қаржы қатынастарын өзгертіп, олардың ғылыми - техникалық прогресті жеделдету өндірістің өнімділігін артыруда ынталандырушы ролін баса көрсетуде.

Кәсіпорындар қаржысының мәні жөнінде әзірге ортақ пікір жоқ. Кәсіпорындардың қаржысын айқындайтын экономикалық қатынастар жүйесіне не кіреді? Бір қатар ғалымдар тауарларды сатып алу, сату кезінде және еңбекақы кезінде пайда болатын ақша қатынастарын қаржы қатынастары деп қарауға болмайды деп қарастырады, өйткені олар бұл қатынастардың элементтері емес деседі. Алайда өндірістік қағиданың жақтаушылары керісінше пікірде. Өйткені өндірістегі қаржы қатынастары ұдайы өндіріс кезеңдерін көрсететін экономикалық категория.

Мысалы, айырбас кезінде өнімді өткізуден түскен түсімнен өнім беруші кәсіпорын тұтыну және қорлану қорларын құрайды. Оның барысында өнім беру шартының талаптары орындалмаса, екі жақ бір-біріне қарыздар болса, тиісті қаржы айыптары қолданылады. Еңбекақы, сыйлықтар төлеу барысында туындаған ақша қатынастары арнайы қорлар (тұтыну, еңбекақы, айналым қаражаттарын) құрып, жұмсау арқылы жүргізіледі. Өндіріс қағидасын жақтаушылар қаржы қатынастары өндіріс процесінің барлық кезеңін қамтиды деп санайды.

Осыған байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы бөлу, бақылау және ұдайы өндіріс қызметін орындайды деп тұжырымдауға болады. Ұдайы өндіріс қызметінің мазмұны жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс кезінде материалдық және қаржы қозғалыстары айналымын қамтамасыз ету. Бұл үшін кәсіпорын өндіріс жоспарлары, болжамдары негізінде өнімдерді өткізу, нақты мерзімдерге сай белгіленген экономикалық нормативтері, кірістер мен шығыстар көлемін белгілейді, шығындардың меншікті қаржы есебінен, уақытша алынған басқа кәсіпорындар мен өз қызметкерлерінің қаржысы банк несиелері, айрықша жағдайда бюджет есебінен ақталуын анықтайды.

Кәсіпорындар қаржысының бөлу қызметінің ерекшелігі – жиынтық қоғамдық өнімнің құны айналым қаржысы процесінде белгіленген экономикалық нормативтер негізінде бөлінуі. Мұның өзі ұдайы өндіріс процесінде құнның бөліске және қайта бөліске түсуіне қаржының қатысуын анықтайды. Ақшалай бюджеттер мен қорлардың экономикалық негізінде бөлінуі қаржының ұдайы өндірістегі қызметінің басты шарты.

**Бөліс** - өндіріс пен тұтынуды байланыстыратын буын. Бұл процесс кәсіпорындар мен бірлестіктердің жұмсалған өндіріс құрал жабдықтарды толықтыруға және пайданы құрауға пайдаланған өнімдерді өткізуден түскен ақшалай табыстар алу жолымен жүреді. Пайданың (табыстың) бір бөлігі қайта бөлу барысында орталықтандырылған қорларға - мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорларға түсіп енді бір бөлігі шаруашылықтың қарамағында еңбекақы, әлеуметтік мұқтаждықтар, өндірісті ұлғайту және дамыту жөнінде шығындарды қаржыландыруға түседі. Бұл процестер жөнінде осы тарауда егжей-тегжейлі баяндалған.

Кейбір экономистер кәсіпорындар қаржысына үш қызмет жүктейді:

- ақшалай ресурстармен айналым қаражаттарына қызмет көрсету;

- ақшалай табыстарды бөлу;

- кәсіпорындардың өндірістік – шаруашылық қызметіне бақылау жасау;

Халық шаруашылығы салалары, бірлестіктері, кәсіпорындардың экономикалық қызметі саласында өндірістік қатынастардың өзіндік ерекшеліктері, қаржы қатынастарының басқа ақша қатынастарымен астасуы, олардың өндірістік қорлар айналымымен тығыз байланысы, кейбір ғалымдардың пікірінше, халық шаруашылығы салалары, бірлестіктері, кәсіпорындары қаржысының жалпы мемлекеттік қаржыдан ерекшеленуіне әкелі соғады.

Олардың пікірінше, егер буынға кәсіпорындардың ақша қатынастарының бүкіл жиынтығын қосса, халық шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының ақша шаруашылығын – дербес экономикалық категория ретінде өмір сүруі туралы мәселе қоюға болады.

Қаржы саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың сан қилы қатынастары ірілендірілген топтарда жинақталады; бұл қатынастар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінде мыналардың арасында пайда болады:

Мемлекет пен өндірістік кәсіпорындар арасында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырғанда, сондай-ақ бюджетке төлемдер төлегенде, валюта қорларын қалыптастырғанда:

- шикізат, материалдар, отын т.с.с. төлеу үшін өзара қатынастарға түскен әр түрлі кәсіпорындар мен ұйымдар арасында;

- кәсіпорындар мен ұйымдар арасында акциялар мен құнды қағаздар шығару және өткізу кезінде бірлескен кәсіпорындар құру барысында несиелеу мен үлестік қатынаста;

- кәсіпорындар мен несие жүйесі ұзақ және қысқа мерзімде несиелер берілгені үшін пайыздар төлегенде және т.б.

## Тақырып 9. Қаржы менеджменті стратегиясы және тактикасының ұштастырылуы

1. Кәсіпорынның қаржысын оперативті басқарудың қаржы стратегиясымен ұштастырылуы

2. Қаржылық жағдайды бағалау көрсеткіштері

3. Қаржы тұрақтылығын бағалаудағы баланстық үйлесімдерді сипаттайтын қаржылық коэффициенттер жүйесі

Қаржы менеджменті кәсіпорынның қаржылық қамтамасыз етілуінің тактикасы мен стратегиясы ретінде қаржының тиімді іс-әрекет етуінің мақсаттары үшін оның ағымдарын басқаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның жиынтық ақша айналысын басқару жөніндегі қаржы менеджментінің стратегиялық нұсқамасы ұдайы өндірістік процесті қамтамасыз етуге, берілген критерийлерде ақша қорларын қалыптастыру, оларды нысаналы арналым бойынша пайдалануға бағытталған.

Ақша - несие саясатын қалыптастыруда бір мезгілде екі қарама – қарсы міндеттерді шешіге тура келеді:

– бір жағынан алғанда, айналымдағы ақша массасының өзгерісіне максималды икемділік жағдайын туғызу, яғни шаруашылық конъюктурадыға кез келген өзгерістерге тез бейімделу;

– екінші жағынан алғанда, ақша массасының ұлғаюын шектеу, айналымға артық ақша қаржыларының түсуін жібермеу.

Экономиканың басқа да секторларында сияқты ақша айналымы жағдайына көптеген факторлар әсер етеді. Ақша айналымы теориясында ақшаның тепе-теңдігі жағдайына әсер ететін екі факторлардың тобын бөліп көрсетеді:

1. ақшаға деген сұранысты туғызатын факторлар;

2. ақша ұсынысын туғызатын факторлар.

Бұл екі факторларын өзара бейімделуін қамтамасыз ету процесі өте күрделі, ал бұл бейімділіктің теріс нәтижелері елдегі халық шаруашылығы пропорциясының бұзылуына әкеледі. Ақша айналымының тепе теңсіз жағдайын: баға динамикасыны, ақша айналымының жылдамдығы басқа да әлеуметтік экономикалық факторларға байланысты болады. Егер төлем қаржыларын

айналымға түсіріп отыратын банк жүйесі ақша массасының қажетті деңгейін қамтамасыз етпесе, яғни халық шауашылығында ақшаның көлемі аз болса, бұл төлем қабілетінің төмендеуіне әкеледі, өндірістің құлдырауына, жұмысбастылық деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Керісінше банк жүйесі айналымға нақты қажеттіліктен артық ақша массасын шығарып отырса, ол инфляцияның дамуына, ұлттық валютаның сатып алушылық қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Ақша массасының ұлғайюын екі кезеңнен тұратын процесс ретінде қарастыруға болады:

1. Орталық банктің мемлекеттік органдар және банк жүйесі институттар арасындағы міндеттердің артуы нәтижесінде пайда болатын ақша массасының болуы;

2. Депозиттік банктердегі ақша массасының екінші рет өсуі. Ол қаржылардың мультипликациясы арқылы жүзеге асырылады.

Нәтижесінде берілген несиенің бір бөлігі депозиттік банктерге қайта қайтарылады.

**Ақша агрегаты** бұл ақша массасының құрылымы мен көлемінің көрсеткіші болып табылады. Агрегаттау дегеніміз бір бірінен өтімділігі жағынан ерекшеленетін бірнеше ақша түрлерінің бірігуін білдіреді. Ақша агрегаты белгілі бір кезеңде және белгілі бір уақытта ақша айналымындағы сандық өзгерістерді талдау үшін қолданылатын көрсеткіш. Сонымен бірге ақша массасының көлемі мен өсу қарқынын реттеуге бағытталған шараларды жасауға арналған көрсеткіштердің бірі болып табылады.

ҚР – ның қаржылық статистикасында ақша массасын анықтау барысында келесі ақша агрегаттары қолданылады:

1.  $M_0$  – бұл аналымдағы қолма-қол ақша (банк жүйесінен тыс).

2.  $M_1$  –  $M_0$  + заңды және жеке тұлғалардың теңгедегі аудармалы депозиттері.

3.  $M_2$  –  $M_1$  + теңгедегі басқа депозиттер және заңды, жеке тұлғалардың шетел валютасындағы аудармалы депозиттер.

4.  $M_3$  (ақша масса) -  $M_2$  + заңды және жеке тұлғалардың шетел валютасындағы басқа депозиттері.

**Аудармалы депозиттерге** мыналар жатады:

1. Әрқашан шектеусіз атаулы құнымен ақшаға ауыстырылатын депозиттер.

2. Чектің және басқа да төлем құралдарының көмегімен есеп айырысулар жүргізу.

3. Төлемдер жүргізуде кеңінен қолданылатын депозиттер.

**Басқа депозиттер** – ол белгілі уақыт аралығанан кейін ғана алынатын және төлемдер жүргізуде қолданбайтын депозиттер.

Қаржы менеджментінің маңызды аспектісі *кәсіпорынның қаржылық жай-күйін* талдау болып табылады. Бұл кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын (төлем қабілеттілік, баланс өтімділігі, несие қабілеттілік, рентабельділік), оның рыноктағы жағдайын (бәсекеге жарамдылығын) сипаттау үшін қажет.

**Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі** деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек деп есептейміз. Төлем қабілеттілігі белгілі бір мерзімде қолдағы ақша сомасының жедел төлемдер сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігі коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігі коэффициенті 1-ге тең немесе үлкен болса, онда бұл ол кәсіпорынның төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер коэффициент 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлеу құралдарының жетіспеуі себептерін анықтау керек.

Кәсіпорынның перспективті төлем қабілеттілігін анықтау үшін кәсіпорын активіндегі ақша қаражатына айналдыра алатын жылдамдық және дайындықты сипаттайтын өтімділіктің статистикалық көрсеткіштері кеңінен пайдаланылады. Үш көрсеткіш жиі қолданылады:

1. Абсолютті өтімділік коэффициенті;

2. Аралық өтеу (жабу) коэффициенті;

3. Жалпы өтеу (жабу) коэффициенті.

**Баланс өтімділігі.** Кәсіпорынның өтімділігі өзінің міндеттемелерінің уақыты келгенде төлеу үшін, қолда бар қаражаттарды (активтерді) тезірек жұмылдыру мүмкіндігінде жатыр. Өтімділік кәсіпорынның сөзсіз төлем қабілеттілігін білдіреді және активтер мен міндеттемелердің арасындағы жалпы сомасы бойынша да, келіп түсу уақыты бойынша да әрдайым теңдікті көрсетеді. Сондықтан, кәсіпорынның төлем қабілеттігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек. Баланс өтімділігін талдаудың мәні – активтегі өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыруда.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты, кәсіпорын активтері келесідей

топтарға бөлінеді:  $A_1$  - Ең өтімді активтер.  $A_2$  - Тез өткізілетін активтер.  $A_3$  - Баяу өткізілетін активтер.  $A_4$  - Қиын өткізілетін активтер.

Баланс пассивтері оларды қайтару, төлеу уақытының мерзіміне байланысты топтастырылады:  $P_1$ - Неғұрлым тезірек төленуге тиісті міндеттемелер.  $P_2$  - Қысқа мерзімді міндеттемелер.  $P_3$  - Ұзақ мерзімді міндеттемелер.  $P_4$  - Тұрақты міндеттемелер.

Мұнда актив пен пассив баптары белгілі бір тәртіппен топталады - өтімділігі жоғарылардан бастап өтімділігі төменгілерге (актив), яғни өтімділігінің төмендеу тәртібі бойынша қайтару уақыты ұзақтардан қайтару уақыты қысқаларға қарай (пассив), яғни қайтару уақытын жоғарлату тәртібі бойынша болады.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштің бірі – несиеге қабілеттілігі.

Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін талдаудың негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтау;
- қарыз алушының шаруашылық қызметінің тиімсіздігі салдарынан несие ресурстарын жоғалтудан алдын-ала сақтандыру;
- қарыз алушы кәсіпорынды оның тиімділігін көтеру бағытында қызметін ынталандыру;
- несиелердің тиімділігін көтеру;

**Ретабельділік.** Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздерін ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жатады.

Табыстылық көрсеткіштері үш топқа бөлінеді:

- жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері;
- өнімдер;
- ақша қаражаттарының (таза ағымы) немесе түсімі негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері.

Табыстылық көрсеткіштеріне талдау жүргізушілер:

- басқару тиімділігінің көрсеткіштері;
- кәсіпорынның инвестициялау мақсатында қажетті табысты жеткілікті түрде ала алу қабілетін көрсететін өлшеуіш;
- табысты болжау әдісі;

▪ шешім қабылдау және бақылау құралы ретінде пайдаланылады.

Қаржы тұрақтылығын бағалаудағы баланстың үлесімдерді сипаттайтын қаржылық коэффициенттері мыналар: тәуелсіздік коэффициенті, тәуелділік коэффициенті, қаржыландыру коэффициенті, қатыстырылған капиталдың меншіктік капиталға қатынасы коэффициенті, инвестициялау коэффициенті.

Тәуелсіздік коэффициентін меншікті капиталды барлық авансталған капиталға бөлумен анықталады. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын меншікті капиталдың қатыстырылған капиталға қатынасын көрсететін қаржыландыру коэффициенті болып табылады. Кәсіпорында қаржыландыру коэффициентінің кері көрсеткіші кеңінен қолданылады, қатыстырылған капиталдың меншіктік капиталға қатынасымен анықталатын қарыз және меншікті қаражаттар қатынасының коэффициенті. Инвестициялау коэффициенті меншікті капиталдың негізгі құралдарға қатынасымен анықталады.

Банкроттықтың ықтималдылығын бағалаудың ең жиі қолданылатын әдісі белгілі американ экономисі Э. Альтман ұсынған Z модельдері. Осы модельдердің ішіндегі ең қарапайымы екі факторлы модель болып табылады

$$Z = -0,3877 + K^{**}(-1,0736) + K^3 * 0,0579$$

Альтманның жалпы түрдегі моделі (несие қабілеттілік индексі) бес негізгі көрсеткіш бойынша:

$$Z = 1,2 * K_1 + 1,4 * K_2 + 3,3 * K_3 + 0,6 * K_4 + 1,0 * K_5$$

## Тақырып 10. Кәсіпорындағы қаржылық есеп беруді басқару

1. Кәсіпорындағы қаржылық есептіліктің мәні
2. Кәсіпорындағы қаржылық есептіліктің қағидалары

**Қаржылық есептілік стандарты** - бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау принциптері мен әдістерін белгілейтін құжат.

**Есеп беру** деп кәсіпорынның өткен кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметін кешенді түрде сипаттайтын барлық

көрсеткіштер жүйесін айтамыз. Есеп беру процесін жасау есеп жұмысының соңғы сатысы болып табылады.

Қаржылық есеп берудің мақсаты өз пайдаланушыларына заңды тұлғаның қаржылық жағдайы туралы сенімді, мәнді және пайдалы ақпараттарды беру болып табылады. Қаржылық есеп берудің пайдаланушыларының қатарына потенциалды инвесторлар, кредиторлар, жабдықтаушылар, сатып алушылар, еңбеккерлер, сондай-ақ мемлекеттік органдар кіреді. Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін қоспағанда, қаржылық есептілік мынаны қамтиды:

1. бухгалтерлік баланс;
2. пайда мен зияндар туралы есеп;
3. ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
4. капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
5. түсіндірме жазба.

Қаржылық есептілікті жасау тәртібі және оған қойылатын қосымша талаптар халықаралық стандарттарға және ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сай белгіленеді. Есеп беру 4 БЕС талаптары бойынша жасалады. Есепте негізгі (операциондық), инвестициялық және қаржы жөніндегі қызметін жүзеге асыру нәтижесінде алынған ақшалай қаражат ағыны туралы барлық деректері, қаржы қызметінде пайдаланатын таза ақшалай қаражаты, ақшалай қаражаттың және олардың эквиваленттерінің таза көбеюі, жылды басындағы және аяғындағы ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері көрсетіледі. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік және қаржылық есептілік заңының 3-тарауының 13-19 бап аралығы Қаржылық есептілік туралы заңдар қамтылған. Егер ҚР заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілік көлемін, оны жасау нысандары мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Қаржылық есептілікке ұйымның басшысы немесе бас бухгалтері, дара кәсіпкер қол қояды. Бухгалтерлік есебін бухгалтерлік ұйым немесе кәсіби бухгалтер жүргізетін ұйымның қаржылық есептілігіне ұйымның басшылығы, сондай-ақ бухгалтерлік ұйымның басшысы немесе кәсіби бухгалтер қол қояды. Есеп беруге қойылатын негізгі талаптар: кәсіпорын қызметінің нәтижесін анық және объективті көрсету, барлық көрсеткіштерді бір-бірімен қатаң түрде үйлестіру, бухгалтерлік пен

жедел-статистикалық есеп берудің сабақтастығын сақтау, әдістемелік және басқа да ережелерді сақтау болып табылады. Бұрмаланған есеп бергені үшін кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері ҚР-ның әрекет етіп тұрған заңдарына сәйкес жауап береді. Қаржылық есеп берудің негізгі қағидалары болып:

**Есептеу.** Қаржылық есеп беру есептеу қағидасының негізінде жасалады, соған сәйкес өнім жөнелтілген, жұмыс атқарылған кезінен бастап, олардың төлену нәтижесіне қарамастан табыс болып танылады, ал шығысы мен зияны орын алынған кезінен бастап танылады.

**Толассыздық.** Субъект өз қызметін жақын арада тоқтатпауды топшылайды және ондай ниеттің көз жетерлік болашақта пайда болуын да мақсат тұтпайды.

**Түсініктілік.** Қаржылық есеп беруде берілген ақпарат пайдаланушыларға түсінікті болуы тиіс.

**Маңыздылық.** Қаржылық есеп беруді пайдаланушылар ондағы мәліметтерге қанағаттануы тиіс, қаржылық, шаруашылық, жедел жағдайларын бағалаған кезде олардың қабылданған шешіміне алынған мәліметтер өз септігін тигізуі керек.

**Мәнділік.** Қаржылық есеп беру негізінде қабылданған экономикалық шешімдер олардың ұғымдарының дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне әсер етуі мүмкін.

**Дұрыстық.** Есеп беру негізінен анық мәліметтердің көрсеткіштерінен құралады, егер де онда мәнді қателер немесе күні бұрын пішілген ойлар болмаса.

**Шындық және алалықсыз ұсыну.** Қаржылық есеп беру субъектінің ақша қаражатының қозғалысы, операцияның нәтижесі, қаржылық жағдайы туралы пайдаланушыларға шындық және алалықсыз мәліметтерді ұсыну керек.

**Бейтараптылық.** Қаржылық есеп беруде берілген ақпараттар күні бұрын ойластырылған мәліметтен алшақ болуы керек, яғни сенімді болжамы болғаны абзал.

**Сақтық.** Кез келген шешімді қабылдаған кезде сақтық деңгейін сақтаған жөн, белгісіз жағдайда активтер мен табысты, сондай-ақ міндеттемелер мен шығыстың қайта бағалануына барынша жол бермеу керек.

**Аяқтау және салыстыру.** Қаржылық есеп берудегі ақпараттардың анықтылығын қамтамасыз ету мақсатында ондағы мәліметтер толық болуы тиіс. Ақпараттардың пайдалылығы мен

мазмұндылығын арттыру үшін бір есептік кезеңі екінші бір есептік кезеңмен салыстырылуы тиіс.

**Жүйелілік.** Пайдаланушы субъектінің қаржылық есеп беруін, оның әртүрлі есептік кезеңмен салыстыру мүмкіндігін қалыптастыру керек, өйткені оның көмегімен қаржылық жағдайдың тенденциялық өзгерістерін анықтай алады, демек қабылданатын шешімдердің жүйелілігін сақтау мүмкіндігі артады.

**Баланс** - есепті жылдың басындағы және соңындағы кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды және маңызды қызметтер атқарады. Баланс ақпараттары негізінде сыртқы қолданушылар берілген кәсіпорынмен өзінің серіктесі ретінде жұмыс жүргізудің мақсатқа сәйкестігі және оның шарттары туралы шешімдер қабылдайды; өз салымдарының мүмкін болатын тәуекелділіктерін және берілген кәсіпорынның акцияларын иеленудің орындылығын және басқа шешімдерді бағалайды.

Баланстың актив бөлімінің құрлымына сай ерекшелік – бұл яғни баланс бөлімдері мен баптрының әр бөлім ішінде (шегінде) қатаң, белгілі бір дәйектілікпен орналасуы – яғни олардың өтімділік дәрежесіне байланысты мына принцип бойынша: өтімділік дәрежесі аз активтерден өтімділігі көп активтерге дейін, демек басында балансстың өтімділігі жағынан төмен бөлімдері мен баптары жазылады, содан кейін өтімділігінің өсу деңгейіне байланысты жоғары өтімді активтер жазылады. Осы принцип бойынша активтің қорытынды баптары ең өтімді айналым қаражаттары (ағымдағы активтер) болып табылады, олар қысқа мерзімді қаржылық салымдар, кассадағы, есеп айырысу және валюталық шоттардағы ақша қаражаттары, сондай-ақ басқа да ақша қаражаттары. Баланс пассивінің бөлімдері мен баптары төлем мерзімінің жеделдік дәрежесіне байланысты мына принципке сай құрылады: төлем мерзімінің жеделділігі аз бағыттарынан жеделділігі көп бағыттаға дейін. «Баланс – бұл кәсіпорынның белгілі бір күндегі қаржылық жағдайының кестесі болып табылады.

**Активтер** дегеніміз бұл кәсіпорын нені иеленеді және ол нені алуға тиіс, соны көрсетеді (немесе активтер – бұл кәсіпорынның иелігіндегі және алуға тиісті мүлкі) пассивтер – бұл кәсіпорынның өзінің біреуге берешек қарызы немесе борышы. Активтер сомасы әрқашан да пассивтер сомасына тең болуы тиіс.

Әрі қарай олар балансстың негізгі элементтерін келесідей сипаттайды:

**«Активтер** - бұл өткен жағдайлардың нәтижесінде кәсіпорынмен бақыланатын және болашақта кәсіпорынға экономикалық табыс әкелетін ресурс.

**Пассив** - бұл өткен жағдайлардан пайда болған кәсіпорынның ағымдағы міндеттемесі. Оны өтеу экономикалық табыс алумен байланысты кәсіпорынресурстарының шығынына (сыртқа кетуіне) әкеліп соқтырады.

**Капитал** - бұл пассивтерді активтерден алып тастағандағы кәсіпорынның өзіндік қаражаты».

Баланс бухгалтерлік есептің «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» №30 стандартымен анықталады. Ол активтердің, меншікті капитал және міндеттемелердің мәнін анықтайды, сондай-ақ қаржылық есеп беруде анықтауға жататын ақпараттарға деген талаптардан тұрады. Баланста ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелердің жиынтық сомасы анықталады.

Баланста ағымдағы активтер мен міндеттемелерді және олардың жиынтық сомасын анықтау, қаржылық есепті пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауға және дәлелді басқарушылық шешімдер қабылдаудға қажет болатын ақпараттармен қамтамасыз етеді. Тікелей түрде құрастырылған баланс 5 бөлімнен тұрады:

- 1) қысқа мерзімді активтер;
- 2) ұзақ мерзімді активтер;
- 3) қысқа мерзімді активтер;
- 4) ұзақ мерзімді актив;
- 5) меншікті капитал.

## Тақырып 11. Қаржылық жоспарлау және болжау әдістері. Бизнес - жоспар және оның қаржылық аспектілері

1. Кәсіпорынның ағымдағы қызметін бюджеттендіру жүйесіндегі қаржылық жоспарлау
2. Бизнес - жоспардың ролі және мазмұны
3. Бизнес - жоспардың негізгі бөлімдері және олардың сипаттамасы
4. Бизнес - жоспарлау жүйесіндегі қаржылық көрсеткіштер

**Қаржылық жоспарлау мен болжау** - бұл қаржы механизмінің қосалқы жүйесі, сапалы басқарудың аса мыңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік - экономикалық жоспарлаудың құрамдық бөлігі.

**Қаржылық жоспарлау** – бұл белгілі бір кезеңге арналған қаржы ресурстарының және тиісті қаржы қатынастарының қозғалысын негіздеудің ғылыми процесі.

**Қаржылық жоспарлаудың тікелей объектісі** - табыстар мен қорланымдарды жасау және бөлу, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану.

**Қаржыны жоспарлаудың міндеті** - жұмылдырылатын және пайдаланылатын қаржы ресурстарының ұдайы өндірістің материалдық - заттық элементтеріне оңтайлы сәйкестігі негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жүйелердің дамуының үйлесімдігі мен теңгерілімдігіне жету.

**Қаржылық жоспарлаудың мақсаттары мыналар:**

1. қаржы ресурстарын қалыптастырудың көздерін және олардың жалпы мөлшерін анықтау;
2. орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында, ұлттық шаруашылық салалары мен әкімшілік – аймақтық бөлімшелер арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үлесімдерін белгілеу;
3. қаржы ресурстарын пайдаланудың нақтылы бағыттырын анықтау және қажетті резервтерді жасау.

Болжам – арнайы ғылыми зерттеудің негізінде болашақтағы қандай болса да бір құбылыстың, объектінің, процестің дамуының нақтылы келешектері туралы болжамды әзірлеу. Қаржылық болжау мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын – ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін дәлелдеу

Қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:

- экономикалық процестерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық үлгілерді жасау;

- корреляциялық - регрессиялық талдау;

- тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

Қаржыны жоспарлау белгілі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына жататын ең маңыздылары мыналар:

1. Экстраполяция (немесе коэффициенттер) әдісі;

2. Сараптық бағалау әдісі;

3. Нормативтік әдіс;

4. Баланстық әдіс;

5. Бағдарламалық – мақсатты әдіс;

6. Экономика – математикалық әдістері.

**Жоспарлау** - жоспарлаудың өзін әзірлеуді, оның орындалуын ұйымдастыруды және атқарылуын бақылауды *қамтитын процесс*. Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесінде сонымен бірге индикативтік, яғни ұсынбалы (нұсқамалық) жоспарлау пайдаланылады; ол ақпараттық – үйлестіруші рөлді орындайды және қаржы қызметінің субъектілеріне экономикалық реттеуіштер арқылы жанама түрде ықпал етеді. *Индикативтік жоспарлау* нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуде және экономиканың стратегиялық ұзақ мерзімді бағыттарын анықтауда маңызды орын алады, мұның процесінде экономиканы ойдағыдай дамытудың бүкіл шегі анықталады.

Қазақстанда индикативтік жоспарлау 1993 жылдан бері енгізілді. Оны жасау барысында батыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінің тәжірибелері негізге алынып келеді. 1996 жылдан бері ағымдағы индикативтік жылдық жоспарлау негізінде мемлекеттік бюджетті құрау жұмыстары қалыптасты.

Индикативтік жоспарлаудың қазіргі кезеңдегі басты ерекшелігі зерттемелік қасиеті. Яғни қоғамдағы тенденцияларға терең және жан-жақты сараптама жасау арқылы әлеуметтік – экономикалық дамудың нысандары көзделінеді әрі алда тұрған

небір өзекті мәселелер нақты белгіленеді. 2001-2005 арналған индикативтік жоспардың басты мақсаты – экономикада бәсекелестікті арттыру.

Индикативті жоспардың ажырағысыз бөлігі *индикативтік қаржылық жоспарлау* болып табылады, бұл жоспарлаудың басты мақсаты—болжанған дамуды қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарының шамаланған ауқымын және олардың бағытын анықтау. Индикативті қаржы жоспарларының мемлекеттік секторда ғана міндетті сипаты, ал меншіктің басқа нысандарының секторлары үшін кепілдемелік сипаты болады. Соңғыға экономикалық тетіктерді – реттелетін бағаны, субсидияларды, кредиттерді, салық мөлшерлемелері мен жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны және басқаларды пайдалану арқылы жетеді. Аса маңызды индикаторларға мыналар жатады: валюта бағамы, инфляцияның болжанған деңгейі, Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемелері, амортизациялық аударымдардың нормалары.

Әлеуметтік - экономикалық болжау жүйесінде қаржылық жоспарлау белсенді рөл атқарады. Қаржы жоспарларын әзірлеу кезінде өнірістік тапсырмалардың қауырттылығының дәрежесі тексеріледі, өнім өндіру мен оның сапасын жақсарту бойынша өндірістік қуаттарды неғұрлым толық пайдалану есебінен, шығындарды төмендету және өнімсіз шығасыларды қысқарту резервтері есебінен қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктері анықталады. Өндіріске қолда бар материялдық ресурстарды тартуды, айналым қаражаттарының айналымдылығын тездетуді, құрылыстың сметалық құнын төмендетуді, басқару аппаратын ұстау шығындарын қысқартуды және т.т. ескере отырып, сондай-ақ ақшаға деген қажеттілікті азайтудың жолдары қарастырылады. Сөйтіп, қаржылық жоспарлау, бір жағынан – қоғамдық өндірістің процесінде ықпал жасаудың белсенді құралы болып табылады.

Қаржылық жоспарлаудың әдістемелігі аса маңызды **мына қағидаларға** негізделеді:

- *орталықтандырылған және орталықтандырылмаған көзқарастардың үйлесуі*. Бұл қаржы жоспарларын жасағанда екі негіздің (бастаудың) - орталықтандырылған қаржылық жоспарлаудың жергілікті (төменгі) бастаманы барынша дамытумен етене ұштасуын білдіреді. Орталықтандырылған қаржылық жоспарлау мемлекетке бірыңғай қаржы саясатын жүргізуге,

мемлекетауқымында қаржы ресурстарын бөлуді және қайта бөлуді нысаналы басқаруға мүмкіндік береді. Қаржылық жоспарлаудағы децентрализм өндірістік бірліктер мен биліктің жергілікті органдарының нақтылы жоспарлар жасап, оларды орындаудағы, өндірісті өркендеудің және оның нәтижелілігін арттырудың резервтерін іздестірудегі шығармашылық белсенділігін дамытуға жәрдемдеседі;

- биліктің жергілікті органдары бюджеттерінің олардың аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің нәтижесіне тәуелділігін белгілейтін ұзақ мерзімді нормативтердің негізінде аймақтардың қаржыларын басқарудың экономикалық әдістеріне кошу үлкен маңызға ие болып келеді. Сонымен бір мезгілде жалпымемлекеттік қаржыларды жүйелі түрде нығайту, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің тұрақтылығын, қоғымдық өндіріс дамуының әлеуметтік бағдарлануын күшейтудегі, тиімділікті арттырудағы оның ролін арттыру қажет;

- бірлік қағидаты қаржылық жоспарлаудың экономикалық және әлеуметтік жоспарлаумен тығыз өзара байланысымен өзара тәелділігінде көрініп білінеді. Қаржы жоспарларының негізінде экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларымен болжамдарының көрсеткіштері жатыр. Сонымен бірге қаржылық жоспарлаудың барысында объектінің дамуының белгіленген параметрлері дәлелденіп, анықталады, экономикалық және әлеуметтік жоспардың жеке элементтер мен бөлімдерінің баланстық байланыстары тексеріледі. Қаржылық жоспарлаудың бірлігі сонымен бірге қаржы жоспарларының барлық түрлерінің тығыз өзара байланысын білдіреді. Жоғарғы ұйымдардың қаржы жоспарларының көрсеткіштері оған қарсы субъектілердің жоспарлы жобаламаларын қамтиды. Мемлекеттік деңгейде жасалынатын қаржы жоспарлары (мемлекеттік бюджет) басқарудың жергілікті органдарының кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржы жоспарларының көрсеткіштерін тірек етеді;

- *жоспарлаудың үздіксіз қағидаты* перспективалық және жылдық (ағымдағы) қаржы жоспарларының тығыз үйлесуін қажет етеді, бұған перспективалық жоспарлаудың іс-қимылының мезгілін ұзартумен және жылдық жоспарлауда олардың міндеттерін нақтылаумен қо жетеді. Қаржыны жоспарлаудың бұл қағидаты ағымдағы және перспективалық жоспарлаудың арасында үзілісті болдырмауға, шаруашылық жүргізуші субъектілерді, олардың

нақтылы даму перспективаларын анықтай отырып, дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді.

Экстраполяция (немесе коэффициенттер) әдісі. Оның мағынасы қаржы көрсеткіштерін олардың динамикасын белгілеу негізінде анықтауға болады. Есеп-қисаптар есепті кезеңнің жетістіктері және оларды өсудің немесе төмендеудің салыстырмалы тұрақты қарқынына түзету негізінде жүргізіледі. Мұндай тәртіптің айтарлықтай кемшіліктері бар:

- мүмкін болатын ішкі шаруашылық резервтерді анықтауды есепке алмайды;

- материал және ақша ресурстарын пайдалануға теріс әсер етеді, өйткені жоспарланатын кезеңде олардың көлемі қол жеткен деңгейге қарай анықталады.

**Сараптық бағалау әдісі** жоспарлау объектісінің жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін аса білікті мамандардың – сарапшылардың тәжірибесін пайдалануды қажет етеді.

**Нормативтік әдіске** сәйкес жоспарлы қаржы көрсеткіштері белгіленген нормалар мен нормативтердің негізінде есептеп шығарылады.

**Баланстық әдіс** шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесімділігін, қаржы жоспарларының барлық бөлімдерінің, сонымен қатар өндірістік және қаржы көрсеткіштерінің өзара үйлесуін қарастырады. Қаржы балансының талаптарын сақтау кәсіпорынның, саланың, бюджеттердің, бүкіл ұлттық шаруашылықтың шығындарымен табыстарының арасында үйлесімділіктің пайда болуынан сақтандыруға; ұлттық шаруашылықты дамытудың қажетті қарқындары мен үйлесімдерін анықтауға; ішкі резервтерді жұмылдыруды ескере отырып оларды жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді.

**Бағдарламалық мақсатты әдіс** нарық жағдайында түрлі деңгейлерде – жалпыұлттық, салалық, бастапқы деңгейлерде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізінде қаржылық болжау әдістерінің бірі ретінде дамиды. Қаржылық бағдарламалау – бағдарламалық – мақсатты тәсілдемені пайдаланатын қаржылық жоспарлаудың әдісі, бұл әдістің негізінде айқын тұжырымдалған мақсаттар және оған жетудің құралдары қойылған.

Бағдарламалау мыналарды қажет етеді:

- басымдылықтарды белгілеу (анықтау);

- қаражаттарды жұмсаудың тиімділігін арттыру;

- балама нұсқаны таңдауға сәйкес қаржыландыруды тоқтата тұру.

Бағдарламаның нұсқасын таңдау ең алдымен экономикалық факторларға (ресурстық) байланысты болады. Қаржы саясаты саласындағы қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар мен шараларды келістіру әдісі ретіндегі бағдарламалау қаржылық жоспарлаудың осы заманғы практикасында белсенді пайдаланылуы тиіс.

Есеп-қисаптың көп нұсқалылығы, ең жақсы шешімдерді таңдау *экономикалық - математикалық әдістерді*, ұзақ мерзімге жасалынатын қаржы болжамдары үшін ЭЕМ-ды неғұрлым кеңінен пайдалануды қажет етеді.

Объективті талаптарға жауап беретін қаржылық жоспарлауды ұйымдастыру оның негізгі қағидаттарын саналы есепке алуды қажет етеді. Отандық экономикалық әдебиеттерде қаржылық жоспарлаудың қағидаттарын анықтауда әртүрлі көзқарас бар. Алайда қағидаттар басқарудың бұл стадиясының негізгі ережелері ретінде дамудың барлық дәуірі, кезеңдері үшін бірдей болады. Өзгеретін жоспарлаудың қағидаттары емес, тек оларды іске асырудың механизмі, өндіргіш күштердің, ғылымның және көптеген басқа факторлардың даму деңгейіне байланысты оның әдістері өзгереді.

Қаржылық жоспарлауда тарихи мына *ұйымдық қағидаттар* қалыптасты: ведомстволық, салалық, аумақтық және предметтік – мақсатты. *Ведомстволық* және *салалық* қағидаттар экономиканы бір орталықтан басқарудың (оның қатаң, әміршіл әдістерімен) кезеңіне сипатты болды.

Нарықтық қатнастар жағдайында аумақтық және предметтік - мақсатты қағидаттар кеңінен қолданылатын болды. *Аумақтық қаржылық жоспарлау* әкімшілік- аумақтық бірліктердің қаржы ресурстарын анықтауға мүмкіндік береді; ресурстар ауқымын шаруашылық қызметтің нәтижелеріне тәуелді ғып қоюға көмектеседі; объективті себептер бойынша ресурстардың тапшылығы жағдайында аймақтың қолайлы әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін оларды орталықтандырылған қорлар арқылы қайта бөлу мүмкін. Қаржылық жоспарлаудағы *предметтік-мақсатты қағидат* белгілі бір экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және басқа бағдарламаларды қамтамасыз ету

үшін қаржы ресурстарын нақтылы қалыптастыруға және пайдалануға бағытталған.

Қаржы жоспарларын жасау негізінен үш кезеңнен тұрады: **бірінші кезеңде** есеп беріліп отырылған мезгілдің қаржы көрсеткіштерінің орындалуына *экономикалық талдау* жасалады. Қаржы көрсеткіштерін талдау өндірістік мәліметтермен өзара байланыста жүргізіледі. Мұның өзі қаражаттарды толық жұмылдырудың себептерін ашуға, оларды пайдаланудың тиімділігі дәрежесін анықтауға, ішкішаруашылық резервтерді табуға мүмкіндік береді.

**Екінші кезеңде** әлеуметтік және экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының көрсеткіштері негізінде кірістер мен шығыстардың негізгі топтары бойынша жоспарланатын жылға арналған *кірістер мен шығыстардың нақты түрлерінің есеп-қисаптары* жасалады.

**Үшінші кезеңде** сметадағы тапсырмалар және кірістердің баптары үйлестіріліп, теңестіріледі. Егер қарастырылған шаралар мен жоспарлы тапсырмалар ақша ресурстармен сәйкес келмеген жағдайда табыстар мен қорланымдарды көбейтудің көздері іздестіріледі, оларды аса тиімді пайдаланудың жолдары анықталады, ал кейбір жағдайда шығындардың жеке түрлерін тікелей қысқарту қарастырылады.

Бизнес –жоспар – бұл кәсіпкерлік қызметтің техникалық – экономикалық негізіне саймасай болатын құжат. Ол мемлекеттік кәсіпорындардың экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларына қарағанда жекеше кәсіпорындар қатынастарының барлық жақтарын анағұрлым толық қамтиды. Бизнес – жоспар өнімнің немесе қызметтер көрсетудің ерекшеліктерін, олардың бәсекелестік қабілетін, өтім рыногін бағалауды (рынок болжамы) және сақтандыруды сипаттайтын бөлімдерді қамтиды.

Әдетте бизнес жоспар 2 бөлімнен тұрады: «А» - жобаның мәтіндік сипаттамасы және «Б» - қаржылық есептеулер.

## Тақырып 12. Коммерциялық банктердегі қаржы менеджменті

1. Коммерциялық банктердегі қаржы менеджментінің ерекшеліктері
2. Коммерциялық банктің қаржы тұрақтылығын басқару
3. Банктің қаржы жағдайын анықтау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер
4. Банктің қаржы тұрақтылығын есептеу

**Банктегі қаржы менеджменті** өзіне мынадай келесі басқаруды кіргізеді:

- банктегі меншікті капиталмен;
- активтермен;
- заемдық қаражаттармен;
- пассивтермен;
- пайдамен;
- инвестициялық портфельмен;
- валюталық портфельмен;
- коммерциялық банктің өтімділігімен.

Меншікті капиталды басқарудың сапасы бағаланады:

- а) тартылған капиталдың акционерлік капиталға қатынасының анықталуымен;
- б) ұқсас банктер тобы бойынша сәйкестілінген орташа көрсеткішпен дивидендтер төленуін салыстырумен.

**Өтімділік** – банктің сенімділігін қамтамасыз ететін, оның қызметінің жалпы сипаттамаларының бірі. Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттігін білдіреді. Банктің міндеттемелері нақты және потенциалды деп екіге бөлінеді. Банктің нақты міндеттемелері: талап ету депозиттер, мерзімді депозиттер, тартылған банкаралық ресурстар, несие берушілердің қаражаттары түрінде банктің балансында көрсетіледі. Ал потенциалды немесе баланстан тыс міндеттемелерге банктен берген кепіл – хаттар, клиенттерге несие желілерін ашу, т. б. арқылы көрсетіледі. Банк өтімділігі мынадай қызметтерді атқарады:

- депозиттерді алу мен несиелерге байланысты сұранысты

қанағаттандыру;

- тиімділік тәуекелін азайту және банктің өтімділігін қамтамасыз ету;
- активтерді зиянсыз сату;
- тартылған қаражаттары бойынша төлей алмау тәуекелі үшін сыйақы мөлшерін шектеу.

Банк өтімділігінің екі формасы, яғни міндеттемелерді өз уақытында және шығынсыз орындауы көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен анықталады. Активтердің өтімділік дәрежесі олардың айналымына байланысты. Банк активтері өтімділік дәрежесіне қарай төрт топқа бөлінеді: алғашқы топқа жоғары дәрежелі өтімді активтер жатады:

а) банк кассасындағы немесе корреспонденттік шоттардағы ақшалай қаражаттар;

б) банк портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздар.

Екінші топқа заңды және жеке тұлғаларға берілетін қысқа мерзімді қарыздар, банкаралық несиелер, факторинг операциялары, акционерлік қоғамдардың коммерциялық бағалы қағаздары жатады.

Үшінші топ активтеріне: банк ұзақ мерзімді салымдары мен инвестициялары, ұзақ мерзімді қарыздар, лизингтік операциялары, инвестициялық бағалы қағаздар.

Активтердің төртінші тобына: мерзімі өткен қарыздар түріндегі өтімсіз активтер, бағалы қағаздардың кейбір түрлері, үйлер мен ғимараттар, жабдықтар жатады.

Менеджмент, яғни жалпы банктің және өтімділігін басқару жүйесі де банк өтімділігінің анықтайтын ішкі факторлардың біріне жатады. Банк басқару сапасы мыналармен анықталады:

- банк саясатының болуы және мазмұны;
- стратегиялық және ағымдағы міндеттерді жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік беретін банктің аймақтық ұйымдастыру құрылымы;
- банктің активтері мен пассивтерін басқару механизмі;
- әртүрлі процедураларының нақты мазмұнын анықтау;
- білікті мамандардың болуы;
- қажетті ақпарат базасының болуы;
- банк қызметін басқару жүйесінің ғылымилығы.

Банк өтімділігінің жағдайы бірқатар сыртқы факторларға, яғни қызметінен тыс факторларға байланысты. Оларға мыналар жатады:

- елдегі жалпы саяси және экономикалық жағдай;
- бағалы қағаздар нарығының дамуы;
- банкаралық несие нарығының дамуы;
- қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастыру;
- орталық банктің қадағалау қызметінің тиімділігі.

### Тақырып 13. Қаржы менеджментінің халықаралық аспектілірі

1. Ұзақ мерзімді шетелдік инвестицияларды алудың негізгі тәсілдері
2. Қысқа мерзімді валюталық қаржыландыру көздері
3. Халықаралық сауданы қаржыландыру

**Сыртқы экономикалық қызметтің маңызды аспектісі** – шетел инвесторларларының қатысуы және республика экономикасын тұрақтандыру үшін шетел несиелерін тарту. Бұл қаражаттар ұлттық шаруашылықтың құрылымын жетілдірудің басым міндеттерін шешу, рынокты тұтыну тауарларымен молайту және экспорттық әлуетті кеңейту үшін нысаналы әрі тиімді пайдаланылуы тиіс. Несиелерді қамтамасыз ету үшін алтын – валюта резервтері жасалған олар сонымен бірге ұлттық валютаны да қамтамасыз етеді. Несиелерді қамтамасыз етудің басқа нысаны экспорттық тауарлардың қорлары болып табылады.

*Шетел капиталы* елге несие, дамуға ресми көмек, инвестициялар сияқты үш әртүрлі нысанға түседі.

*Инвестициялардың* екі түрі болады: тура және қоржындық. *Тура инвестициялар дегеніміз* – шетелдік капиталды оның иесінің өз тәуекелділігімен пайда алу үшін басқа елдің экономикасына жұмсауы.

*Қоржындық инвестициялар* – қаражаттарды жалған капиталға – басқа елдің заңды және жеке тұлғаларды шығаратын бағалы қағаздарға жұмсау.

Халықаралық несиенің қысқа және ұзақ мерзімді екі түрі болады.

1. Халықаралық несие нарығының жекелеген сфераларындағы қарыздық капитал қозғалысының заңдылықтары пайызға ықпал етеді. Нисиенің мерзімімен сипатына қарай, пайызға «өзгермелі» бағам режимі жағдайындағы валюталық ресурстардың өзгерісі де әсер етеді. Осының барлығы халықаралық несиенің әртүрлі формалары мен түрлеріне байланысты пайыз мөлшерлемесінің күрделі және ауқымды жүйесін жасайды. Пайыз мөлшерлемесінің бірнеше процестермен анықталатын икемділігі күшейеді. Қарыздық пайыздың өзінше қозғалысы халықаралық несие нарықтарында анық байқалады. Қысқа мерзімді несиелер бойынша пайыз мөлшерлемесі өзінің икемділігіне қарай ажыратылады. Олардың икемділігі ұзақ мерзімді және орта мерзімді мөлшерлемелерге қарағанда біршама есепті бейнеленген. Өрлеу барысында пайыз мөлшерлемесінің жалпы артуы байқалса, ал қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мөлшерлемер арасындағы алшақтық азаяды. Дағдарыс жағдайында қысқа мерзімді мөлшерлемелер ұзақ мерзімдіден асып түседі, ол әрине, өтімді ресурстарға деген сұраныстың бірден өсуімен байланысты болып келеді.

2. Коммерциялық несие нарығына қарағанда, халықаралық қаржы нарығындағы пайыз мөлшерлемесінің қозғалысына сұраныс пен ұсыныс деңгейі көбірек әсер етеді. Қазіргі кезде орта және ұзақ мерзімді несиелерге деген сұраныстың өсуі байқалуда, сондықтан олар бойынша пайыз мөлшері де біршама жоғары қарай өсуде. Мұнда мемлекеттік институттар басты қарыз алушылар ретінде болады. Бұл әрине, әлемнің артта қалған елдерінің дамуына қажетті шығындардың өсуімен, сыртқы қарыз мәселелерінің өріс алуымен байланысты. Енді осы несиелердің ұсынысына келетін болсақ, онда бұл жерде оған деген, яғни халықаралық нарықтағы қарыздық капиталдардың қайта жинақталуымен анықталған ұсыныстың өсуі үнемі байқалуда.

Дегенменде, халықаралық несиелердің негізгі бөлігін әдеттегідей қысқа мерзімді мәмілелер құрайды. Мысалы, 1 жылға дейінгі несие шартында нақты ақшамен төлеу, жалпы дүниежүзілік экспорттың 9/10 бөлігінде жүзеге асырылады, Еуронарықтарында да сондай қысқа мерзімді несиелердің үлесі басым.

## Тақырып 14. Лизинг


1. Өндірісті қаржыландырудың капиталды үнемдейтін әдісі ретінде лизингтің экономикалық мағынасы және маңызды ерекшелігі
2. Қаржыландыру әдісін таңдау
3. Лизингтік төлемді есептеу әдісі
4. Отандық лизинг нарығы және оның қалыптасу мәселелері

«Лизинг» ағылшын тілінен аударғанда *жалға беру* деген ұғымды білдіреді. Лизингтік операция деп ұзақ мерзімді пайдаланылатын заттарды (ғимарат, машина, ұшақ, автомобиль, компьютер) жалға беруді айтады.

Лизинг бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, ол негізгі қорларға ақша жұмсау, яғни қаржыландыру формасы. Лизинг алушының өз қаражаттарын бір уақыттық жұмылдырусыз немесе тартылған қаражатсыз өзіне керекті мүлікті пайдалануға болады. Ол мүліктің құнын бір жолғы төлеуден босатылады. Екінші, бұл өндірісті жаңа құрал-жабдықпен, алдыңғы техникамен материалды – техникалық қамтамасыз етудің анағұрлым прогрессивті формасы.

Лизингті мәміледе 3 қатысушы болады. Олардың өзара қатынастары мәмілемен реттеледі: бірінші қатысушы – мүлік иесі (лизинг беруші), екінші – мүлікті пайдаланушы (лизинг алушы), үшінші – мүлікті сатушы. Олардың өзара қатынасы келесідей түрде қалыптасады: болашақ лизинг алушы ақша қаражаттары бар болашақ лизинг берушіні мәмілеге қатысуын сұрайды, ол лизинг алушыға керекті мүлікті сатып алып, одан кейін оны лизинг алушыға төлемді шартымен жалға береді. Коммерциялық банктер бұл жерде мүлік иесі ретінде болады, яғни олар мүлікті өз меншігіне алады және лизинг алушыға (оған қаржылық қызмет көрсете отырып) береді. Шын мәнінде олар осы мүліктің несиесін береді, сөйтіп несиелік қатынастар пайда болады. Мұндай несиелеудің барлық принципі бар: *мерзімділік, қайтарымдылық, төлемділік* (ақылық). Мерзімі біткенде лизинг алушы мүлікті иесіне қайтарып береді, қызметті төлейді, яғни жалақысын төлейді. Формасы бойынша бұл ақшалы несие емес, бұл өндірістік, негізгі қорларға тауарлық несие.

Ақша  
қаражаттарының  
қалдығы



Сурет 6 – Есеп айырысу шотындағы қаражат қалдықтарының өзгеру графигі (Баумоль үлгісі)

Лизинг түрлері әр түрлі:

1. *Жедел лизинг* анағұрлым қысқа мерзімге беріледі. Оның объектісі болып моральдік төзу қарқыны өте жоғары машиналар мен құрал – жабдықтар табылады.

2. *Қаржылық лизинг* анағұрлым ұзақ мерзімге беріледі. Ол мерзім машиналар мен құрал – жабдықтар амортизациялық тозу мерзімімен сәйкес келеді. Бұл жерде мәміле аяқталмай, күшін тоқтата алмайды. Онда мүлікті лизинг алушымен сатып алыну мүмкіндігі көрсетілген.

3. *Қалдық құны бойынша лизинг* пайдалануда болған құрал – жабдықтарды жалға беру. Сондықтан лизинг объектісі бастапқы құнымен емес, қалдық құны бойынша бағаланады.

Лизингтік бизнестің дамуы үшін, лизингке беретін арнайы лизингтік компаниялар құралады және сатып алу үшін берілетін банктік несиелер жатады.

## Тақырып 15. Ипотекалық несие

1. Ипотекалық экономикалық және заңдылық аспектілер
2. Ипотекалық несиелердің түрлері
3. Ипотекалық несиелер бойынша есеп айырысу

**Ипотекалық несие** – ол жылжымайтын мүліктерді – жерді, өндірістік және тұрғын ғимараттарды, үйлерді, пәтерлерді кепілдікке алып ұзақ мерзімге берілетін ақшалы несие. Мүліктердің кепілдікке алынғаны туралы ипотекалық банк несие алушыға қарыздар куәлігін береді. Ипотекалық несиенің ақшалық қоры негізінен, банктер мен корпорациялардың ипотекалық облигациялар шығарып, сатудан түскен қаржыдан құралады.

Шаруашылық субъектілердің ипотекалық несиелер бойынша кепіл заты болып төмендегілер табылады:

1. кәсіпорындардың ғимараттары мен кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын басқа да мүліктер;

2. жер участкілері;

3. тұрғын үй объектілері;

4. әуе және теңіз кемелері;

5. ғарыштық объектілері.

Қазақстанда ипотеканың дамуы республика Президентінің 1995-жылғы 23-желтоқсандағы «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» заң күші бар Жарлығынан бастау алады. Үкіметтің осы бағыттағы жұмысының бірінші кезеңі 2000 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен ҚР-да тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық кредиттеу жүйесін дамыту тұжырымдамасын бекіту болды. Ипотекалық бизнестің Қазақстандағы қарқынды дамуының алғы шарты қаржы нарығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» акционерлік қоғамының («КИК» АҚ) болып табылады. Оны 2000 жылы ҚР Ұлттық банкі ҚР-дағы тұрғын үй құрылысына ұзақ мерзімді несие беру және ипотекалық несие беру жүйесін дамыту концепциясын жүзеге асыру мақсатында құрған. Тұрғын үй құрылысын дамытудың үкімет жасаған 2005 – 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2004- жылғы 11- маусымдағы ҚР Президентінің № 1388 Жарлығымен бекітілді. «КИК» АҚ осы мемлекеттік

бағдарламаның шеңберінде салынған және жүзеге асырылған қолайлы тұрғын үйге ипотекалық несие берудің әлеуметтік бағдарламасын жасады.

Халыққа ипотекалық несие беретін банктерді қайта қаржыландыруды екінші нарықтағы оператор атқаруы тиіс, ал мұндай оператордың ролін аталмыш компания орындайды. Ипотекалық кредиттеу жүйесінде қаржы көзі – инвесторлардың ақшасы болып табылады. Ол қор рыногында ипотекалық кредиттермен қамтамасыз етілген ипотекалық бағалы қағаздар шығару жолымен тартылады. Демек, бұл бағалы қағаздар бойынша сыйақы ставкасы ипотекалық кредиттер бойынша сыйақы ставкасын қалыптастырады. Өйткені, нарықта тауарды сату бағасы оның өзіндік құнынан төмен болмайтыны түсінікті. «КИК» АҚ құрылған күнінен бастап сыйақы ставкасы жылдық 18-19 %; ал несие беру мерзімі 10 жылға өзгерді.

Бүгінгі таңда несие беру мерзімі 20 жылға дейін ұзартылды, ал ставкалары жылдық 13,5 %, төмендеді. «КИК» АҚ-ның арнайы бағдарламасы 1-ші кезекті берілетін ипотекалық қарыздар бойынша төленетін сыйақы ставкаларын жылдық 10 % дейін кеміту алғашқы жарнаны үй құнынның 10 % дейін азайту және несие мерзімін 20 жылға ұзарту арқылы төлем қабілеті бар сұраныстан ынталандыруды қарастырған. Ипотекалық қарыздар құны арнайы бағдарлама бойынша орта есеппен 1 шаршы метрі үшін 350 долларға тең соммаға аспайтын қолайлы тұрғын үйді сатып алуға берілетін болады және бұл несиенің соммасы 5 миллион теңгеден аспауы тиіс.

Бүгінгі таңда «КИК» АҚ облигациялары көптеген институционалдық инвесторлардың жоғары ликвидті активі болып табылады. Ішкі қор нарығындағы осы облигацияларға деген жоғарғы сұраныстың себебі ипотекалық облигацияларда бір қатар артықшылықтар бар. Ондай артықшылықтардың бірі төменгі инвестициялық тәуекел. Бұған қоса «КИК» АҚ қаржы агенттігі болып табылады; сол арқылы ол шығарған облигацияларын агенттілік мәртебесі болады. Бұл олардың тартымдылығын арттырады. Себебі, ҚР Салық кодексіне сәйкес агенттілік облигациялардан түскен табысқа табыс салығы салынбайды.

## Курстық жұмыстардың тақырыптары:

1. Компаниядағы қаржы менеджментінің ұйымдық құрылымы.
2. Тәуекелдердің түрлері және қаржы менеджментінде тәуекелдерді басқару.
3. Тәуекел деңгейін бағалау және төмендету әдістері.
4. Қаржылық коэффициенттерді қолдану арқылы компанияның қаржы жағдайын талдау.
5. Компанияның инвестициялық тартымдылығын талдау және оның рейтингілік бағалауын анықтау.
6. Өңірдің инвестициялық тартымдылығын талдау және оның рейтингілік бағалауын анықтау.
7. Компания капиталының құрамы мен құрылымын оңтайландыру.
8. Капиталға жұмсалатын шығындар және оларды бағалау әдістері.
9. Капиталға жұмсалатын шығындардың элементтік есебі.
10. Қаржылық левиредж және оның қаржы менеджменттегі рөлі.
11. Қаржы тұтқасының нәтижесі (нақтылы мысалда).
12. Капиталды өсірудің негізгі әдістері.
13. Өндірістік релевериджді бағалау.
14. Компанияның қаржы тұрақтылығының босалқы қорын есептеу.
15. Өндірістік тұтқаның нәтижесі.
16. Компаниядағы дивидендтік саясатты басқару.
17. Қаржыландырудағы ұзақ мерзімді көздерін басқаруды жетілдіру.
18. Қаржыландырудың қысқа мерзімді көздерін басқаруды жетілдіру.
19. Қаржыландырудың қысқа мерзімді көздерін басқаруды жетілдіру.
20. Компанияның қызметін қаржыландыруда қаржылық лизингті пайдалану.
21. Компания активтерінің құрамын мен құрылымын

оңтайландыру.

22. Айналымнан тыс активтерді басқару саясаты.

23. Күрделі жұмсалымдардың бюджетін қалыптастыру.

24. Компанияның инвестициялық стратегиясын қалыптастыру.

25. Нақтылы мысалы негізінде нақтылы инвестициялық жобаларды бағалау.

26. Нақытылы мысал негізінде күрделі жұмсалымдардың жобаларды бағалау.

27. Нақытыл мысал негізінде күрделі инвестициялық жобаларды бағалау.

28. Нақытыл мысал негізінде күрделі жұмсалымдардың тиімділігін талдау.

29. Компанияның инвестициялық портфелін қалыптастыру тетігі.

30. Инновациялық инвестицияларды басқару ерекшеліктері.

31. Қор нарығының жекелеген құралдарының инвестициялық сапасына сипаттама.

32. Қаржылық инвестициялар портфелін қалыптастыру және бағалау.

33. Компаниядағы айналым қаражатының құрамы мен құрылымын оңтайландыру.

34. Компанияның ақша ағындарын басқару.

35. Компанияның ақша ағындарын оңтайландыру әдістері.

36. Ақша ағындарын жоспарлау.

37. Ішкі фирмалық қаржылық жоспарлау жүйесін талдау.

38. Компанияның қаржылық жағдайын болжау.

39. Дәрменсіз компанияны басқару ерекшеліктері.

40. Инфляция жағдайында компанияны басқару ерекшеліктері.

41. Корпоративтік облигациялар ҚР-да қаржыландыру көзі ретінде.

42. Базалық қаржы активтеріне баға белгілеу үлгілері: ҚР капитал рыногында қолдану шарттары.

43. Корпорацияның жүйелік тәуекелдігін талдаудағы қаржы талдамалық агенттігінің рөлі.

44. САРМ үлгісін эмпирикалық зерттеу.

45. Корпоративтік басқару, инвестициялық тәуекелдерді зерттеулер және практикалық тәжірибе.

## Глоссарий / берілген пән бойынша терминдер мен түсініктер:

**Ақша ағымының тұжырымдамасы (Концепция денежного потока)** - 1) ақша ағымының идентификациясын, оның ұзақтығы мен түрлерін; 2) оның элементтерінің көлемін анықтайтын факторларды бағалауды; 3) әртүрлі кезеңдердегі ағым элементтерін салыстыруға мүмкіндік беретін дисконттау коэффициентін таңдауды; 4) осы ағыммен байланысты тәуекелдерді бағалап, оларды есепке алу тәсілдерін қарастырады.

**Ақша жүйесі (Денежная система)** – тарихи қалыптасқан және мемлекет тарапынан заңды түрде тағайындалған ақша айналымының ұйымдастырылу үлгісі.

**Ақша массасы (Денежная масса)** – ағымдағы уақытта елде айналымда жүрген нақты және нақты емес төлем құралдарының жиынтығы.

**Ақша нарығының құралдары (Инструменты денежного рынка)** – несие тәуекелділігі төмен, тез өтімді және бір жылға дейін өтелуге тиіс инвестициялық бағалы қағаздар.

**Ақша мультипликаторы (Денежный мультипликатор)** – банк жүйесіне салымдардың бір ақшалай бірлігіне ұсыныстың неше есе артатынын немесе қысқартатынын көрсететін сандық коэффициент, яғни жаңа ақшалардың жалпы қорларға қатынасы.

**Ақшаға сұраныс (Спрос на деньги)** – шаруашылық жүргізуші агенттер сақтайтын ақша қаражаттарының көлемі немесе ақша қорларына деген сұраныс.

**Ақшаның түрлері (Виды денег)** – тауар, металл, қағаз, кредиттік ақшалар және электронды ақшалар.

**Аннуитет (Аннуитет)** – зейнет ақыны сақтандыруда келісілген мерзім аралығында толығымен немесе бөлшектеп құятын төлем түрі.

**Аннуляция (Аннуляция)** – арбитраждық соттың шешімі бойынша шарушылық жүргізуші субъектінің құқығын жоятынын хабарлау.

**Апаттық жағдайға байланысты қол хат (Аварийная расписка)** – жалпы апатқа байланысты тиесілі үлесін төлеудегі жүк алушының міндеті. Жүк иесі апаттық жағдайға байланысты қолхатта диспашаны құру үшін қажетті деректерді көрсетеді.

**Апаттық жарна (Аварийный взнос)** – өзара сақтандыру клубына кеме иесінің төлейтін төлемі. Апаттық жарнадан клуб арқылы қойған талаптарын төлеуге шығындалған сақтандыру қоры құрылады.

**Апат (Авария)** – көлік құралдарының тасымалдау процесінде фрахтаға немесе жүкке келтірілген шығындар мен залалдар.

**Арнайы провизиялар (Специальные провизии)** – бұл құны өзінің сатып алу құнынан екі есе төмен немесе қайтарылмай қалуы мүмкін нақты жіктелінген активтер бойынша шығындарды жабу үшін құрылған резервтік ақшалар.

**Балалық облигация (Детская облигация)** – номиналды құны 1000 АҚШ долларынан төмен облигациялар.

**Баламалы шығындар (Альтернативные затраты)** – басқа бір тауар өндірісін арттыру үшін жұмсалған өндірістік шығындардың құнымен есептелінетін және жүзеге аспаған ен тиімді мүмкіндіктің құнына негізделген тауар өндірісі мен қызмет көрсету шығындарының жиынтығы.

**Баламалы шығындар тұжырымдамасы (Концепция альтернативных затрат)** – сатып алушыларды несиелеу саясатының түрлі нұсқаларын таңдау, өндірістік қуаттарды пайдалану, капитал құюдың баламалы нұсқаларын бағалауға негізделген тұжырымдама.

**Банк активтері (Банковские активы)** – пайда табу мақсатында банктік ресурстарды әртүрлі активтер бойынша орналастырған қаражаттары.

**Банкноталарды қолдан жасау (Подделка банкнот)** – заңсыз пайда табу мақсатында банкноталардың түп нұсқасының бастапқы түрін өзгерту (жапсыру, сызу, сөзді немесе санды өзгерту және т.б.).

**Банкомат (Банкомат)** – банктік карточка көмегімен және ондағы сақталған қаражат көлемінде оның иесіне қолма-қол ақшаны алуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған құрылым.

**Банктік дағдарыс (Банковский кризис)** – экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде банк жүйесінің күйреуі.

**Банктік маркетинг (Банковский маркетинг)** – банктік қызметтер нарығына бағытталған банк қызметінің түрі, оларды басқару қызметі мен тұжырымдамасы, банк қызметтерінің ерекше ойлау философиясы.

**Банк менеджменті (Банковский менеджмент)** – алға қойылған мақсатқа жету немесе пайда табу мақсатында банк қызметін ұйымдастыруға бағытталған басқарушылық іс-әрекеттердің жүйесі.

**Банктік инвестиция (Банковские инвестиции)** – пайда табу мақсатында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активті операцияларының жиынтығы.

**Банктің брокерлік қызметі (Брокерские услуги банка)** – клиенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен бағалы қағаздармен операциялар жүргізу.

**Банктің дилерлік қызметі (Дилерские услуги банка)** – банктің өзінің атынан және өзінің есебінен бағалы қағаздармен сауда-саттық операцияларын жүзеге асыруы.

**Банктің инвестициялық саясаты (Инвестиционная политика банка)** – банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелілігін немесе пайдалылығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар қоржынын басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

**Банктің инвестициялық қоржыны (Инвестиционный портфель банка)** – банктердің пайда әкелетін бағалы қағаздарға салынған қаражаттарының жиынтығы.

**Валоризация (Валоризация)** – мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын шаралардың көмегімен тауарлардың бағаларын, бағалы қағаздардың бағамын көтеру.

**Валюта (Валюта)** - әрбір елдің ақша өлшемі (мысалы, қазақстандық теңге, АҚШ доллары) немесе халықаралық қаржы ұйымдары мен мемлекеттердің валюталық одақтарының есен айырысуында қолданылатын ұжымдық жасанды ақша өлшемі.

**Валюта бағамы (Валютный курс)** – басқа елдердің ақша бірліктерінде көрсетілген ұлттық валютаның ақша бірлігінің бағасы.

**Валюта басқыншылығы (Валютная интервенция)** – валюта нарығындағы операцияларда ұлттық немесе шетел валютасының бағам серпініне әсер ету мақсатында жеке елдердің орталық банктерінің немесе қазынашылықтарының араласуы.

**Валюта клирингі (Валютный клиринг)** – бұл халықаралық келісімдерге сәйкес өзара талаптар негізінде елдер арасындағы есеп айырысулар.

**Валюталық бақылау (Валютный контроль)** – валюталық операцияларды жүзеге асыру барысында валюта заңдарының орындалуын қамтамасыз ету.

**Герфиндаль индексі (Индекс Герфиндаля)** – нарықтық экономикасы дамыған елдерде саладағы бөлек кәсіпорын жағдайын сипаттайтын көрсеткіш.

**Гиперинфляция (Гиперинфляция)** – тауар бағасының шектен тыс шарықтауы, қолданыстағы ақшаның құнсыздануы, төлемдік жүйедегі ауытқулар нәтижесінде шаруашылық байланыстардың үзілуі.

**Грант (Грант)** – мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырылымдық және халықаралық сипатта болатын және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар - Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке адамдарға; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар - Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін өтеусіз негізде беретін мүлік.

**Грант-эквивалент (Грант-эквивалент)** – дамуға қажетті жәрдемің жеңілдік көрсеткіші. Жеңілдікті несие сомасы мен коммерциялық несие сомасының айырмашылық көрсеткішін құрайтын соманы несие беруші өтеусіз ұсынады.

**Граитор (Граитор)** – опцион сатушы тұлға. Бұл жағдайда сатып алушыға опцион бере отырып, опциондағы міндеттемелерді өз мойнына жүктейді.

**Демпинг (Демпинг)** – нарықта бәсекелестікті жою мақсатында тауарлардың бағасын жасанды түрде төмендету.

**Деноминация (Деноминация)** – ақша айналымын реттеу мақсатында мемлекеттік ақша бірлігін ірілеу.

**Денсаулық сақтауға деген ұлттық шығыстар (national health expenditures) (Национальные затраты на здравоохранение)** – күнтізбектік жылдағы денсаулық қорғау мақсатымен жұмсалған қоғамдық қаражаттардың абсолюттік және салыстырмалы көлемі. Сонымен қатар, оған: клиенттердің нақты

төлемі, жеке және мемлекеттік сақтандыру бағдарламаларына салымдары және т.б. кіреді.

**Дерегуляция (deregulation) (Дерегуляция)** – экономикаға немесе әлеуметтік салаға мемлекеттік бақылауды азайтуға бағытталған әкімшілік стратегия.

**Дено (Дено)** – қайта сақтандырушы өзінің міндеттемелерін орындау кепілдігі ретінде қайта сақтандыру барысында ұсталынып қалатын сыйақы бөлігі.

**Депозит (Депозит)** – клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

**Депозитарлық сақтаушы (Депозитарный хранитель)** – меншік құқының өтуінсіз, мерзімдік талап еткенге дейінгі қаражаттарды сақтайтын тұлға.

**Депозитарлық қолхат (Депозитарная расписка)** – депозитар-банкте сақталатын, шетел компанияларының акцияларына шығарылған туынды бағалы қағаз.

**Еркін аймақ (Свободная зона)** – елдің кеден аумағынан шетел тауарларының еркін және баж төлемдерінсіз әкелінуі үшін бөлінген ірі теңіз портының, теміржол желісі мен әуежайлардың ерекше аумағы.

**Еркін айырбасталатын валюта (Свободно конвертируемая валюта)** – операциялардың барлық түрлері бойынша жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарының басқа барлық ұлттық валюталар мен халықаралық төлем құралдарына еркін, ешқандай шектеусіз ауыстыра алатын ақша бірліктері.

**Ерікті сақтандыру (Добровольное страхование)** – сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы ерікті келісімге негізделген сақтандырудың түрі. Ерікті сақтандыру шарты белгілі бір мерзімге жасалады және сақтандыру төлемдерінің толық көлемде (немесе бөлшектеп) төленгенінен кейін ғана күшіне енеді.

**Есеп-айырысу кассалық бөлім (Расчетно-кассовое отделение)** – ҚР аумағында банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтын филиал немесе заңды тұлға ретінде өкілеттік мәртебесі жоқ ҚР Ұлттық Банкінің келісімі негізінде құрылатын банктің аумақтық бөлімшесі.

**Есеп саясаты (Учетная политика)** – нақты бір кәсіпорынның мүлік шығындарын есептеу, қорлары мен резервтерін құру тәсілдерін түсіндіретін құжат.

**Жеңілдіктер (Льготы)** – әлеуметтік, экономикалық көмек көрсету мақсатымен немесе қандай да болсын саланы, қызметті дамыту үшін жағдай жасау мақсатымен кейбір жеке және заңды тұлғаларға берілетін артықшылық, қосымша құқықтар.

**Жинақ кассасы (Сберегательная касса)** – жинақ салымдары түрінде халықтың ақшалай қаражаттарын тартатын және оларға пайыз төлейтін несиелік мекеме.

**Жинақ сертификаты (Сберегательный сертификат)** – жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

**Жинақталған сұраныс (AD) (Совокупный спрос)** – тұтынушылардың төлем қабілеттілігімен және қалыптасқан баға деңгейімен шектелетін нарықтағы тауарлар мен қызмет түрлеріне деген жалпы сұраныстың көлемі.

**Жинақталған ұсыныс (AS) (Совокупное предложение)** – әрбір мүмкін баға деңгейінде өндіріле алатын ұлттық өндірістің нақты көлемі.

**Жинақтау қоры (Фонд накопления)** – өндірісті дамыту үшін қолданылатын ақша қорлары. Бұл қаражаттарды пайдалану жағдайы кәсіпорын мүлігін ұлғайтуға және пайда табу мақсатындағы қаржылық жұмсалуларға байланысты.

Макроэкономикалық деңгейде - өндірісті ұлғайтуға бағытталатын ұлттық табыстың бөлігі.

**Жоғары ликвидті айналым активтері (Высоколиквидные оборотные активы)** – шоттардағы бос ақшалар мен қысқа мерзімді қаржы жұмсалымдары.

**Зейнетақы (Пенсионные выплаты)** – азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, жарымжан болып қалғанда, асыраушысынан айырылғанда, сондай-ақ еңбек өтілі толғанда және мемлекет алдында сіңірген айрықша еңбектері үшін жүзеге асырылатын тұрақты ақшалай төлемдер.

**Зейнетақы қоры (Пенсионный фонд)** – қорға қатысушылардың зейнетақы жасына жеткен кезде оларға зейнетақы төлеу мақсатында құрылатын қаржы институттары.

**Зияткерлік меншік (Интеллектуальная собственность)** – шығармашылық қызмет (әдеби, көркем, ғылыми шығарма, артистердің орындаушылық қызметі, дыбыс жазба, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері) өнімдерін коммерциялық мақсатта

**Инвестициялық және инновациялық банктер (Инвестиционные и инновационные банки)** – түрлі салаларды, кәсіпорындарды, фирмаларды қаржыландыруға және ұзақ мерзімді несиелендіруге мамандандырылған банктер. Банк инвестициялық капиталды негізінен облигациялар мен басқа да бағалы қағаздар шығару жолымен тартады.

**Инвестициялық компания (Инвестиционная компания)** – аталмыш қордың құрылтайшысы немесе акционері болып табылатын, бір немесе бірнеше заңды және жеке тұлғалардың қаражаттарын тарта алатын жабық инвестициялық қор.

**Инвестициялық саясат (Инвестиционная политика)** – инвестиция құрылымы мен ауқымын белгілеуде, оларды пайдалану бағытын, тарту көздерін анықтау ретінде мемлекет тарапынан жүргізілетін саясаттың құрамдас бөлігі.

**Инвестициялық табыс (Инвестиционный доход)** – қаржылық активтерге, бағалы қағаздарға салынған қаржы есебінен түскен табыс.

**Инвестор (Инвестор):**

- 1) инвестициялауды (күрделі қаржы жұмсауды) жүзеге асырушы заңды немесе жеке тұлға;
- 2) құнды қағаздарды сатып алушы.

**Инвойс (Инвойс)** – түсірілген тауарларға, коносаментке, сақтық полиске немесе сақтандыру туралы куәлікке сатушының сатып алушыға беретін шот-фактура.

**Индекс (Индекс)** – белгілі бір көрсеткіштің ағымдық мөлшерінің базистік мөлшеріне қатынасы. Пайыздар өлшемінде берілетін статистикалық көрсеткіш.

**Кастодиан (Кастодиан)** – клиенттің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздарын сенімгерлік сақтауға қабылдайтын банк немесе қаржы агенті. Сақтаушының қызметінде клиенттің құндылықтарымен сауда-саттық операцияларын жүргізу қарастырылмайды.

**Каско (Каско)** – тасымалданатын көлік құралдарын сақтандырудағы қолданылатын термин.

**Кассалық мәміле (Кассовое соглашение)** – мәміле жасаған күні немесе бір аптадан аспайтын мерзім ішінде бағалы қағаздар төленетін және сатып алушыға берілетін өзіндік ерекшелігі бар қор биржаларындағы бағалы қағаздармен жасалатын операция.

**Кассалық операциялар (Кассовые операции)** – қолма-қол ақшаларды қабылдау, беру және қайта санаумен байланысты банктердің, кәсіпорындардың және фирмалардың операциялары.

**Қазақстан Республикасындағы бюджеттердің түрлері мен деңгейлері (Виды и уровни бюджетов в Республике Казахстан)** – Қазақстан Республикасында мынадай деңгейде бюджеттер бекітіліп атқарылады және дербес болып табылады: республикалық бюджет;

облыстық бюджет; республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті; аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.

**Қайтарымды лизинг (Возвратный лизинг)** – мүлікті пайдаланушы оны лизингтік компанияға сата отырып, бір мезгілде компаниямен осы мүлікке лизингтік келісім-шарт түзетін қаржылық лизингтің бір түрі.

**Қайта сақтандыру комиссиясы (Комиссия по перестрахованию)** – қайта сақтандыруға объектілерді алатын сақтандыру ұйымының комиссиясы.

**Қайырымдылық көмек (Благотворительная помощь)** – жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатымен және коммерциялық емес ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатымен өтеусіз негізде берілетін мүлік.

**Қаржы (Финансы)** – Жалпы Ұлттық Өнімді бөлу және қайта бөлу негізінде ақша қаражаттары қорларын құрумен және пайдаланумен байланысты қоғамда қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесі.

**Қаржы жоспары (Финансовый план)** – қаржылық мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерін сипаттайтын құжат.

**Қаржылық стратегия (Финансовая стратегия)** – ұзақ мерзімді уақыт аралығындағы қаржылық белсенділіктің бөлшектенген үлгісі.

**Либор (Либор)** – пайыздың орташа мөлшерлемесі. Лондон банктері бұл мөлшерлеме бойынша несиені еуровалюта нарығындағы жоғары санаттағы банктерге береді.

**Лизинг (Лизинг)** – уақытша бос немесе тартылған қаржы құралдарын инвестициялауға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің түрі. Қаржылық жалға алу (лизинг) келісім-шарты бойынша жалға беруші белгілі бір сатушыдан келісілген мүлікті меншігіне сатып ала отырып, аталмыш мүлікті кәсіпкерлік мақсатта жалға алушыға ақылы негізде уақытша пайдалануға беруге міндеттенеді.

**Лизингтік мәміле (Лизинговый договор)** – лизингке беруші, лизинг алушы және лизинг затын жеткізуші (сатушы) арасындағы келісім-шартты жүзеге асыруға қажетті келісім-шарттар жиынтығы.

**Лимитед, ЛТД (Лимитед)** – компанияның міндеттемелері бойынша шектеулі жауапкершілігін білдіреді.

**Листинг (Листинг)** – бағалы қағаздарды қор биржасындағы ресми сауда-саттыққа жіберудің, оны қор биржасының баға белгілеу парағына қосудың рәсімі. Листинг қор биржасын ұйымдастырудың негізгі элементі, қор биржасы оның көмегімен сапасыз және сенімсіз бағалы қағаздарды саудаға жібермеуге күш салады.

**Лицензия (Лицензия)** – белгілі бір іс-қимылдарды жүзеге асыру немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу үшін азаматтар мен заңды тұлғаларға уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан берілетін рұқсат.

**Мажоритарлық құрылтайшы (Мажоритарный акционер)** – акциялардың бақылау пакетінің иеленушісі болып табылатын негізгі құрылтайшы.

**Макроэкономика (Макроэкономика)** – жалпыланған біріктірілген параметрлерді пайдалана отырып, экономиканы бүтіндей зерттейтін экономикалық ілімнің бөлігі.

**Макроэкономикалық теңдік (Макроэкономическое равновесие)** – қызмет түрлері мен тауарлар құрауға жарамды шектеулі өндірістік ресурстарды пайдалану мен оларды әртүрлі қоғам мүшелері арасында бөлу теңдестірілген ұлттық экономиканың жағдайы.

**Мамандандырылған банктер (Специализированные банки)** – бұл бір немесе бірнеше банк қызметтерін орындайтын, сонымен қатар өз қызметін белгілі бір экономика сферасында жүзеге асыратын кредит мекемесі.

облыстық бюджет; республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті; аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.

**Қайтарымды лизинг (Возвратный лизинг)** – мүлікті пайдаланушы оны лизингтік компанияға сата отырып, бір мезгілде компаниямен осы мүлікке лизингтік келісім-шарт түзетін қаржылық лизингтің бір түрі.

**Қайта сақтандыру комиссиясы (Комиссия по перестрахованию)** – қайта сақтандыруға объектілерді алатын сақтандыру ұйымының комиссиясы.

**Қайырымдылық көмек (Благотворительная помощь)** – жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатымен және коммерциялық емес ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатымен өтеусіз негізде берілетін мүлік.

**Қаржы (Финансы)** – Жалпы Ұлттық Өнімді бөлу және қайта бөлу негізінде ақша қаражаттары қорларын құрумен және пайдаланумен байланысты қоғамда қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесі.

**Қаржы жоспары (Финансовый план)** – қаржылық мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерін сипаттайтын құжат.

**Қаржылық стратегия (Финансовая стратегия)** – ұзақ мерзімді уақыт аралығындағы қаржылық белсенділіктің бөлшектенген үлгісі.

**Либор (Либор)** – пайыздың орташа мөлшерлемесі. Лондон банктері бұл мөлшерлеме бойынша несиені еуровалюта нарығындағы жоғары санаттағы банктерге береді.

**Лизинг (Лизинг)** – уақытша бос немесе тартылған қаржы құралдарын инвестициялауға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің түрі. Қаржылық жалға алу (лизинг) келісім-шарты бойынша жалға беруші белгілі бір сатушыдан келісілген мүлікті меншігіне сатып ала отырып, аталмыш мүлікті кәсіпкерлік мақсатта жалға алушыға ақылы негізде уақытша пайдалануға беруге міндеттенеді.

**Лизингтік мәміле (Лизинговый договор)** – лизингке беруші, лизинг алушы және лизинг затын жеткізуші (сатушы) арасындағы келісім-шартты жүзеге асыруға қажетті келісім-шарттар жиынтығы.

**Лимитед, ЛТД (Лимитед)** – компанияның міндеттемелері бойынша шектеулі жауапкершілігін білдіреді.

**Листинг (Листинг)** – бағалы қағаздарды қор биржасындағы ресми сауда-саттыққа жіберудің, оны қор биржасының баға белгілеу парағына қосудың рәсімі. Листинг қор биржасын ұйымдастырудың негізгі элементі, қор биржасы оның көмегімен сапасыз және сенімсіз бағалы қағаздарды саудаға жібермеуге күш салады.

**Лицензия (Лицензия)** – белгілі бір іс-қимылдарды жүзеге асыру немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу үшін азаматтар мен заңды тұлғаларға уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан берілетін рұқсат.

**Мажоритарлық құрылтайшы (Мажоритарный акционер)** – акциялардың бақылау пакетінің иеленушісі болып табылатын негізгі құрылтайшы.

**Макроэкономика (Макроэкономика)** – жалпыланған біріктірілген параметрлерді пайдалана отырып, экономиканы бүтіндей зерттейтін экономикалық ілімнің бөлігі.

**Макроэкономикалық теңдік (Макроэкономическое равновесие)** – қызмет түрлері мен тауарлар құрауға жарамды шектеулі өндірістік ресурстарды пайдалану мен оларды әртүрлі қоғам мүшелері арасында бөлу теңдестірілген ұлттық экономиканың жағдайы.

**Мамандандырылған банктер (Специализированные банки)** – бұл бір немесе бірнеше банк қызметтерін орындайтын, сонымен қатар өз қызметін белгілі бір экономика сферасында жүзеге асыратын кредит мекемесі.

**Маржа (Маржа)** – бағамдар, пайыздар арасындағы, сондай-ақ банктің берген несие сомасы мен несиені қамтамасыз ету сомасының арасындағы айырма.

**Маржиналды табыс (Маржинальный доход, валовая маржа)** – жалпы түсім мен жалпы өзгермелі шығындардың айырмасы.

**Маусымдық жұмыссыздық (Сезонная безработица)** – жыл мезгіліне тәуелді салалардағы өндіріс көлеміндегі ауытқулармен байланысты пайда болатын жұмыссыздықтың түрі.

**Негізгі қорлар (Основные фонды)** - ғимараттар, құрылыстар (кәсіпорын территориясының айналасындағы қоршау, көпірлер, мұнай бұрғысы және т.б.), жұмыс (технологиялық құрал-жабдықтар, машиналар) және күш-қуат (әртүрлі двигательдер, бу қазандары, турбиналар) құрал-жабдықтары мен машиналар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптар мен құрылғылар, есептеу техникасы, транспорттық құралдар, инструменттер, малдар, көпжылдық өсімдіктер және тағы басқа негізгі құралдар жатады. Негізгі өндірістік қорлар құрамына кәсіпорынның жеке меншігіндегі жер учаскелері, табиғатты пайдалану нысандары (су, жер қойнаулары және басқа да табиғи ресурстар) кіреді.

**Негізгі капитал (Основной капитал)** – негізгі құралдар, материалды емес активтер мен ұзақ мерзімді қаржы жұмсалымдары.

**Негізгі өндірістік қорлардың моральдық тозуы (Моральный износ основных производственных фондов)** – ғылыми-техникалық прогрестің әсерімен негізгі өндірістік қорлардың тұтыну құнының кемуі.

**Негізгі өндірістік қорлардың бастапқы (баланстық) құны (Первоначальная (балансовая) стоимость основных производственных фондов)** – негізгі құралдарды сатып алумен байланысты барлық шығындардың нақты жиынтығы.

**Негізгі қорлардың қызмет атқаруының нормативті мерзімі (жыл) (Нормативный срок службы основных фондов) (лет)** – құрал-жабдықтардың техникалық-экономикалық сипаттамаларымен айқындалатын негізгі қорлардың қызмет етуі мүмкін кезең.

**Несие (Кредит)** – пайыз төлеу, мерзімді және қайтарымдылық шарттарында берілетін ақшалай немесе тауарлы үлгідегі берешек.

**Овердрафт (Овердрафт)** – клиенттің есеп айырысу, ағымдық және корреспонденттік шоттағы қаражат қалдығынан төлейтін төлемдер сомасы жоғары болған жағдайда банктің клиентке беретін қысқа мерзімді несиесінің ерекше нысаны. Мұндай жағдайда клиенттің шотынан қаражатты толық көлемде шегеріп тастап, банк шоттағы қалдықтан асатын сомада клиентке автоматты түрде несие береді.

**Овернайт (Овернайт)** – ағымдағы банктік күннен келесі күнге дейінгі мерзімге жасалатын несиелік мәміле. Овернайт несиесін ҚР Ұлттық банкі екінші деңгейлі банктерге береді.

**«Он-лайн» режимі (Режим «Он-лайн»)** – банктік картаны шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысы арқылы, сондай-ақ магнитті штрихті картаның көмегімен жасалатын операция.

**Оферта (Оферта)** – қайта сақтандырушыға тәуекелдігін беру туралы қайта сақтандырушының ұсынысы, барлық қажетті шарттарын көрсетумен келісім шарт жасасу.

**«Офф-лайн» режимі (Режим «Офф-лайн»)** – банктік картаны шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысын қажет етпейтін, яғни чипті (микросхемалы) картаның көмегімен жасалатын операция.

**Өзгермелі шығындар (шартты-өзгермелі) (Переменные затраты (условно-переменные))** - өнімді өндіру және сату көлеміне тікелей тәуелді кәсіпорынның шығындары. Оларға жататындар: материалдар, жанар-жағармай, электр қуаты

шығындары; өнім көлеміне байланысты төленетін қызметкерлердің жалақысы; агенттерге комиссиялық төлемдер және т.б.

**Өндіріс құралдары (Средства производства)** – еңбек құралдары (ғимараттар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары) мен еңбек заттары (шикізат, материалдар, жанар-жағар май, электр қуаты, аяқталмаған құрылыс, жартылай фабрикаттар және т.б.).

**Өндірістік левридж (Производственный левридж)** – таза пайданың өзгерісі мен сату көлемі өзгерісі арасындағы өзара байланыс.

**Өнімділік (Производительность)** – белгілі бір уақыт аралығында өндірілген өнім мөлшерін сипаттайтын көрсеткіш.

**Өнімнің еңбек сыйымдылығы (Трудоемкость продукции)** – өнімнің бірлігін шығаруға жұмсалатын еңбек мөлшерін анықтайтын көрсеткіш.

**Өнімнің капитал сыйымдылығы (Капиталоемкость продукции)** – күрделі жұмсалымдардың жалпы көлемінің өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталатын көрсеткіш.

**«Паблик рилейнз» («Паблик-рилейнз»)** – қоғаммен байланыстар, тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілер жайында тек тапсырыс берушілердің арасында ғана емес, бұқаралық-ақпарат құралдарының, түрлі қоғамдық ұйымдардың, сайлау мекемелерінің арасында да қолайлы жағдай тудырып, пікір қалыптастыру.

**Пагамент (Пагамент)** – қолма-қол ақшалай төлем.

**Пайда (Прибыль)** – кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде түсімдердің шығындардан артық екендігін көрсететін экономикалық категория. Пайда баланстық, жалпы және таза болып жіктеледі.

**Пайм-рейт (Пайм-рейт)** – ең сенімді, қаржылық жағдайы тұрақты, бірінші санатты ірі қарыз алушыларды несиелеуге арналған банктің белгілейтін ең төменгі базалық мөлшерлемесі.

**Пайыз (Процент)** – несиелік ақшалар мен материалдық құндылықтарды пайдаланғаны үшін несие берушінің борышкерлерден алатын ақысы. Несиенің мөлшеріне, сипатына және мерзіміне байланысты тағайындалады.

**Пайыз мөлшерлемесі (Процентная ставка)** – несие үшін төленетін пайыз мөлшері. Пайыз мөлшерлемесіне несие берушінің пайдасы тікелей байланысты болады. Инфляция жағдайында пайыз мөлшерлемесі өседі, себебі оның құрамына толық және жартылай күтілетін инфляция деңгейі кіреді.

**Резиденттер (Резиденты)** – Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты мекен-жайы бар, оның ішінде уақытша шетелдегі немесе Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары мемлекеттік қызметтегі жеке тұлғалар; Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалар.

**Рейдер (Рейдер)** – басқа фирманы жұтып қоюға ұмтылатын фирма.

**Релевантты кезең (Релевантный период)** – тікелей шығындар өзгеріссіз қалатын өндірістік процестегі уақыт аралығы.

**Рента (табыс әкелу) (Рента)** – жерді, мүлікті, мәміледен түскен капиталды меншіктенуші алатын, иеленушіден қосымша шығын мен күш – жігерді талап етпейтін табыс. Жерді пайдалануға беруден алынған табыс. Жерді пайдалануға беруден алынған табыс – жер рентасы, берілген табыстан алынған табыс – капиталдан алынған пайыздар, т.б. Мүлікті меншіктенуші бұл ретте ранта деп аталады.

**Рентабельділік (Рентабельность)** – пайданың шығындарға қатынасы ретінде анықталатын кәсіпорынның экономикалық тиімділігінің көрсеткіші.

**Рентабельділік табалдырығы (Порог рентабельности)** – пайданың нольге тең болатын сату көлемінің ең төменгі деңгейі.

**Салық режимі (Налоговый режим)** – салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы.

**Салық төлеушінің электрондық құжаты (Электронный документ налогоплательщика)** – белгіленген электрондық үлгіде жасалған, шифрленген және электрондық қолтаңбамен куәландандырылған заңды күші бар құжат.

**Салық төлеуші (Налогоплательщик)** – салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға.

**Салықтың түрлері (Виды налогов)** – бүгінгі таңда салықтың 13 түрі қолданыс табуда: корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, қосылған құн салығы, акциздер (экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы), жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдері, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік салығы, мүлік салығы, ойын бизнесіне салынатын салық.

**Салық агенті (Налоговый агент)** – салық Кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер.

**Салық режимі (Налоговый режим)** - салық Кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы

## Әдебиеттер:

### Негізгі әдебиеттер:

1. Дүйсенбаев К.Ш, Төлгенов Э.Е, Жұмағалиева Ж.Г Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау Алматы: Экономика, 2001 ж
2. Ковалов В.В, Практикум по анализу и финансовому менеджменту 2006 ж – 448 бет
3. Мельников В.Д, Ильясов К.К Қаржы – Алматы: Қаржы – қаражат, 2005 ж -472 бет
4. Мескон М.Х, Альберт М, Хедоури Ф Основы менеджмента 1998 ж -800 бет
5. Павлова Л.П Финансовый менеджмент,1993 ж - 160 бет
6. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. Москва: ЗАО «Олимп-Бизнес, 2004.- 1087 с.(ч/з ИнЕУ)
7. Бригхем Ю., Гапенски Л. Финансовый менеджмент: Полный курс: в 2-х т. Пер. с англ. - СПб.: Экономическая школа, 1998,2004.-1166с.
8. Сапарова ,Финансовый менеджмент: Учебник.- Алматы: Экономика, 2008.-1340с.
9. Полетаева Н.К. Финансовый менеджмент: Конспект лекций, электронная версия. Павлодар.: ИнЕУ, 2008г.
10. Ван Хорн Дж. Основы управления финансами: Пер. с англ.- М.: Финансы и статистика, 1996. (хранилище и ч/з ИнЕУ)
11. Ван Хорн Дж. Основы финансового менеджмента, Пер. с англ.- М.: ООО «И.Д. Вильямс», 2007.-1232 с.
12. Р.Пайк, Б.Нил. Корпоративные финансы и инвестирование. 4-е изд./Пер.с англ.- СПб:Питер,2006.-784с. (ч/з ИнЕУ)
13. Ковалев В.В. Введение в финансовый менеджмент. М.: Финансы и статистика. 1999.-768с. (хранилище и ч/з ИнЕУ)
14. Бочаров В.В., Леонтьев В.Е. Корпоративные финансы: Учеб. пособие для вузов.-СПб.: Питер, 2004.-592с (ч/з, абонимент ИнЕУ)
15. Ченг Ф.Ли, Джон Ф. Финетти. Финансы корпораций: Теория, методы и практика: Пер. с англ.-М.: ИНФРА- М, 2000.- 686с.

16. Бланк И.А. Финансовый менеджмент: Учебный курс.- Киев: Ника-Центр, Эльга, 2002.-528с. (ч/з ИнЕУ)
17. Шарп У., Александер г., Бейли Дж. ИНВЕСТИЦИИ: Пер. с англ. – М.:ИНФРА-М, 1999.-1028 с. (ч/з ИнЕУ)
18. Шим Дж.К, Сигел Дж.Г. Финансовый менеджмент. - М., Филинь, 1996.-395с.
19. Финансовый менеджмент: теория и практика. Учебник/под.ред.Е.С. Стояновой. - М: изд-во Перспектива, 1996. - 405(хранилище и ч/з ИнЕУ)
20. Павлова Л.Н. Финансовый менеджмент. М.: ЮНИТИ. 2001. (хранилище и ч/з ИнЕУ)
21. С. Росс и др. Основы корпоративных финансов. Пер. с англ.-М: Лаборатория Базовых Знаний, 2001.- 720с.
22. Полетаева Н.К. Дробышева Н.Ю. Практикум по курсу «Финансовый менеджмент», ИнЕУ, 2006г.
23. Методические указания к выполнению курсового проекта по "Финансовому менеджменту" для студентов специальности "Финансы и кредит". - Полетаева Н.К.: ИнЕУ, 2006 г.
24. Методические указания к выполнению контрольной работы по "Финансовому менеджменту" для студентов специальности "Финансы и кредит". - Полетаева Н.К.: ИнЕУ, 2006г.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. ҚР Конституциясы.
2. ҚР бюджет Кодексі.
3. ҚР Салық кодексі.
4. Лебедев В.А. Финансовое право. Т-1.Выпуск 1 С-Петербург., 2009г.
5. Львов Д. Курс финансового права. Казань., 2008г.

**Қалықұлов Қуатбек Мұқтарбекұлы,  
Әзіретбергенова Гүлмира Жарылхасынқызы**

## **ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІ**

*жоғары оқу орындарының "қаржы" мамандығы  
бойынша оқитын студенттеріне арналған*

**Оқу құралы**

**2 басылым**

Басуға 18.05.2017 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»  
Көлемі 6,5 шартты баспа табақ. Таралымы 200 дана. «Әлем» баспасы.  
Тапсырыс №1805. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, №7

+7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;